

Гүлдархан Смағұлова

**ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ СЕМАНТИКАЛЫҚ
КАТЕГОРИЯЛАРЫ**

(Толықтырылып, өңделген екінші басылым)

**Алматы
«Қазақ университеті»
2017**

ӘОЖ 80/81 (075.8)

КБЖ 81.2-3

С 52

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
филология және әлем тілдері факультетінің Ғылыми кеңесі және
Редакциялық-баспа кеңесі шешімімен ұсынылған
(№ 2 хаттама 29 желтоқсан 2016 жыл)*

Пікір жазғандар:

филология ғылымдарының докторы, профессор **Әлкебаева Д.А**
филология ғылымдарының докторы, профессор **Тымболова А.О.**

Смағұлова Г.Н.

С 52 Фразеологизмдердің семантикалық категориялары:
оқу құралы. Өңд., толықт. 2 - бас. / Г.Н. Смағұлова. – Алматы:
Қазақ университеті, 2017. – 178 б.
ISBN 978-601-04-2298-8

Оқу құралы филология факультетінің студенттеріне электив курс ретінде ұсынылып отыр. Кітапта фразеологизмдердің семантикалық категориялары: вариант фразеологизмдер, мағыналас фразеологизмдер, қарсы мәнді фразеологизмдер, полисемиялық және омоним фразеологизмдердің теориялық мәселелері жан-жақты сөз етіледі. Бакалавр филологтар фразеологиялық қорды практикалық тұрғыдан ғана меңгеріп қоймайды, тұтастай семантикалық категориялардың жасалу жолдары мен пайда болу себептерін де қоса меңгереді.

Кітап болашақ филологтар мен журналистерге, тіл білімі саласында ізденуші магистранттар мен докторанттарға арналған.

Автордың редакциясымен шығарылды.

ӘОЖ 80/81 (075.8)

КБЖ 81.2-3

ISBN 978-601-04-2298-8

© Смағұлова Г.Н., 2017
© Әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ, 2017

АЛҒЫ СӨЗ

Фразеология – тұрақты тіркестерді (кең мағынада) зерттейтін лингвистикалық пән. Сондай-ақ тілдердегі фразеологизмдерді қарастыратын тіл білімінің дербес саласы.

Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фонетикасы және қазақ тілінің диалектологиясы пәндерінен кейін оқытылатын танымдық ғылым саласы. Тілдік бірліктердің өзіне тән ерекшеліктері оның зерттеу нысаны мақсат, міндеттерімен тікелей байланысты. Қазақ ұлтының мәдени өмірінің ерекшеліктері ретінде фразеологизмдер менталдық бірліктер деп аталады. Өйткені ұлт мәдениетін танытудағы рөлі айырықша назар аудартып, ерекше бағаланады. Бұл ұлт тіршілігінен және ұлттың менталдық өрісінен хабардар ететін фразеологизмдердің мағыналас түрлерінен анық байқалады. Соған орай, фразеологизмдердің семантикалық категориялары талданып жаңа ізденістермен толықтырылып келеді..

«Фразеологизмдердің семантикалық категориялары» оқу құралында қазақ фразеологизмдерінің парадигматикалық қатынастарын құрайтын семантикалық категориялары: вариант фразеологизмдер, мағыналас фразеологизмдер, қарсы мәнді фразеологизмдер, полисемиялық және омоним фразеологизмдердің теориялық мәселелері жан-жақты талданады.

Оқу құралында модульдік жүйемен жинақталған он бес дәрістік оқу материалдары қамтылған. Бакалавр филологтар фразеологиялық қорды практикалық тұрғыдан ғана меңгеріп қоймайды, тұтастай семантикалық категориялардың жасалу жолдары мен пайда болу себептері кең түрде, жүйелі тілдік фактілермен дәйектелген.

Аталған пән мазмұны тілдік нормаға, сөз мәдениеті мен сөз әдебіне тікелей қатысты. Сондықтан - университеттің филология факультетін бітіретіндер үшін болашақ білікті маман иелеріне қазақ тілінің фразеологиясы, оның семантикалық категориялары студенттерге теориялық білім, тәжірибелік дағды, іскерлік беретін негізгі пәндердің бірі болып есептеледі.

Фразеология бойынша негізгі ғылыми көзқарастарды меңгеру үшін қазіргі лингвистикалық парадигмалары кеңінен қарастырылады. Когнитивтік фразеология туралы тіл біліміндегі соңғы зерттеулерден хабардар ету үшін қазіргі жаңа ғылыми зерттеу парадигмалары тұрғысынан дәріс мазмұндары әзірленген.

Дәрістердің мазмұны базалық пәндерді таңдау компоненті бойынша студенттердің терең меңгеруіне арналған. Дәріс мазмұны студенттерге қазақ фразеологиясының семантикалық категориялары вариант фразеологизмдер мен мағыналас және қарсы мәнді, полисемиялы, омонимді фразеологизмдердің өзіндік ерекшеліктерін меңгеруге, оқыту әдістері мен сабақ құрылымы жайлы білімдерін кеңейтуге мүмкіндік береді.

Студенттерге қажетті білім деңгейі әсіресе, қазақ тілінің фразеологиялық құрамы мен оның семантикалық категориялары, когнитивтік фразеология мен оның менталдық ерекшеліктерінен толық мәлімет берілген.

Қазақ фразеологиясы туралы еңбектерді мейілінше пайдалану арқылы қазақ тілінің фразеологиялық қабаттарынан студенттерге мол мағлұмат беру көзделген.

Фразеологиялық тіркестреге талдау жұмыстарын жүргізу үшін фразеологизмдердің түрлері қамтылған мәтіндер жинағы алғаш рет оқу құралында көлемді беріліп отыр. Жаттығуда құрастырылған мысалдар қазақ көркем шығармаларынан және бұқаралық ақпарат құралдарынан іріктеп алынды. Оқытушы өтілетін сабақ жоспарына қарай тапсырма түрлерін анықтайды. Семинар немесе өздік жұмыстарында студенттер сөйлемдегі фразеологизмдерге талдау жұмыстарын жүргізеді.

Оқу құралының ең тиімді тұстарының бірі - әрбір дәрістен соң өтілген тақырып бойынша тест сұрақтарының берілуі. Бұл студент білімін тексеруде орындалатын тапсырмамен қоса, қолайлы әрі қажетті әдіс.

Фразеологизмдердің семантикалық категориялары пәнінің сипаттамасы

Курс үш модульден тұрады:

1.Қазіргі қазақ фразеологиясының жалпы теориялық негіздері. Фразеологизмдердің варианттылығы, пайда болу себептері. Фразеологизмдердің лексикалық, морфологиялық, фонетикалық варианттары,

2.Қазіргі қазақ фразеологиясындағы синоним фразеологизмдер. Мағыналас фразеологизмдердің тақырыптық топтары, стильдік қолданыс ерекшеліктері. Мағыналас фразеологизмдердің пайда болуындағы ұлттық-мәдени ерекшеліктер.

3.Антоним фразеологизмдердің семантикалық сипаты. Қарсы мәнді фразеологизмдерді оппозиция әдісі бойынша топтастыру. Контексте қолданылу ерекшеліктері. Стильдік және прагматикалық ерекшеліктері. Фразеологизмдердегі көпмағыналылық. Фразеологизмдердегі омонимия.

Қазақ фразеологиясы – өзіндік зерттеу нысаны мен ғылыми проблемаларының бағыты және аумағы айқындалып қалыптасқан пән. Сондықтан тіл білімінде фразеологияны зерттеу аспектісі лингвомәдениеттану, когнитивтік лингвистика тұрғысынан жаңа қырлары талданып, фразеологияның қазіргі лингвистикалық парадигмалары таныла бастады.

Оқу құралында фразеологизмдердің этнолингвистикалық ақпараттары да сөз етіледі. 3-модульдің 12,13,14 сабақ мазмұны автор жетекшілігімен қорғалған «Қарсы мәнді фразеологизмдердің парадигмалары» атты кандидаттық диссертация пайдаланылды.

1- Модуль

Қазіргі қазақ тіліндегі фразеологизмдердің варианттылығы

1 - тақырып

Фразеология пәні мен зерттеу объектісі

Фразеология пәнінің лексикология пәнінен айырмашылығы оның жеке пән ретінде қазақ тіліндегі фразеологизмдерді бөліп қарастыруында. Фразеологияның зерттеу нысаны – тілдегі тұрақты тіркестер. Тұрақты тіркестердің өзінің құрылым-құрылысы мен тұлғалық жақтарынан еркін сөз тіркестерінен айырмашылығы бар. Фразеологизмдер бүтін тілдік бірлік ретінде қолдануына қарай сөзге ұқсайды. Алайда бірнеше сөздерден құралғанымен, бұл сөздер жеке мағыналық бөлшектерге бөлінбейді. Фразеологиялық тұлға құрамындағы компоненттер тұтастық жағдайында барлығы бірігіп, бір мағына, яғни фразеологиялық мағына тудырады.

Фразеологизмдердің өзіндік белгілері бар. Олар:

- мағына тұтастығы;
- қолданылу тұрақтылығы;
- тіркес тиянақтылығы.

Фразеологизмдер түрлерінің басты көрсеткіші – аталған осы үш белгі. Енді бұл белгілердің ерекшеліктерін нақты түсіну үшін тұрақты тіркестерді талдау арқылы ғана көз жеткізуге болады.

Мағына тұтастығы.

Фразеологизмдердің тұлғалық құрылымының ерекшелігі сол, ол жеке сөздер емес. Оның құрамында кемінде екі немесе одан да көп сөздер болуы тиіс. Сонда ғана тұрақты тіркес дәрежесіне жетеді. Және сол сөздердің барлығы жиылып бір қосынды мағынаны береді. Мысалы:

Кіндік жұртына барып келген күні сыралғы болған сырқаты қайта қозып, мұрттай ұшты. /Б.М./

Түнгі он екіге дейін сіз қарай тұрыңыз. Мен біраз көз шырымын алайын. /Қ.Ж./

Тіркес мағыналары:

Сыралғы болу – таныс, бұрыннан белгілі болу;

Мұрттай ұшу – 1. жығылу; 2. ауырып тұра алмау.

Көз шырымын алу – ұйықтап алу

Мысалдарда фразеологизмдер құрамындағы компонентер бірігіп, тұтас бір мағынаны білдіріп тұр. Мағына тұтастығы дегеніміз - осы.

Қолданылу тұрақтылығы.

Жоғарыда келтірілген сөйлемдердегі тұрақты тіркестер *Сыралғы болу – Мұрттай ұшу – Көз шырымын алу* – барлығы бұрыннан қалыптасқан дайын тіркес. Айтушы ойында сақталған тіркестерді даяр қалпында алып қолданады. Бұл оның қолдану тұрақтылығын білдіреді.

Тіркес тиянақтылығы.

Талданып отырған тіркестердегі жеке сөздердің орын тәртібін өзгертуге болмайды және кез келген басқа сөздерді қосып айтуға келмейтін тіркес тиянақтылығы сақталуы тиіс.

Мысалы, *сыралғы болу – болу* етістігінің орнына кез келген *сыралғы жүру, сыралғы алу, сыралғы көру* сияқты етістіктермен ауыстырып айтуға келмейді. Бұл тұрақты тіркес компоненттерінің кез келген сөздермен тіркесе бермейтіндігін көрсетеді.

Аталған үш белгі – *мағына тұтастығы; қолданылу тұрақтылығы; тіркес тиянақтылығы;* фразеологизмдерді өзіне ұқсас тіркестерден айырмашылығын көрсететін ерекшелік.

Фразеологизмдердің компонент құрылымы әр түрлі болып келеді. Екі-үш сөзден бастап, төрт-бестен де асады.

СҰРАҚТАР

1. Фразеологизмдердің жай сөз тіркесінен айырмашылығы.
2. Фразеологиялық мағынаның пайда болуы
3. Фразеологизмдердің белгілері қандай?
4. Фразеологизмдердің компонент құрылымы туралы.

▼ ТАПСЫРМА

- Жаттығудан құрылым компоненті әр түрлі фразеологизмдерге мысалдар жазу.
- Олардың фразеологиялық мағынасын талдау.

№ 1

Кәрі қойдың жасындай жасым қалды. Бір аяғым көрде, бір аяғым жерде. Мен де соның артынан жетермін, - деді Орынбай түтігіп тұрған кемпіріне жарамсақтана көз тастап. Тараздағы 10 шақты аузы дуалы, танымал ақсақалдарды шақырып, ара-ағайындыққа салып, бір мәмлеге келгенге

ұқсайды. («АТ»). Бүгінде демеушісі болмаса, аузымен құс тістеп тұрса да, өрен жүйрік бәйгеге қосыла алмайды, аузын айға білеп тұрса да, өнерпаздың жүлдызы жанып, адымы ашылмайды. («АА»). Зере ел шабысын әңгіме еткенде, сол істердің бәрін ел басына әлек салған ұлардай шулатқан, кесел күндей айтатын (М.Әуезов). Қақпадан кірген бетте төртеуінің көздері шарасынан шығып, рас па, өтірік пе дегендей аңқиып-аңқиып тұрып қалды. (Д.Исаб). Игнаттың қаққанда қанын, сыққанда сөлін алды (І.Есенб). Есеңгіреген байғұс-ау, қылышыңды несін іздейсің. Апырай, жау бетінде тұрған біздің ауылдар тіпті ат тұяғының астында қала жаздаған екен-ау! –деді Қабанбай, өңінен қобалжу білініп. – Бұл тағдырдың тәлкегін қойсайшы. Ілені олай-бұлай кешіп мен жүрмін... Ал өзіңнің ағайын жұртың қан жұтып, қауіп астында жатыр! (Қ.Жұм.). Бала, әліптің артын бағайық дедім емес пе? (Т.Нұрм.). Алғашқы кездері есіктің алдына шығып әңгіме дүкен құрып жүрдік (Б.Нұрж.). Қақпайлағанына, қалыс қалдыра бергенге жас адам қашанғы шыдайды, бір күні болмаса бір күні сыр беріп қалады (Б.Нұрж.).

Тест сұрақтары

1 Фразеология пәнінің зерттеу нысаны не?

- 1.Тілдегі тұтас сөздік қорды
- 2.Тілдегі тұтас сөздік құрамды
- 3.Лексикалық бірліктерді
- 4.Тұрақты тіркестерді

2 Фразеологизмдердің өз алдына дербес лингвистика саласы екендігін танытатын басты белгілерінің бірін көрсетіңіз.

1. бұрыннан қалыптасқан дайын тіркес
2. қолдануына қарай сөзге ұқсамайды
3. фразеологиялық мағынасы жоқ
4. Мағына тұтастығы жоқ

3 Фразеологизмдердің өз алдына дербес лингвистика саласы екендігін танытатын басты белгілері қандай?

1. фразеологиялық мағынасы жоқ
2. мағына тұтастығы бар
3. тіркес тиянақтылығы болмайды
4. басқа тілге сөзбе-сөз аударуға болады

4Фразеологизмдердің өз алдына дербес лингвистика саласы екендігін танытатын басты белгілерін көрсетіңіз қандай?

1. тіркес құрамындағы сөздердің тіркесімділігі кең
2. басқа тілге сөзбе-сөз аударуға болады
3. тіркес тиянақтылығы бар
4. фразеологиялық мағынасы жоқ

5 Фразеологизмдердің өз алдына дербес лингвистика саласы екендігін танытатын басты белгілерін көрсетіңіз қандай?

1. қолдануына қарай сөзге ұқсамайды
2. мағына тұтастығы жоқ
3. тіркес тиянақтылығы болмайды
4. басқа тілге сөзбе-сөз аударуға келмейді

6 Фразеологизмге тән ең басты белгі?

1. басқа тілге сөзбе сөз аударуға келмейді
2. сөздер бір-бірімен еркін тіркеседі
3. компоненттер құрамында тұтастық, тиянақтылық жоқ
4. құрамындағы сөздерді басқа сөздермен алмастыруға болады

7 Фразеология нені зерттейді:

1. күрделі сөздерді
2. тұрақты тіркес тұлғаларын
3. біріккен сөздерді
4. еркін тіркестерді

8 *Менің балам ... , анаған да, мынаған да араласып, ертеңді-кеш қарап отырмай, сауда қылатын еді зой (М.Ә.).* Сөйлемді фразеологизммен толықтырыңыз

- 1 қол ұшын бере жүретін
- 2 қолды-аяққа тұрмай
- 3 қолтығына дым бүріккен
- 4 қол үзу

9 *Қарымсақтың жолдастыққа жарарлық жігіт болып келе жатқанын жасынан танып ... (Ж.Ахмади).* Сөйлемді фразеологизммен толықтырыңыз

- 1 қолтығына дым бүріккен
- 2 қолды-аяққа тұрмай
- 3 қол ұшын бере жүретін
- 4 қолының қысқалығына қарамай

10 *Жанардың үйде жалғыз екенін білгенде, (Б.Соқп).* Сөйлемді фразеологизммен толықтырыңыз

- 1 қолды-аяққа тұрмай

- 2 қуанышым қойныма сыймады
- 3 қолтығына дым бүріккен
- 4 қолының қысқалығына қарамай

2-тақырып

Фразеологизмдердің түрлері

Фразеологизмдерге тән үш ортақ белгі болғанымен, бұлар бір-бірінен әрдайым анық ажыратыла бермейді. Кейбір белгілер, әсіресе, мағына тұтастығы бірінде анық, айқын көрінсе, екіншісінде көмескі, үшіншісінде мүлде солғындау байқалады. Сондықтан фразеологизмдерді түр-түрге бөліп топтастыру тіл біліміндегі ең күрделі де қиын мәселелердің бірінен саналады. Зерттеушілер В.В.Виноградовтың топтастыруын (классификациясын) негізге ала отырып, бірде тұрақты тіркестің бір тұтас мағынасы мен олардың құрамындағы сыңарлардың арақатысына қарай жіктеп бөлсе, екінші біреулер құрылым-құрылысы жағынан, үшіншілері атқаратын қызметі мен стильдік мәні жағынан топтастырады. Бірақ түптеп келгенде, фразеологизмдердегі компоненттердің мағына тұтастығына қарап, зерттеушілер В. В. Виноградовтың жүйелі топтауын басшылыққа алады. (В.Виноградов, 315-б).

Сөйтіп, қазақ тіліндегі фразеологизмдер де, өзге тілдердегідей:

- **фразеологиялық тұтастық (идиома);**
- **фразеологиялық бірлік;**
- **фразеологиялық тізбек** болып негізінен үш топқа бөлінеді.

I. Кеңесбаев фразалық тұлғалардың басты үш белгісіне сүйене отырып, қазақ тілінің құрамындағы фразеологизмдерді үлкен екі топқа:

- **фразеологиялық түйдектер;**
- **фразеологиялық тіркестер** деп бөледі.

Және дәстүрлі термин атауларына сай фразеологиялық түйдекке идиома сипатындағы фразеологизмдерді жатқызады. Демек, бұл ішкі мағына тұтастығы толық сақталған фразеологиялық тұлғалар (идиомалар).

Ал фразеологиялық тіркестердің өзін екіге бөліп:

а) **түйдек тіркеске** - алғашқыда еркін тіркесті ауыс мағынада қолданудан туған, әрі о бастағы мағынасы жоғалмаса да көмескіленген деп, мынадай мысалдарды енгізеді: *ернінен ене сүті кеппеген, пышақ кескендей тыйылу, табанын жалтырату* т. б.

ә) **түйін тіркеске** - еркін тіркестің ауыспалы мағынада қолданылатын, бірақ фразеологизм сыңарларының бастапқы мағынасы көмескіленбей

әнтек солғын айтылады деп, мынадай мысалдарды келтіреді: *құмырысқадай құжынаған, көзді ашып жұмғанша, асқар тау, қыпша бел* т. б.

Біздіңше, бұлай бөлу фразеологиялық тұлғалар классификациясындағы фразеологиялық бірлікті мағына, тұлға жағынан саралап жіктеу. Дей тұрғанмен, бұл мысалдар фразеологиялық бірлікте танылатындықтан, сол ыңғайда (бірлікте) қаралғаны жөн сияқты. Сол сияқты, фразеологиялық бірліктер қатарында қарастырылған «асқар тау», «қыпша бел» т.б фразеологиялық тізбектер деп қарастырған орынды.

Фразеологиялық тізбек - бүкіл тұтас тіркестің беретін мағынасы тұрғысынан қарағанда, фразеологиялық бірліктердей емес, өзінің құрамындағы сөздердің мағынасымен байланысты болады, солардың мағынасынан туындайды.

Бұл пікірлер К. Аханов, Ә. Болғанбаев, Р. Сәрсенбаевтардың еңбектерінде кездеседі.

Фразеологиялық тұтастық (идиомалар)

Фразеологиялық тұлғалардың білдіретін жалпы ұғымы мен беретін мағынасына ой жіберсек, оларды құрастырушы сөздердің бірде-бірінің лексика-семантикалық мән мағынасына ешбір қатысы болмай, мүлде басқаша мағынаны білдіреді. Олардың құрамындағы сөздердің мағыналық жігін ажыратуға болмайды.

М ы с а л ы: *қас пен көздің арасында* — лезде тез, *мұрнынан шанышылу* - қолы тимеу дегенді білдіреді. Бұл мағыналар осы тіркестер құрамындағы сөздердің тұтас жиынтығынан келіп шығады.

Сол сияқты *қырық пышақ болу* (араздасу), *мұрнын көкке көтеру* (менменсу) деген тұрақты тіркестерде жеке сөздер мен фразеологиялық мағына арасында тікелей байланыс жоқ. Идиоманың беретін ұғымы мен білдіретін мағынасы түсінікті: құрамындағы сыңарлар бөлініп ажыратылмайды және мағынасымен байланыспайтын әбден бітісіп, тұтасып кеткен томаға тұйық тіркестер.

М ы с а л ы: *құлақа ұрған танадай, сіркесі су көтермеу, құлағының етін жеу, жүрегі тас төбесіне шығу, жанын шүберекке тую, ит арқасы қиянда, танауынан есек құрты түсу* т. б.

Мұндағы тіркес сыңарларының бір бүтін мағынасы құрамындағы сөздерден мүлдем алшақтап кеткен.

Сөз сырына үңілсек, халық тілінде бұрыннан қалыптасқан, даяр күйінде қолданылатын тұрақты тіркестер - фразеологизмдер құрамындағы жеке сөздердің мағына жағынан көмескіленіп, мүлде алыстап кететіні соншалық тіркес ішіндегі бірнеше сөздердің бәрі жиылып, тек бір мағынаны білдіреді. Солардың бірі - идиомалар. (Идиома — грекше «ерекше сөз» деген).

Мысалы: «*Мұртын балта шаппау*» - шаруасы орнықты, дүниесі түгел; «*Аза бойы қаза болу*» - жаны түршігу; немесе «*Ит арқасы қиянда*», «*Ит өлген жерде*» - өте алыс деген ұғымдарды білдіретін тіркестер - шынында, «ерекше» тіркестер. Бұлар бір тілдің ішінде бөліп-жаруға, басқа тілге сөзбе сөз аударуға келмейді және құрамындағы компоненттер бірігіп, фразеологиялық мағынаға ие. Ал өте алыс деген мағынаны «*итарқасы қиянда*», «*ит өлген жерде*» деген бейнелі сөздермен жеткізудің қандай жеттілігі болды немесе бұл тіркестер ауыспалы мағынаға қалай ие болды деген сұрақтардың болуы заңды.

Бұл жөнінде ғалым К. Аханов «Тіл біліміне кіріспе» (Алматы, 1965) еңбегінде: «Кейбір тұрақты тірестердің жасалуына түрлі аңыздар, әр түрлі ұғымдар түсініктер негіз болғандығы аңғарылады. Мысалы, халықтың түсінігінде жақсы ит аулаққа барып өлі «*жақсы ит өлімтігін көрсетпейді*» деген осындай түсініктен туған. Осыдан келіп, халық алыс жерді «*ит өлген жерде*» немесе «*итарқасы қиянда*» дейді (257-б) деп, бір ұғымды білдіретін екі түрлі тіркестердің тегін бір түсінікпен тұжырымдайды. Біздіңше, «*итарқасы қиянда*» идиомасының шығу төркіні басқа.

«*Итарқа*» - күрке, жаппа, шатыр т.б. сияқты жасалатын уақытша баспананың аты. Тым алысқа шалғайға көшіп қонған адам, әрине, мекендейтін жерінен алдымен уақытша болса да тұратын жер сайлайды. Біздіңше, оның итарқасы (тұратын жері, баспанасы) өте алыс, деген ұғымға «*итарқа*» атауы негіз болған. Жалпы ұлттық, тұрмыс-тіршілікті білдіретін алуан сөздер, сөз тіркестері ғасырлар бойы қалыптасқан, әбден орныққандықтан ауыспалы мағынаға айналуы заңды да. Қазіргі қазақ тілінде бұл архаизм емес, күні бүгінге дейін қолданыстан шықпай, тұрмыс салттан хабардар етіп отырады. Мысалы, ата жұртына кешіп жатқан қандас бауырларымыз туралы Монғолиядан хабар жолдаушы автор мына сөйлемде былай деп келтіреді:

Көлік пен кезек күткендер ұшақ алаңына жақын маңға күркелер мен қостарын, шатырлары мен итарқаларын тігіп тастаған(«Е. Қ. 12.09.92). Осындағы «қос, шатыр, итарқа уақытша күн көріе қамынан туған баспана аттары. «Оның жүрген жері өте алыста» деп айта салсақ та болады. Бірақ сөйлемдегі ойға түрлі реңк беріп, эмоционалды мағына үстеу үшін «оның жүрген жері итарқасы қиянда» деген бейнелі тіркесті қоса сөйлесек, сөйлеміміз мәнді де мағыналы болары даусыз.

Осы сияқты басқа да келтірілген тізбектердегі мағына ғасырлар бойы қалыптасып, әбден орныққандықтан көп ойлап толғануды керек етпейді, олар жалпы ұлттық қасиетке ие болған. Айтайын деген ойды айқындауға дайын тіркестер ретінде аса қажетті бейнелі сөз-құрал есебінде қолданылады. Біреуді «кім көрінген», «кез келген» деудің орнына, қазақта «иттің итақайы» деп атайды.

Тұрақты тіркес құрамындағы сөз сыңарлары лексикалық мағыналарын жоғалтқан, семантикалық біртұтас, бөліп-жаруға

болмайтын, басқа тілге сөзбе-сөз аударуға келмейтін тұрақты сөздер түйдегін идиомалар дейміз.

Бұлар тілде лексикалық бір бүтін бірлік ретінде қолданылады. Идиома термині қазіргі қазақ тілінде **фразеологиялық түйдектер** (І. Кеңесбаев), **фразеологиялық тұтастықтар** (К. Аханов, Ә. Болғанбаев, Г.Смағұлова т.б.) деп те аталынып жүр.

Фразеологиялық бірлік.

Мұнда да фразеологиялық тұтастық тәрізді орын тәртібі жағынан өте тиянақты болып келеді. Алайда құрамындағы сөздердің бірі екіншісімен қалайда бір байланыста болатыны аңғарылады. Бұлар да о бастағы еркін тіркесті ауыспалы мағынада қолданудан шығады. Мәселен, *басын тауға да, тасқа да соғу* дегеннен «әлекке түсу, дағдару» дегенді түсінеміз.

М ы с а л ы: *Басымды тауға да, тасқа да соғып жүріп*, ақыры бір күні бишаралық көретін адаммын (Р.Т.) Бұл фразеологиялық мағынаның жасалуына ең алғашқы еркін тіркестегі тура мағынасы негіз болған.

▲ Еркін сөз тіркестерінің біртұтас ауыспалы мағынада айтылып, құрамы тұрақты болып келетін бейнелі тіркестер фразеологиялық бірліктер деп аталады.

Көзіне көк шыбын үймелету — «сорлату, басыну, әлімжеттік жасау» дегенді білдіреді. Мысалы, ертеректе адамдары жазалаудың бір түрі - қол-аяғын керіп байлап тастау. Шыжыған ыстық күннің астында керулі адамның үсті-басына, әсіресе көзіне шыбындардың қонып, үймелеуін көз алдыңызға елестетеіп көріңіз. Осы суретті әдетте еркін мағынада *көзіне көк шыбын үймеледі* деп айтады. Демек, осы еркін тіркестегі қимыл-әрекет мағынасы басқа ұқсас әрекетпен салыстырып ауыспалы мағынада тұрақты қолдану арқылы фразеологизмдердің қалыптасуына негіз болған. Келтірілген мысалдардан, фразеологиялық мағына жеке сөздердің қосындысынан пайда болған жай ғана туынды мағына емес, әрі бейнелі, әрі туынды мағына екендігін көреміз. Кейде фразеологиялық тұтастық пен бірліктің арасында айырмашылық байқалмай тұратын фразеологизмдер кездеседі. Мұны тұрақты тіркес мағыналарының тым көнеленуіне байланысты түсіну керек.

М ы с а л ы: *ит басына іркіт төгілу* - «ағыл-тегіл молшылық». Сырт тұлғасы жағынан фразеологиялық бірлікке ұқсайды, мағынасының тым көмескіленуінен фразеологиялық тұтастыққа (идиомаға) да ұқсайды. Әрине, дұрысы – идиомалық тіркеске жатады. Алайда фразеологиялық тұтастықтар мен фразеологиялық бірліктер сөздерге жанамалық қатыста жұмсалыуына орай, көбіне бір топқа біріге береді. Мәселен, орыс тіл білімінде мұндай құбылысты Н.Шанский идиомалар немесе идиомалық,

орамдар деп атайды. (Н.Шанский, 84-б) Қазақ тілінде де фразеологияның бұл екі тобы бір-біріне өте жуық тұрақты тіркестер деп қарастырады.

Фразеологиялық тұтастықтар мен фразеологиялық бірліктер фразеологиялық тізбектерден өздерінің семантикалық табиғаты мен құрылымы жағынан өзгешеленеді. Бұл екі топқа жататын фразеологиялық тіркестерді семантикалық жағынан қарастырғанымызда осылай екі түрлі термин мен атаудың дұрыс екеніне көз жеткізуге болады.

Фразеологиялық тізбек.

Фразеологиялық тізбек еркін мағынадағы екі сөздің тіркесуінен жасалып, өзгеріссіз тізбек күйінде қолданылады.

М ы с а л ы: *жанды сөз, көк етікті, қалың сор, тас бауыр, жау жүрек, қызыл кеңірдек, қабырға ағайын, бұқа мойын, теке сақал, жуан жұдырық, жез таңдай, суық қол, жалпақ шешей, шикі өкпе, ұзын етек, жат есік, су мұрын, құдайы қонақ, еркек кіндік, балды бармақ, қолаң шаш* т. б.

Қазақ фразеологиясына қатысты жазылған ғылыми еңбектерде фразеологиялық тізбектер туралы әртүрлі көзқарас, пікірлер бар.

«...фразеологиялық тіркесті тізбек деуге келмейді, оларды тізбектік сипат жоқ, әрқайсысы жеке-жеке тіркес, сол себепті бұларды фразеологиялық тіркес деп атау орынды» (Ғ.Қалиев, Ә.Болғанбаев, 193-б) деп, терминге қатысты басқа пікір айтушы авторлар бар. Біздіңше, олардың жеке-жеке тіркес екендігі даусыз, бірақ бұл арада «тізбектілік сипат» болудың критерийі де жоқ. Көбінесе тізбектеліп екі компоненттен тұратындықтан кезінде осы термин қалыптасқан. Ал **фразеологиялық тіркес** деген атау деген термин ретінде – фразеологизмдердің жалпы атауы ретінде бұрыннан қалыптасқан термин.

Фразеологиялық тізбектерді бір ұғымның атауы деп, кейде күрделі сөз қатарына қосатындар бар. Ауыс мағынада идиомалануға жеткен күрделі атаулар деп, бірге жазылған тұстар да кездеседі. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінде (1977) мына мысалдар: ат ұстар – дүниеге ұл баланың келуі; ат салысу - көмектесу, жәрдемдесу; тас жүрек – 1.қатігез, мейірімсіз; 2.қорықпайтын, тым батыл адам; жол кесер- 1.шолушы; 2.қарақшы; бөлек жазылады. Ал Қазақ тілінің орфографиялық сөздігінде (2007) атұстар, атсалысу, тасжүрек, жолкесер, деп бірге жазған. Алайда тас бауыр, тас керең, модельдеріне ұқсас көптеген фразеологиялық тізбектер бұрынғыдай фразеологиялық тізбектер қатарында жүр. Осы арадағы ғылыми ұстанымдар қайта қарауды қажет етеді.

Фразеологиялық тізбектердің мынадай ерекшеліктері бар:

◇ Фразеологиялық тізбектердің құрамындағы сөздердің образды мағынада жұмсалуды олардың теңеу, салыстыру сияқты көркемдік мағынада айтылуына байланысты. Алайда ауыспалы мағынада аталған тұрақты

тіркестердің бәрін бірдей фразеологиялық тізбектерге жатқызуға болмайды.

М ы с а л ы: *көңілсіз құлақ - ойға олақ* (Абай). *Жүргемін жоқ қайғының жүгін артып*, (М. М). *Жанымдағы жанар таулар қозғалып* (Б. Б.), (О.Һ)- деген тіркестерді ақындар метафорлық мағынада қолданылып тұрғанмен, бұларды фразеологиялық тізбектерге жатқызуға болмайды.

◇ Фразеологиялық тізбектер - сырт құрылым-құрылысы күрделі сөздер мен шектеулі тіркестерге ұқсас болғанымен өзіндік жасалу жолдары бар, әрі фразеологиялық мағынасы бар бейнелі тіркес. Алайда күрделі (қара жол, мұз айдын, сықпа құрт, үй іші) сөздер тілде атаулық мәнге ие туынды лексема ретінде қалыптасқан сөздер деп танылса да, соңғы «Орфографиялық сөздікте» (2007) осы мысалдарға ұқсас *қара қағаз, қан сонар* т.б. тіркестері бірге жазылған. Дұрысы бұлардың барлығы бөлек жазылуға тиіс фразеологиялық тізбектер.

Еркін тіркестерге қарағанда шектеулі тіркестер де атаулық мәнде жиі қолданылады. Құрамындағы сөздер лексикалық мағыналарын біршама сақтап, шектеулі мағынада жұмсалды. М ы с а л ы: *Бесік жыры, мақтау қағаз, ырықсыз етіс, жан қалта* т.б. Шектеулі тіркестер сөзжасам негізінде қалыптасады, еркін тіркес пен күрделі сөз аралығында жүрген тіркестер.

◇ Фразеологиялық тізбектердің басқа сөздермен тіркесімділігі шектеулі болып келеді. Фразеологиялық тізбек еркін тіркеске ұқсас болғанымен, көбінесе фразеологиялық мағынада ғана жұмсалатын сөздердің тіркесінен тұрады. М ы с а л ы: *көк бет (адам), қысыр сөз, қасқа жол, қолаң шаш, жуан жұдырық* т.б

◇ Тілдегі сөздер өздерінің лексикалық мағынасы мен тіркесу қабілеті жағынан бірнеше топқа бөлінеді. Сөздердің тіркесу қабілеті оның лексикалық мағынасының табиғатына байланысты. Кейбір сөздер кез келген сөзбен тіркес құрай беретін болса, қайсыбір сөздердің тіркесу шеңберінде шек қойылады. *Десек те, сүмбіл шаш, ну орман, мидай дала, шалқар көл, асқар тау, нар тәуекел, айдай әлем* - деген тұрақты тіркестердің алғашқы сыңарлары (*сүмбіл, ну, қолаң, мидай, шалқар, асқар, нар, айдай*) осы аталған тіркестерде ғана қолданылады да, басқа сөздермен тіркеспейді деген І. Кеңесбаев, Р. Сәрсенбаевтың пікірлерімен келісу қиын. Мәселен, келтірілген мысалдардағы *ну орман - ну тоғай, мидай дала - мидай араласу, шалқар көл - шалқар шабыт, шалқар өлке, асқар тау - асқар бел, асқар шың* т.б. тіркестер бар.

Сол сияқты Ә. Болғанбаев келтіретін фразеологиялық мағынадағы **көк сөзі бет** сөзімен, «**сөз** тек **қысыр** сөзімен ғана тіркеседі деуі де даулы. Тілімізде «көк езу», «көк етікті», «көк жалқау», «сөз келу» (ұятқа қалу) «сөз сату», «сөз тарту», «сөз саптау» т.б. толып жатқан мысалдар бар. Кейде ғана тіркесу қабілеті жағынан шектелген сөздер өзі тіркесетін сөздерді талғайтын тұстары бар. «Қас» деген сөз: *қас батыр, қас сұлу, қас дұшпан,*

қас жау - деген тіркестердің құрамында ұшырайды да, басқа тіркесте кездеспейді. Олай болса, сөздердің тіркесу қабілеті олардың мағыналық табиғатына ауыспалы, образды мағыналарымен байланыста болады. Сондай-ақ, фразеологиялық тізбектердің кейде бір сыңарын мағыналас, мәндес сөздермен ауыстыруға болады. Мысалы: қоян жүрек – су жүрек; қыпша бел – құмырысқа бел; зар жақ – қу жақ; т.б.

◇ Фразеологиялық тізбектердің құрамында этнографиялық фразеологизмдео жиі ұшырасады.

М ы с а л ы: *қара шаңырақ, ат ұстар, қырық жеті, ит көйлек, жеті ата, есік көрген, теріс бата, жат есік, бауыздау құда* т.б.

Еркін тіркес құрамында көбінесе екі компоненттен тұратын сөздердің біртұтас бейнелі мағынада қолданылуы және сөз сыңарларының бірін мағыналас сөздермен ауыстыруға болатын тіркес түрін фразеологиялық тізбектер дейміз.

■ Қазақ тіл білімінде, сол сияқты басқа да түркі тілдерінде фразеологияның жеке объектісі ретінде қаралатын тұрақты тіркестердің түрлері туралы әр қилы пікірлер бар. Мәселен, фразеологизмдерге мақал-мәтелдердің қатысы туралы түрлі пікірлер әлі ортақ тұжырымға келмеген.

Паремиология – мақал-мәтелдерді зерттейтін ғылым саласы. Қай тілде болмасын, мақал-мәтелдер фразеологизмдерге қарағанда ертерек жинастырылып, тақырыптық топтарға жіктелген.

Мақал-мәтелдерді фразеологияға қосып зерттеу туралы біралуан талас пікірлер болды. Мақал-мәтелдердің тілімізде тұрақты және даяр қалпында қолданылуына қарай тұрақты тіркестер ретінде фразеологияның аясында қарастырып зерттеуді кең, және тар ұғымда түсінуде ғалымдар пікірі әр қилы. Біраз зерттеушілердің І. Кеңесбаев, Ш. Рахматуллаев, Г. Байрамов, З. Ураксиндер тұрақты тіркестерді тар ұғымда түсінуді жақтайды. Кезінде акад. І. Кеңесбаев қос сөздерді фразеологизмдер қатарына енгізген. Мәселен, Ш.Рахматуллаевтың пікірінше, «фразеологияның, бай материалдарын жан-жақты және терең оқып білгеннен кейін, тұрақты сөз тіркестерін, сірә, тар ұғымда түсінген дұрыс» десе, дәл осы ойды А. А. Юлдашев та қолдап: «фразеологияның объектісін тар ұғымда түсінгенде «азды-көпті» зерттеу мақсаты айқындалып, оның, ішінде бөлінбейтін лексикалық единицалар (структуралық құрылымы бар синтаксистік единицалар) мақалдар, мәтелдер, нақыл сөздер мен қанатты сөздер тұрақты тіркестерге жатпайды» деп қуаттайды.

Тұрақты тіркестерді кең, ұғымда түсінуді негізге алатын зерттеушілер С.Н. Муратов, Г.Х. Ахунзяновтар терминдерді, күрделі сөздерді, қос сөздерді, нақыл сөздерді, газет айдарларын (штампар), мақал-мәтелдердің барлығын тұрақты тіркестерге жатқызады.

Орыс тіл білімінде бұл салада көп еңбек сіңірген - академик В. В. Виноградов. Ол француз ғалымы Ш. Баллидің фразеологиялық схемасын

творчестволық түрде өндеп, фразеологиялық орамдарды 1) Фразеологиялық тұтастық, 2) Фразеологиялық бірлік, 3) Фразеологиялық тіркес деп үшке бөлгенде, мақал, мәтел, термин сөздерді бұған кіргізбеген. Н.Л. Шанский, В.В. Виноградовтың осылай бөлген жүйесіне төртінші етіп, фразеологиялық сөйлемше (выражение) дегенді қосып, бұған, мәселен орыс тіліндегі «...қасқырдан қорыққан орманға бармас, жылтырағанның бәрі алтын емес, темір жол, жоғары оқу орны» тәрізді тіркестерді жатқызады. Сөйтіп, Н.М. Шанский фразеологиялық орамға жататын тілдік тұлғалардың аясын кеңейте түсіп, оған кейбір термин сөздер, мақал-мәтелдерді енгізеді.

Ал, Д. М. Бабкин мұндай жүйеге, пікірге қосылмайтындығын айтады. Н. М. Шанскийдің толықтырылып, өңделіп 1985 жылы шыққан «Фразеология русского языка» еңбегінде фразеологиялық сөйлемшені коммуникативті сипаттағылар: құрылысы жағынан сөйлемге ұқсас деп, «Человек это звучит гордо», «Суждены наши благие порывы», ал «трудовые успехи», «на данном этапе» т. б. - номинативті сипаттағылар деп бөледі.

Тіл мамандары арасында бұдан басқа да көзқарастар бар.

Мысалы, орыс тілінің түсіндірме сөздігінің авторлары идиома, фразалық сөздерге мәтелдерді қосып, мақалды есепке алмайды. Осы салада тың пікір айтушылар Б.А. Ларин және Л.И. Молотков. Бұлар фразеологиялық тұлғаларды идиом, фразамен ғана шектеп, мақал, мәтел, термин, қанатты сөздерді одан тыс құбылыс деп қарастырады. Сөйтіп, идиома, фраза, фразеологиялық орамдардың белгілі тұлғалары екені анық, пікір алалығы мақал, мәтел, термин, нақыл сөздер айналасында туып жатады. Мақал, мәтелдердің фразеологияға қатысы жөнінде тіл білімінде де әлі күнге дейін даулы, шешімін таппай келеді. Бірақ орыс тіл білімінде фразеологиялық корпус қазақ фразеологиясына қарағанда жан-жақты әрі терең қарастырлығындан, қазір бұл мәселеге қатысты В.Н.Телия, В.М.Мокиенко, Н.Ф.Алефиренко т.б. пікірлері бұрынғы үрдіс бойынша фразеологизмдерді кең мағынада қарастыру бағытында іргелі зерттеу нәтижелеріне қол жеткізді.

Қазақ тіл білімінде, егер оқулықтарға жүгінсек, оның мән-жайы мынадай. 1954 жылы шыққан «Қазіргі қазақ тілі» оқулығында «фразеологиялық тізбектер өздерінің жасалуы, фразалық материалы, грамматикалық байланысы, лексикалық мәні жөнінен мына төмендегідей ірі үш түрге бөлінеді: 1. Идиомдар. 2. Мақалдар. 3. Мәтелдер (81-б). І. Кеңесбаев, Ғ. Мұсабаев оқулығының «Қазіргі қазақ тілі» 1975 жылғы басылымында «Фразеологиялық тіркестер екі топқа идиомаға және фразаға бөлінеді» деген (199-б).

М.Балақаев пен Т.Қордабаев тұрақты тіркестерді **идиомалық тіркестер, фразалық тіркестер** деп бөлген. А.Ысқақов күрделі сөздердің топтастыру мәселесіне қатысты айтқандарында тұрақты тіркесті **идиомалық тіркес, фразалық тіркес** деп екіге бөледі. К.Аханов «...мақал-мәтелдер мен қанатты сөздерді фразеологиялық единицалардың қай тобына жатқызу өте күрделі мәселе» дейді.

Қазақ мақал-мәтелдерінің стилистикасы туралы еңбегінде Р. Сәрсенбаев фразеологиялық орамдар қатарына тіл-тілдегі мақал-мәтелдер мен нақыл сөздерді жатқызады. «Мақал-мәтелдер мен нақыл сөздердің фразеологияға қатысы, бұлардың тұрақтылығы мен эвфониялық құбылыста қолданылу сипатына байланысты. Осы сипаттар арқылы бұларды фразеологиялық единицалар тобына қосып қарамыз» - дейді.

М.М. Копыленко мақал-мәтелдердің жағдаятқа (ситуацияға) байланысты қолданылып, коннотативті (фразалық) мағынаға ие болатынына қарамастан, «Мақалдар мен мәтелдер бүтіндей халық творчествосының жанры болғандықтан, фразеологияның тақырыбы бола алмайды» деп жазды.

Сонымен, тіл мамандары, қай тілдегі болмасын, фразеологияны мейлі тар ұғымда, мейлі кең ұғымда түсінуде фразеологиялық тұлғаларды айқындау үшін фразеологиялық тұлғалардың қалыптасқан, дайын тіркес екендігін, оның мағына тұтастығын, құрамындағы компоненттердің, тұрақтылығын, семантикалық бірлігін, жалпы беретін мағынадағы образдылық пен ауыспалылық, басқа тілге сөзбе-сөз аударуға келмейтіндігін айтады.

Бұл айтылған белгілер сөздердің еркін тіркесімен салыстыра қарағанда, мән-мағынасын толық сақтайтын мүлтіксіз белгісі, қасиеттері болмақ. Ал тұрақты тіркес тұлғаларын күрделі сөздермен ұштастыра қарасақ, бұлардың межелі белгі болуы шүбәлі.

Сөйлеу кезінде тыңнан жасалынбай, даяр қалпында қолданылу жағынан мақал-мәтелдер фразеологизмдерге ұқсайды. Мақалдар негізінен екі бөлімді боп келеді де, алдыңғысында іс-әрекеттің шарты мен жағдайы айтылып, соңынан сол пікірді түйіндеп қорытындылайды. Мысалы: «Сұлу сұлу емес сүйген сұлу», «Аузы жаман елді былғайды, Аяғы жаман төрді былғайды». «Атың барда жер таны желіп жүріп, асың бар да ел таны беріп жүріп».

Мақал-мәтелдің көпшілігінде тұжырымды оймен қатар, бейнелі ишарат жатады. «Ит тойған жеріне, ер туған жеріне», «Кісі елінде сұлтан болғанша, өз еліне ұлтан бол» дегендердегі «ит пен ер», «туған ел» бір-біріне қарама-қарсы шендестіріп қолдану арқылы тұжырымды оймен бірге астарлы мағына беріліп тұр. Өзінің құрамы жағынан фразеологизмдерге мақалдан гөрі мәтелдер бір табан жақын. Мақал белгілі бір ұғымды тікелей білдірсе, мәтел жанамалап, меңзеп, тұспалдап айтады.

М ы с а л ы: *Ағама жеңгем сай. Көрмегенге көсеу таң* т. б.

Фразеологизмдердің мағыналары астарлы бейнелеу мәнде келеді. Ал мақал-мәтелдердің көпшілігі игі қасиеттерге үндеу, уағыздау сипатында болады. Мақал-мәтелдер қаншалықты ауыс мағынада айтылғанымен, құрамындағы сөздер өзінің байырғы лексикалық мағыналарынан қол үзбейді. Мақал, мәтелдер, фразеологизмдер сан ғасырдың жемісі, ұрпақтан ұрпаққа жеткен тілдің бай мұрасы. Бірақ мақал-мәтелдер фразеологизмдерге қарағанда әр заманның талабына сай пайда болып, мазмұн, мағына жағынан уақыт бедері әр кезде аңғарылып отырады.

Тілде бар құбылысты мақал-мәтелдердің фразеологиялық тұлғалардан елеулі айырмашылығын ескере отырып, біздіңше, тіліміздегі тұрақты

тіркестердің құрамында, оның ішінде фразеологиялық түсінікке қатысты етіп қарастырған жөн бе деп ойлаймыз.

СҰРАҚТАР

1. Фразеологизмдердің түрлері қандай?
2. Фразеологиялық тұтастықтар-идиоманың жасалуы туралы.
3. Фразеологиялық бірліктер. Тіркес құрамы, құрылысы.
4. Фразеологиялық тізбектер. Тіркес құрамы, құрылысы.

▼ ТАПСЫРМА

- Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінен мысалдар жазу: оларды фразеологизмдердің түрлеріне топтау.
- Фразеологизмдерді топтастыру туралы ғылыми пікірлерді талдау;
- І.Кеңесбаевтың қазақ фразеологиясы туралы, фразеологиялық терминдер жайлы пікірлерін талдап жазу.
- Фразеологиялық тізбектерді тақырыптық топтарға бөлу. Мысалдар.
- Жаттығудан фразеологизмдердің түрлерін анықтау

№2

Әлгі өзінді бір ұрып қалпақтай ұшырған біреу алды (Ерт. жин.). Жан апасы бұл үшін өліп кетті-ау! Тым болмаса бір ауыз тіл қатуға да мұршасын келтірмеді-ау! Жан апасынан мәңгі айрылып, басы қаралы, жүзі жаралы болып отыр, не бетімен бай іздегені? (Ж.Айм.). Әкемнің дәулеті сол күнде де мол болатын. Сондықтан менің ұрлық қылғанымды барлық ағайын-туысқан иттің етінен жек көретін. (М.Ә.) Сыбағаны Күңкеге әкеп отырғанымыз жоқ. Бала да болсаң бас болдың. Саған әкелгізіп отырмын. (Ш.Құмар.) Екеуінің көзінде де мынадан арашаны дәме қылу бар (М.Ә.). Бұл Әбіштің басын жоймақ болған деп те танылды. (М.Ә.). Содан кейін енді не болса да тыныш отырып, тыныш жүріп байқайық. Үндемей момын болып отырсақ, кім басымызға ойнайды? – деген дақпырттармен өзара табысқан ды. (М.Ә.). Дәтімнің қаттылығы, бәлкім, тіпті, қатыгездігім шығар, бәрін де кезінде көрейін деп тістене қаттым (Б.Н.). Қазір оған әй дейтін әже, қой дейтін қожа жоқ. Айдарынан жел есіп, тасы өрге домалап тұр. (А. Ест.). Бастан бақ, қолдарынан тізгін кетті, Жазбаған бір туғанмен бір жүрмекті. (Т.Ізтілеуұлы).

Сөзімесендіре алмаймын, сенгені сол өзімді қарабет қылғысы келеді. Көзін ашайын десем, менің өзімнің көзімді шығаруға бейім. Отқа айдасаң, боққа қашады... (М.Мағауин). Ханым күні бойы екі қолы алдына сыймай тыпыршумен болды. (Ә.Кекілбаев).

Тест сұрақтары

1 Мақтамен бауыздау, тілі қышу, соқырға таяқ ұстатқандай, тайға таңба басқандай, түймедейді түйедей ету фразеологизмдердің қай тобына жатады:

1. күрделі сөздер
2. фразеологиялық бірлік
3. фразеологиялық тізбек
4. фразеологиялық сөйлемше
5. идиома

2 Этнографиялық фразеологизмді табыңыз.

1. жүзіктің көзінен өткендей
2. ит арқасы қиян
3. суқаны сүймеу
4. ұрын келу

3. Жел бау, жел қайық, жер диірмен сөздері күрделі сөздер ме?

1. фразеологизмдер
2. күрделі сөздер
3. еркін тіркестер
4. тұрақты тіркестер

4. Жел аяқ, жел өкпе, тас бауыр, көк езу - күрделі сөздер ме?

1. фразеологизмдер
2. күрделі сөздер
3. еркін тіркестер
4. шектеулі тіркестер

5. "Ит байласа тұрғысыз", "ескі жараны тырнау", "жатқан жыланның құйрығын басу" - фразеологизмдерінің құрамындағы сөздерде мағына тұтастығы байқалғанымен, еркін тіркеске ұқсап тұр. Демек мағына тұтастығы көмескіленбеген. Олай болса, бұл тіркестер фразеологизмдердің қай түрі?

1. фразеологиялық бірлік
2. фразеологиялық тұтастық /идиом/
3. фразеологиялық тізбек
4. фразеологиялық сөйлемше

6. Күрделі сөздерді номинативтік атау басым болса, фразеологизмдерде образдылық басым. Сонда күрделі сөзге ұқсас, фразеологизмнің қандай түрі бар?

1. фразеологиялық бірлік
2. фразеологиялық тұтастық

3. фразеологиялық тізбек
4. шектеулі тіркес

7 Сөйлемдерден мақалды табыңыз.

1. Ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс болды
2. Аузымен құс тістеп тұрған кезінде көрдім
3. Сойып қаптап қойғандай өзінен аумайды
4. Сулы жер - нулы жер деуші еді

8. "Көрмегенге көсеу таң", "Ештен кеш жақсы", "Анама жездем сай" неге жатады?

1. мақалға
2. мәтелге
3. фразеологизмге
4. идиомалық тіркеске

9. "Көз көрмес құлақ естімес жер", "Көзіне көк шыбын үймелету" фразеологизмнің қай түріне жатады?

1. фразеологиялық тізбек
2. фразеологиялық бірлік
3. күрделі сөздерге
4. идиомаға

10. "Сүліктей қадалу", "Құс тұмсық", "Мысық мұрт", "Жуан жұдырық" фразеологизмнің қай түріне жатады:

1. идиома
2. фразеологиялық бірлік
3. фразеологиялық тізбек
4. күрделі сөздер

3 - Тақырып

Фразеологизмдердің варианттылығы, пайда болу себептері, жасалу жолдары мен түрлері

Бір тіл – бір ұлт. Өмірде күллі тіршілік атаулының бар саласын қамтитын әр ұлттың тілінде өзіне тән, бейнелі сөз орамдары, тұрақты сөз тіркестері – фразеологизмдер көптеп кездеседі.

Тіл - жанды құбылыс. Сөз өз табиғатында тілдің заңдылығы тұрғысынан фонетикалық, морфологиялық өзгерістерге ұшырап отырады. Мұндай құбылыс фразеологизм құрамындағы компоненттерге тән. Әдетте, фразеологизмдерді лексика-грамматикалық және семантикалық жағынан өзгермейтін тұрақты тіркестер қатарына жатқызады. Бұл – теориялық қағида. Ал жанды тіл процесінде жағдай өзгешелеу.

Тілімізде қалыптасқан бір ұғымды әлденеше ұқсас, мәндес, мағыналас сөздермен, тіркестермен жеткізу мүмкіндігі де бар. Олай болса, «өзгермейтін» тұрақты тіркестің «тұрақтылығына» да шек келтіруге болады. Яғни «тұрақты тіркестің барлығы бірдей қалыптасқан бір ғана тұлғада қолданылады» деген дәстүрлі ұғымды қатып қалған қағидаға айналдыруға болмайды деген сөз. Өйткені фразеологизмдер қаншама тұрақты болғанымен олар да құрамы, құрылымы жағынан құбылып, өзгеріп, тілімізде балама түрде жарыса қолдануы мүмкін.

Міне, фразеологизмдердің осындай өзгермелі табиғатының бір көрінісін - оның **в а р и а н т т ы л ы ғы** деп атауға болады. Демек, фразеологизмдердің тұлғалық, мағыналық, сапалық, сандық өзгерістерге ұшырауы кездейсоқ емес, олардың табиғатына тән заңды құбылыс. Олай болса, фразеологизмдердің тұлғалық, мағыналық тұрақтылығы деп жүргеніміз, сайып келгенде, олардың өзіндік табиғаты, құбылмалы болмысы екен. Фразеологизмдердің тұрақтылығы тікелей вариант ұғымына қатысты.

Ал тілдегі варианттылық тілдің өзіне тән қасиеті болғандықтан, варианттың алуан түрлі болуы да оның тұлғалық, мағыналық дамуының бір көзі болып саналады. Қазақ тіліндегі фразеологиялық варианттардың өзіне тән жасалу жолдары, пайда болу себептері бар. Олар жалпы «варианттылық» және «инварианттылық» теориясы тұрғысынан қарастырылады. Осы орайда *вариант* пен *инвариант* ұғымдарының арасын ажыратудың мәні зор.

Тілдегі варианттылық мәселесі - тіл білімінің маңызды саласы. Варианттылық - тіл дамуының объективті заңдылығы және кез келген әдеби тілге тән ерекшеліктерінің бірі. Әдеби нормалардың тілдік қағидамен сәйкес келе бермейтіні белгілі. «Варианттылық» әдетте тілдік норма тұрғысынан көбінесе бір сөздің әр түрлі айтылуы ретінде түсіндіріліп келеді. Сол себепті де әдеби тіл мен сөйлеу нормасында «вариант» ұғымы әлі де болса шешімін таппай, әр түрлі түсіндіріліп жүрген мәселе. Вариант деген не? Тілдегі басы артық нәрсе болса, неге қалыпқа түспейді? Тілдік қордың дамуына вариант қажет пе? Түрлі сөз варианттарын тіл байлығы деуге бола ма? Дұрыс сөйлеуге, әдеби норманы сақтап сөйлеуде варианттың кедергі келтіруі мүмкін бе?

Тіл-тілде варианттылық мәселесі ғалымдар назарынан тыс қалған емес. Жалпы варианттылық туралы, пайда болу себептері (теориясы десек те болады) жайлы мәліметтерді түркітанудан гөрі, орыс тіл білімі ғалымдарының ірілі-ұсақты мақалаларымен қоса, арнайы, қомақты зерттеу еңбектерінен мағлұмат алуға болады.

Варианттылық (латынша *vagians* — өзгермелі) ұғымы жалпы алғанда бір сөздің нормадан ауытқып, әр түрлі айтылуы (қазір-кәзір), немесе мазмұн, түсініктің бірнеше нұсқада жеткізілуі.

«Вариант» сөзіне қатысты тіл білімінде «инвариант» деген термин бар. Бірақ бұл терминдер о баста тілдік терминдер болып қалыптаспаған. Айналадағы шындық болмысқа заттың (объект) қатысын, құрылымын білдіретін атаулар ретінде жаратылыстану ғылымдарына тән термин болған. Бертін келе, пән аралық термин ретінде тіл білімінде пайдалана бастады. Тіпті

варианттылық ұғымы тіл білімінде инварианттан бұрын пайда болған. Мәселен, Ж. Марузоның «Словарь лингвистических терминов» (М., 1961) кітабында вариант сөзіне түсініктеме берілген, ал инвариант кездеспейді.

А. Мартиненің (чех ғалымы) айтуы бойынша, вариант пен инвариант тілдік құбылыс ретінде алғаш рет Прагалық фонологтардың зерттеулерінен туған. Олар сөздің дыбысталу тұлғасына қарай (в плане выражения) фонеманы инвариант деп, ал оның басқа түрлерін вариант есебінде қарастырады (А.Мартине, 448-б).

Осыдан кейін ғалым тілшілер бұл терминге тілдік «мәртебе беріп» тілдің басқа салаларына қолдана бастаған. Бұл жөнінде зерттеушілер арасында, әсіресе, «инвариант» терминіне байланысты түрлі көзқарас пікірлер қалыптасқан. Қазіргі заман тіл білімінде, «тілдегі варианттылық құбылысын сөз еткенде оның бастапқыда фонемаға қатысты түсіндірілуін еске алсақ, онда тілшілердің инвариант ұғымына көп назар аудармағаны дұрыс...» (Языки мира. ...140-б) деген ой айтылған.

Варианттылық теориясы бойынша, «инвариант» абстрактылы, жалпы ұғымға тән. Демек, инвариант жалпы ұқсас, тектес заттардың жиынтығын айқындаса, вариант сол заттың нақтылы бір түрін көрсетеді.

Тілдегі «вариант-инвариант» құрылымы сыртқы болмыстың да дәл сондай құрылымына ұқсас. Мысалы, адамдарды, айналаны қоршаған заттар (объект) ортақ белгілеріне қарай, бір топқа, тақырып аясына топтастырылады. Мәселен, «вариант» тұрғысына алсақ, ағаш - жалпы ағаш, ал ағаштың нақтылы түрі инвариантқа вариант болады. Сол сияқты тілде де сөз - жалпы сөз атаулы — инвариант, ал оның түрлері, беретін мағынасы вариант есебінде түсіндіріледі. Фонология саласында фонема туралы жан-жақты зерттеулер вариант пен инвариант тұрғысында біраз табыстарға жеткенмен, өзге ғалымдардың бұл терминдерді тілдік единицаның, мәселен, морфологиядағы сөз топтары немесе синтаксистегі сөйлемдерге қатысты қолдануы әр кез ғылыми нәтиже бере алмады. Сөйтіп, ізденіс өрісінде варианттылық пен инвариант туралы шешімі қиын теориялық сұрақтар пайда болады.

Мәселен, орыс тіліндегі сөз варианттарын зерттеген К.С. Горбачевич, сөздің парадигмалық жүйесінен туындайтын вариантты сөздер үшін «инвариант» ұғымын телудің еш қисыны жоқ екенін айтады да, әрі қарай «Қалыптасқан және мазмұнды лексика үшін «инвариант» ұғымы ойдан құрастырылған жансыз схемаға айналады» (Горбачевич, 33-б)- дейді.

Сонымен вариантқа қатысты «инвариант» ұғымы дәл бүгінгі таңда тілшілер үшін аса көңіл қойып, зерделі зерттеуді талап ететін мәселе ретінде қалып отыр. Ал тіл дамуындағы құбылыс - вариант мәселесі жеке, нақты алынып, әлі де болса ғылыми тұрғыда талданып, толықтырылуы әлеуметтік лингвистиканың үлесіне берілген.

Қазақ тіліндегі сөз варианттарының ғылыми зерттелуінің тарихы әріде. 1920-40 жылдарда сөз варианттары жеке дара мақалаларда айтыла бастады. Мысалы, Жубанов Х. «Исследования по казахскому языку». (А.,1966); Самойлович А. Н. «Богатый и бедный» в тюркских языках. -«Известия АН СССР» отд. общ. наук. (1936, № 4); Балақаев М. «Қазақтың әдеби тілінің өсу

жолы». - «Халық мұғалімі» (1941, № 1-2) т.б. еңбектер одан кейінгі жылдарда да көптеп жарық көрген.

И. Қ. Ұйықбаевтың «Қазіргі қазақ тіліндегі варианттылық проблемасы» (А., 1970) еңбегі - қазақ тіл біліміндегі варианттылық мәселесі туралы жан-жақты жазылған құнды еңбек. Автор әдеби тіл нормаларының варианттарын фонетикалық, лексика-семантикалық, грамматикалық-стильдік, орфографиялық, орфоэпиялық дәрежеде қарастырады.

Арнайы зерттеулер арасында С. Бизақовтың «Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің фонетикалық варианттары» (А., 1971), «Варианттылық және әдеби норма» (А., 2001) деген зерттеу еңбектері бар.

Қазақ тілінің фразеологизмдері әр жылдары жиналып, реттеліп, ғылыми тұрғыдан біршама зерттелсе де, жалпы варианттылық мәселесіне ғалымдар үнемі көңіл бөліп келсе де, бұл құбылыстың табиғаты, заңдылығын түгел ашылды деп айтуға болмайды.

Қазақ тілі фразеологизмдеріне тән варианттардың:

- жасалу жолдарын белгілеу;
- пайда болу себептерін ашу;
- олардың түрлерін айқындау;
- қолданылу ерекшеліктерін анықтау;
- тілдік норма мен арақатынасын саралау;
- олардың лексикология мен стилистика саласындағы орнын айқындау;
- вариант пен инварианттың өзара іліктестігін көрсету;
- фразеология варианттылығы мен фразеологиялық синонимдер айырмашылығын айқындау қажет.

Фразеологизмдердің варианттылығын тілдік тарихи категория ретінде өзге де тілдік бірліктермен арақатысын сандық байланыста ғана қарастыру мүмкін емес. Сол себепті де, негізгі зерттеу әдістері ретінде вариант қатарлардың семантикалық құрылысын айқындауда синхронды талдауға, фразеологизм варианттарының тұлғалық түрлерін анықтау үшін салыстырмалы-құрылымдық талдау тәсілдеріне, сондай-ақ, кейбір фразеологизм варианттарының шығу тегін анықтау үшін этимологиялық әдістерге де сүйенген жөн.

Сөздің варианттылығы тілдің табиғи ерекшелігінен туған лексика – грамматикалық құбылыс. Варианттылық тілдің тарихи дамуының жемісі. Фразеологизмдердің варианттылығының пайда болу себептерінде де осындай ерекшеліктер бар. Тұрақты тіркес мағынасына варианттылық нұқсан келтірмейді.

Фразеологизмдер варианттарының жасалу жолдары әр түрлі.

- Тұрақты тіркестің бір компоненті түсіп қалуы мүмкін: *Жанын жегедей жеу//жанын жеу*;
- Тұрақты тіркестің бір сөзі басқа сөзбен ауыстырып айтуы: *Аузынан ақ ит кіріп, қара (көк) ит шығу*;
- Компоненттері фонетикалық немесе морфологиялық өзгеріспен айтылуы: *тұлан//түлен тұту, көмейі//көмекейі бүлкілдеу*;
- Қосымша түсініктеме сөздерді қосып айтуы мүмкін: *болар іс болды//баяуы сіңді*.

Фразеологизмдердің түпкі және туынды тұлғаларына қарай: фразеологизмдердің түпкі тұлғалары – **инварианттары** ал, фразеологизмдердің туынды тұлғалары - **варианттары** деп аталады.

Қазақ тілінде фразеологизм варианттарының мынадай түрлері бар:

- 1.лексикалық
- 2.фонетикалық
- 3.морфологиялық
- 4.лексика-грамматикалық.

СҰРАҚТАР

1. Варианттылық деген не? Инвариант туралы.
2. Варианттың пайда болуы, себептері.
3. Фразеологизмдердің варианттылығы, пайда болу себептері Сөз мағынасының өзгеруі себептері.
4. Фразеологизмдердің варианттарының жасалу жолдары.
5. Фразеологизмдердің түпкі және туынды тұлғалары.

▼ТАПСЫРМА

- И.Қ Ұйықбаевтың Қазіргі қазақ тіліндегі варианттылық проблемасы. (Алматы, 1976). кітабынан конспектті әзірлеу.
- Жаттығудан фразеологизмдердің варианттылығына мысалдар іздеп, жасалу жолдарын талдау.

№3

Олардың биыл батысқа қарай құлашын кең жая қоймай, төрт түлік малын да шығысқа таман өрістетіп, етек-жеңін ұстап отырған себебі сол екен. Олай болғанда біз жаққа екі шоқып, бір қарап, қатты сақ отыр екен ғой. (Қ.Жұм.). Оқтын-оқтын көкірегін қарс айыра күрсініп қойып: “Мен айтарымды айтып болдым. Ендігісін өздерің шешіңдер” дегендей билікті ұлдарына беріп, үнсіз

отыр. (Қ.Жұм). Бибіжамал балаларын баурына қысып, балықшылардың арасында тапжылмай тұр. Кәлен қаны қатып алған. Үн жоқ (Ә.Нұрп.). Мына балаларға ана бол. Ендігі жерде екі жарты бір бүтін болсақ дегім келіп еді. (Ә.Нұрп.) Біз құритын болдық, осымен бәрі де бітті деп, аузын қу шөппен сүртіп, үлкендерді бізге қарсы қойған Оразова өзі барып тұрған ұлтшыл, нағыз алаяқ (Р. Мұқ.). Бүгін осы қорлық еттен өтіп, сүйекке жеткен соң, келіп тұрмыз. (М.Ә). Бірақ, тірі адамға ауыздан шығармайсың, жабулы қазан жабуымен қалсын деген ойға келіп тоқтады (Ж.Айм.). Өзін-өзі танымау, қандай қиырдан ұшыратса да шекесінен қарау – жалпылық сыпат алыпты. (М.Мағуаин). От басы ауыл арасының күйкі кикілжіңіненасып, елдік, заманалық түйіндерді шешуге ауысты деп жүрген биді өз үйінің табалдырығына сүріндірсем жеңіске жеткенім, **абыройын айрандай төккенім.** (Ж.Т.

Тест сұрақтары

1 Тілімізде қалыптасқан бір ұғымды қандай жолдармен жеткізуге болады?

- 1.мағыналас, мәндес сөздермен
- 2.жалғаулармен
- 3.қосымшалармен
- 4.жұрнақтармен

2 Тілімізде қалыптасқан бір ұғымды қандай жолдармен жеткізуге болады?

- 1 жалғаулармен
- 2.қосымшалармен
- 3.вариант сөздермен
- 4.жұрнақтармен

3. Вариант деген не?

- 1.мағыналас немесе синоним сөздер
- 2.нормадан тыс әр түрлі айтылатын сөздер
- 3.әдеби емес сөздер
- 4.бір нұсқадағы сөздер

4 «Қазіргі қазақ тіліндегі варианттылық проблемасы (А.,1970)» деген еңбектің авторы кім?

- 1.І.Кеңесбаев
- 2.М.Балақаев
- 3.С.Бизақов
- 4.И.Қ.Ұйықбаев

5 Фразеологизмдер варианттарының жасалу жолдарының бір түрін көрсетіңіз.

- 1.Тұрақты тіркес компоненттері еш өзгеріссіз қалады
- 2.Тұрақты тіркестің бір компоненті түсіріліп айтылады
- 3.Тіркес құрамына қосымша сөздер енгізілмейді
4. Грамматикалық варианты болмайды

6 Фразеологизмдер варианттарының жасалу жолдарының бір түрін көрсетіңіз.

- 1.Тұрақты тіркес компоненттерінде ешбір өзгеріс болмайды
- 2.Тұрақты тіркестің бір компонентін басқа сөзбен ауыстырады
- 3.Тіркес құрамына қосымша сөздер енгізілмейді
4. Грамматикалық варианты болмайды

7 Фразеологизмдер варианттарының жасалу жолдарының бір түрін көрсетіңіз.

- 1.Фонетикалық варианты болмайды
- 2.Тұрақты тіркестің бір компоненті түсіріліп айтылмайды
- 3.Тіркес құрамына қосымша сөздер енгізіледі
- 4 Грамматикалық варианты болмайды

8 Фразеологизмдер варианттарының жасалу жолдарының бір түрін көрсетіңіз.

- 1.Морфологиялық варианты болмайды
- 2.Тұрақты тіркестің ешбір компоненті түсіріліп айтылмайды
- 3.Тіркес құрамына қосымша сөздер енгізілмейді
4. Грамматикалық варианты болады

9 Фразеологизмдердің түпкі тұлғалары не деп аталады?

1. вариант
- 2.синонимдер
3. инвариант
- 4.омонимдер

10 Фразеологизмдердің туынды тұлғалары не деп аталады?

- 1 синонимдер
- 2.вариант
- 3.инвариант
4. омонимдер

4-тақырып

Фразеологизмдердің лексикалық варианттары.

Сөйлеу тілі болсын, әдеби тіл болсын, басты қағида – тіл- қатынас құралы болғандықтан жанды қозғалыс, даму үстінде түрлі өзгерістерге

ұшырауы табиғи құбылыс. Дүниеде өзгермейтін еш нәрсе жоқ. Табиғаттың, қоршаған ортаның, адамдар тірлігі бәрі бірімен тығыз байланысты. Олай болса, күнделікті қолданып жүрген сөзіміз де, «есік терезесіз», «айдаладағы ақ отау» емес. Бүкіл тіл байлығымыз, сөздік қорымыз тілдің даму сатысында әрдайым кеңейіп, мағына жағынан кемелденіп толыға түседі. Кей ретте, фразеологизмдерде «тұрақтылық» деген белгіні басты шарт етіп алудың өзі де шартты. Бұл тілдің логикалық сатысындағы теріске шығаруды - теріске шығару өмір диалектикасы. Тілдің тарихи даму барысында оның құрылымы үздіксіз жетіліп отырады. Лексикалық құрамның кемелденуі жаңа лексика-семантикалық сөздермен толығуы, тілдегі фактілердің жүйелі сипаты қоғамдық құбылыс ретіндегі тілдің өзінің табиғатынан келіп шығады.

Фразеологизм варианттарының ішінде ең жиі кездесетін лексикалық варианттар. Бұлай болуы заңды да. Лексикалық варианттар басқа да фонетикалық, морфологиялық варианттарға негіз болады. Фразеологизмдердің лексикалық варианттарының қолдануы мен тақырып аясының кеңдігі назар аудартады.

Қатысым әрекетінде варианттылық көбінесе ауызекі сөйлеу тілінің жемісі ретінде фразеологизмдерде де жиі кездеседі. Фразеологизм компоненттерінің кейбір сыңарлары басқа мәндес немесе мағыналас қатардағы сөздермен ауыстырылып айтылатындықтан вариант фразеологизмдер пайда болады. Олардың жасалу жолдарында мынадай ерекшеліктер кездеседі.

1.Фразеологиялық тіркес құрамында алмасқан компоненттер лексикалық мағынасы жағынан өзара синоним, мағыналас болуы керек.

М ы с а л ы: Ит тұмсығы *өтпейтін*//Ит тұмсығы *батпайтын*; *Санда* бар, санатта жоқ//*Санақта* бар, санатта жоқ; *Қарақан* басы//*Соқа* басы//*Жеке* басы.

2.Ауыстырылатын компоненттер гиперо-гипонимдік қатынастағы лексикалық бірліктер болуы шарт.

М ы с а л ы: *Жаны мұрнының* ұшына келу//*Жаны тырнағының* ұшына келу; *Қас* қаққанша//*Кірпік* қаққанша; *Бұрау* басын сындармау//*Шөп* басын сындармау; *Инеге* шаншар еті жоқ//*Қармаққа* шаншар еті жоқ.

3.Тіркес құрамындағы компоненттер өзгергенде вариант фразеологизм болу үшін міндетті түрде алғашқы түпкі тұлғадағы образдылық сақталуы тиіс.

М ы с а л ы: Ауыздыға сөз, *аттыға* жол бермеу// Ауыздыға сөз, *аяқтыға* жол бермеу; *Ат* басын *тіреу*//*Ат* басын *бұру*; *Кеудесінде* оты бар//*Көкірегінде* оты бар.

Фразеологизмдердің лексикалық варианттарында тұлғалық жағынан аздаған өзгерістер болады, мағынасы сол күйінде сақталады. Алайда өзгерген компоненттердің мағыналық реңктеріне қарай стильдік мақсатта эмоционалды-экспрессивті әсері түрліше болуы мүмкін.

М ы с а л ы: *Сенімді* ақтау//*Үмітті* ақтау; *Аузына қан* толсын//*Көзіне құм* толсын.

Бұл мысалдардағы *сенім* – *үміт* сөздерінің мағыналық реңктері айтушы мен тыңдаушыға бірден байқалады. Ал қарғыс мәнде айтылатын

тіркестегі *қан – құм* сөздерінің арасында ешбір мағыналық байланыс жоқ. Жеке сөз ретінде бұлардың синонимдері де болмайды. Бұлар мәтінде **прагматикалық вариант** жасап тұр. Жалпы тұрақты тіркестердің қолданыс аясында қарғыс мәнді тіркестердің экспрессиясы өте жоғары. Мұнда троптың алуан түрлері қолданылады. Қиыспайтын ой қиыстырылып айтылады. Фразеологизмдердің прагматикалық табиғатының көптеген қызметі бар. Мәселен, адамды жағымсыз нәрседен бойын аулақ ұстату, қолайсыз жағдаяттардан жирендіру т.с. - *көрген күнін итке берсін; мұз жастанып, су сүйеніп отыру; жең ұшымен сәлем беру; жағына жылан жұмыртқаласын; аузы-мұрны қисаймай; майлы қасықтай жылпылдау*; Фразеологизмнің ерекше бейнелілігі осындай прагматикалық варианттарды жасайды.

Күнделікті өмірден туатын қатынас құралы - тілдің түрлі қолданыс аясында сөздің лексикалық варианты қажеттіліктен туады. Бір сөзді қиынсыз қайталай берудің артықтығынан, сөйлеуші стильдік мақсатта вариант сөздерді өмірге келтіреді. Олай болса, ФТ-ның лексикалық варианттары тіліміздің алуан түрлі қолданыс ыңғайында өмірдің саналуан жақтарын образды бейнелеу тұрғысында қолданылу қызметі әр түрлі екен. Жалпы ФТ варианттары тақырыбы салалы, мағына жағынан көлемді. Тілдік материалдардан ФТ варианттарының тақырып аясының көптігіне сүйене отырып, фразеологизмнің лексикалық варианттарының түрлерін қысқаша төмендегідей топтастыруға болады:

- Идиомалық тіркестердің лексикалық варианттары.
- Фразеологизмдердің сан есімдер арқылы жасалған варианттары.
- Квантативті варианттары (компоненттер құрамындағы сандық өзгерістер).
- Соматикалық атаулармен кездесетін лексикалық варианттар.
- Көркемдік тәсілдер арқылы жасалған фразеологизмдердің лексикалық варианттары.
- Фразеологизмдердің лексика-семантикалық варианттары.

Идиомалық тіркестердің лексикалық варианттары

Тілдік фактілерді саралай келе, байқалатын жайт фразеологиялық тұтастық – идиомалардың басқа тұрақты тіркес түрлеріне қарағанда лексикалық варианттары сирек ұшырайды. Ол түсінікті де, идиоманың табиғаты: әр жеке компоненттер дербес мағынадан айырылған, лексика-семантикалық қасиеті мүлдем жоқ, сол себепті тіркес тұрақтылығы басым болған сайын варианттылыққа аз ұшырайды.

ҚТФС-де І. Кеңесбаев «Иттің құлы Итақай (менсінбеу) формасының тым сирек айтылатынын ескерте келіп, қазақ ұғымында «Итақай»— иттің ең нашары, ең жаманы деп түсіндіреді. «Ит» сөзіне қосылып тұрған **а-қай** көне жұрнақ, «бала» сөзіне — «қай» жұрнағын жалғап, балақай»

дейміз. Бұл жұрнақтың қосылатын сөздері сирек екен. «Итақай» сөзінің «нашар ит» мағынасында болмай, о *баста* «иттің баласы», «иттің күшігі» мағынасында болуы мүмкін. Мұндағы «ұлы» сөзі бұл тізбекте метафоралық мағынаға ие болып тұр. Иттің ұлы Итақай дегендегі «ұлы» бастапқы тұлға болу керек. Бұдан құлы (Иттің құлы Итақай) вариант емес деуге болмайды. Мысалы: «Елі бай екен. Он мыңдаған қой, мыңдаған түйе «иттің құлы Итақайдай» (С.М.) өреді екен дегенді кездестіреміз» дейді. (ҚТФС, 607). Бірақ І.Кеңесбаевтың «құлы» мен «ұлы» сөзін вариант деуі ойландырады.

Тілімізде жоғарыдағы фразеологиялық «Иттің ұлы Байқұтан» деген де сыңары (*вариант*) бар. «Байқұтан» - иттің аты. Қазақта итке Құттаяқ, Құтжол деп те ат қояды. Жақсы итті байлық құты деп, Байқұтан қоюы мүмкін. І. Кеңесбаев келтірген «құлы-ұлы» фонетикалық вариант, ал Итақай сөзіне лексикалық вариант - Байқұтан сөзі деу үшін де дәлел керек.

Икемсіз, болбыр адамды «*түйе үстінен ит қапты*», «*түйе үстінен сирақ үйітті*» дейді. Мұндағы «*ит қапты*», «*сирақ үйітті*» мүлдем жанаспайтын ұғымдар, тіпті мағыналас та емес. «*Түйе үстінен*» деген тіркес арқылы ғана образ бірлігін сақтап тұрғандықтан, вариант жасап тұр деуге болмайды.

Фразеологизмдердің басқа түрлеріне қарағанда (фразеологиялық бірлік және фразеологиялық тізбек) идиомалардың орын тәртібі өте тиянақты болып келетіндіктен, әрі мағыналарының тым көнеленіп, күңгірттен бастауынан олардың жасалу уәжділігін де анықтау қиындық келтіреді. Дегенмен де, идиомалардың компоненттер құрамындағы сөздердің өзгеріп айтылуынан вариант идиомалар пайда болады.

Мысалы:

- Ішінде *ит (мысық)* өліп жатыр - ешкімге сыр ашпайтын, сақ адам туралы;
- *аспан (әуе)* айналып жерге түскендей - өте ыстық, қапырық деген мағынада;
- ауызбен *орақ ору*, ауызбен *айды алу* — сөзге пысық, іске жоқ адам;
- емшек табы *аузынан кетпеген*, емшек сүті *ернінен кетпеген (кеппеген)* — әлі жас, бала деген мағынада айтылады;
- қамырдан қыл *суырғандай*, қамырдан қыл *тартқандай*.
- Көлденең *көз (көк атты)*~ бөгде, бөтен адам;
- қара қазанның *қайғысы (қамы)* қара қазан, *сары (сар)* баланың қамы - үй-ішінің қамы деген мағынада;
- жүрегінің *түгі (мүйізі)* бар - өте батыл, батыр адам;
- ішіне *шынашақ (пышақ)* айналмау - іші тар, қызғаншақ адам;
- мойнына *бұршақ (шылбыр, моншақ)* салу - тілеу, құдайдан жалбарыну;
- шөп басын *бұрамау (сындырмау)* - түк істемеу;
- өзі *илейтін, (уқалайтын)* терінің пұшпағы - біреу істеп бермейтін өзінің ғана жұмысы;

- қоң етін *кесіп (ойып)* беру — ең жақын адамына ғана жасалатын жақсылық мағынасында;
- сырдың суы *сирағынан (жұлығынан)* келмеу- бейқам, әрнәсеге басын қатырмайтын адам туралы;
- төбесінен *құс (шыбын)* ұшырмау – еркелетіп, бәйек болып отыру;
- ит басына *айран (іркіт) төгілу* – молшылық кез;
- қашпаған *сиырдың (қашардың)* уызына қарату – айтқан сөзінде тұрмау тұрмау;
- жаны *зәр түбіне (қара бақайына)* кету – қатты қоқу;
- жаны *мұрнының (тырнағының)* ұшына келу – қатты қорқу, шошу;
- төбесі *көкке жеткендей*, төбесі *көкке екі елі жетпей қалу* – мәз болу, қуану;
- *жүрегі (иманы)* тас төбесіне шығу – шошу, қатты қорқу;
- *қызыл кеңірдек (өңеш)* болу – дауласу, айтыс-пікір талас;
- жерге *отырғызып кету (жер қаптыру)*- алдап кету;
- жер *сипап қалу (соғып қалу)* - алданып қалу; (мыс. Қайта қарау!)



Келтірілген мысалдарды идиомалардың лексикалық варианттары десек, енді жасалу ерекшеліктері қандай, соған тоқталайық.

1.Компоненттері абсолютті синонимдер емес, мағыналас, мәндес сөздермен алмастырылған вариантты ФТ.

М ы с а л ы: ит тұмсығы *өтпеу (батпау)*, қамырдан қыл *суырғандай (тартқандай)*; емшек сүті *аузынан (ернінен) кетпеген (кеппеген)*.

2.Ауыстырылған компоненттерде мағына жақындығы болмаса да, образ бірлігі сақталып эмоционалды сипатқа ие ФТ:
Қара қылды қақ жару / қырыққа бөлу; (ішіне шынашақ (пышақ) айналмау; Қөлденең көз (көк атты); Жүрегінің түгі (мүйізі) бар; Мойнына бұршақ (моншақ, шылбыр) салу. Жаны мұрнының (иненің, тырнағының) ұшына келу.

3.ФТ компоненттерінің арасында жеке дербес, мағына жақындығы мүлдем жоқ, тек әр компонент ұйтқы сөзбен тіркесіп қана лексикалық вариант жасайды.



Сан есімдер арқылы жасалған лексикалық варианттары

Фразеологиялық тұлғалардың лексикалық варианттарының тақырыптық қатарлары сан есімді компоненттерге байланысты. Тұрақты тіркестердің біраз бөлігі (фразеологиялық тіркестер, мақал-мәтелдер т. б.) *жеті, үш, тоғыз, қырық* сияқты сан есімдердің төңірегінде топталып жүретіндігі белгілі. Бұл сөздердің белгілі бір тізбек, тіркестерге түп қазық болу себебі халықтың ежелгі дәуірдегі ұғым, түсінігімен, салт-дәстүрімен ұштасып жатуында.

Олар белгілі бір нәрсе, құбылыстардың ұғымдық символы ретінде қолданылады. М ы с а л ы: *жеті атасынан түк көрмеген* дегенде жеті сөзі уақыт, мезгілдің шартты көрсеткішіне айналған. Немесе —«*жеті басты жалмауыз*», «*жұт жеті ағайынды*» дегендегі *жеті* сөзі де көптік ұғымына айналып кеткен дейді І. Кеңесбаев (30, 612).

Фразеологизмдерге кейбір сан есімдердің ұйытқы бола алатыны жөнінде, әсіресе, *жеті, тоғыз, қырық, үш* тәрізді сөздердің тіліміздің қазіргі сатысындағы қолданылу тәртібін, осы күнгі семантикалық, стилистикалық қызметі туралы І. Кеңесбаевтың ҚТФС-де жазылған. Қазақ тіліндегі фразеологизмдердің жалпы сан есімді компоненттері туралы да зерттеу еңбегі бар. (қараңыз: А.С. Елешева. Фразеологические единицы с компонентами числительными в казахском языке. А., 1989).

Фразеология ішінде сан есімдер кейде нақты, тура мағынасында қолданылмаса да, кейбір сан есімдер фразеологиялық вариант жасауда ұғымның өлшем есебі және саны ретінде жұмсалады.

ФТ-ның сан есімді компоненттеріндегі лексикалық варианттардың жасалу жолдары:

- Компоненттер құрамының мәнделес, мағыналас немесе синоним сөздермен алмасып келуі арқылы.



М ы с а л ы:

қырық *құрау* - қырық *жамау*;
мың да бір *рахмет* - мың да бір *алғыс*;
бір *жақсысы* - бір *тәуірі*;
екі оттың *ортасында* қалу - екі оттың *арасында* қалу;
алты қырдың *астында* - алты қырдың *ар жағында*.

Мұндағы *құрау* ⇔ *жамау*; *рахмет* ⇔ *алғыс*; *жақсысы* ⇔ *тәуірі*; *ортасында* ⇔ *арасында*; *астында* ⇔ *ар жағында*; сөздері фразеология аясынан тыс тұрып

та мәнделс болып қолданылатын сөздер. Компоненттер құрамының бұлай өзгеруі тіркес мағыналарына стильдік тұрғыда ешбір нұқсан келтіріп тұрған жоқ. Синтаксистік конструкциясы жағынан да сол қалпы, демек бірінің орнына бірі еркін жұмсала береді.

- Вариант болатын сөздердің бір мазмұндас немесе мағыналас жақындық негізінде шоғырланған мәнделс сөздермен ауысып келуі. М ы с а л д а р:



ФТ құрамындағы сан есімдердің тіркесте өзара вариант болуы қызық. Әдетте басқа сөз таптарына қарағанда сан есімдердің семантикалық жағы тұрақты, әрі нақты объектінің санын білдіреді. Соған қарамастан, тілімізде фразеология құрамында олардың өзара вариант боп келетін тұстарында синонимдік қатынасқа түсіп, ауызекі сөйлеуде бір-бірінің орнына еш қиындықсыз қолданыла береді.

➤ . Тіліміздегі біраз фразеологиялық тіркестерге сан есімдер ұйытқы болып, төмендегідей варианттар түзіледі:

- *Біреуі екеу болу // бірі екеу болу; бірді екі ету // бірін екі ету // бірі екі болу.* Бұл варианттар топтау сан есімдері мен тәуелдіктің Ш-ші жағы және табыс септік арқылы морфологиялық варианттар есебінде түрленген.
- Қыңыр, бір мойын адамды *бір езу//сыңар езу // кер//езу* деген варианттармен сипаттайды. «Бір» сөзіне «сыңар» сөзі мағына жағынан мәнделс келіп, *кер езу, кер ауыз* - семантикалық бір өрістегі соматикалық атаулар арқылы вариант жасалған.
- *Бір ауыз сөзге келмеу // екі сөзге келмеу; бір айтқанын екі айтып // бір айтқанын мың айтып* деген тіркестерде *бір, екі, мың* сан есімдері өзара вариант болып тұр.

➤ Халықтық өлшем есебі ретіндегі «елі» сөзі «екі» сан есімімен тіркесіп вариант жасайды.

- *Екі елі ұзамау // екі елі аттап шықпау; есінен бір елі шықпау // есінен екі елі шығармау; аузынан бір елі түспеу // аузынан екі елі тастамау; қасынан бір елі қалмау // соңынан екі елі қалмау.*

➤ Құрамындағы сан есімге мүлде қатыссыз, басқа сөз таптарынан келетін сөздер де вариант тұлғалар жасайды.

- *Он екі саққа жүгірту /әр саққа жүгірту / неше саққа жүгірту - біреу туралы өсек айту.*

«Жарты малта ас болу / алты малта ас болу». Ұзақ жолда малтаны талғау қылған жолаушы жарты малтаға қанағат білдірсе, «алты малта» дегені «малта» сөзіне «алты» ұйқас ретінде алынған тәрізді, үш, төрт малта деуге болмайды. *Алты малта* ас болмай, Өзіңнен туған жас бала, Сақалы шығып жат болмай (Махамбет).

Тіліміздегі «ала жаздай (ұлан жаздай) // алты ай жаздай» деген вариант тіркестер бар. Тегінде алғашқы нұсқа - «алты ай жаздай». Одан келе-келе «алты ай» сөзі бірігіп, элизисті өзгеріске ұшыраған. Ал «ұлан» сөзі *кең, ұзақ* деген *алты ай* сөзіне мәнделес ұғымды вариант болып тұр.

«Алты ай қыс» деп солтүстік аймақтағы қыстың ұзақтығына «алты ай жаз» деген тіркес - оңтүстіктегі жаздың жайын белгілеген халық сөзіне орай туған фразеологиялық тіркес.

ФТ-ның сан есімді тіркестеріндегі жоғарыда келтірілген варианттары ауызекі тілде де, көркем әдебиетте де ұдайы қолданыста жүреді. Көркем әдебиетте стильдік мақсатта автордың жеке сөз қолдану шеберлігі арқылы варианттар пайда болады. М ы с а л ы: *тоғыз торап жол, сегіз қырлы, бір сырлы* деген тіркестердің көркем әдебиеттегі варианттарының пайда болуына назар аударайық.

- Соғыстың *тоқсан торап жолдарының* бірімен бір машина неге өтіп бара жатпайды? Ол машинада Ақбота неге болмайды? (Ғ. Мүсірепов).
- ...Міне, осылай Ахмет бас болған жерден бас болып, жас болған жерден жас болып, тіпті мас болған жерден мас болып *тоғыз қырлы, тоқсан сырлы* болып жүрді (С. Торайғыров)

Сөйлемдегі *тоқсан торап жол, тоғыз қырлы, тоқсан сырлы*, деген варианттар автордың жеке сөз қолдану тәсілінен, әдісінен туған. Көркем шығарма тілі, негізінде, халық тілі дәстүрінде дамып, қалыптасады. Алайда, ақын-жазушы өз шығармасында шығармашылық мақсат мүддемен кей ретте қалыптасқан тұрақты тіркестерді өңдеп, өзгертіп пайдаланатын тұстары бар.

Әсіресе, ауызекі сөйлеу тіліне тән құбылыстарды автор үйреншікті, қалыпты жағдайдан бұра тартып, жаңа қолданыстың тосын естілуімен тыңдаушысын (оқушысын) елең еткізіп, назарын аударады. Мұндай окказионалды өзгерту белгілі бір стильдік мақсатқа сай алынған.

Келтірілген параллель мысалдарды оқып отырғанда, жаңа варианттарға ойды күшейту, аз да болса басқалай рең, сипат беру жағы көзделген. Авторлар өзіндік сөз қолдану шеберлігінің арқасында кейіпкер тіліндегі аталған сөздер нормадан ауытқу бола тұра ойды күшейту, салмақ түсіру, оқушы талғамына әсер ету бағытында қолданылған, өзгеріске түскен узуаль фразеологизмдердің авторлық варианттары деп қабылданады.

Фразеологизмдердің квантативті варианттары құрамындағы компоненттердің кемуі немесе қосылуы арқылы жасалады. ФТ-ның квантативті варианты - құрамындағы компоненттерінің кемуі арқылы (эллипсис) немесе қосылу арқылы жасалған лексикалық варианттар.

Тілімізде кең тараған, әсіресе, ауызекі сөйлеу стилінде жұмсалатын фразеологизмнің лексикалық варианттарында компоненттер саны жағынан қысқаруы арқылы пайда болған варианттар баршылық. Тіл білімінде жалпы мұндай құбылысты эллипсис - сөйлеу тілінде немесе мәтінде белгілі бір мүшенің синтаксис конструкциясында «жетіспей» тұруы деп түсіндіреді.

Бұған дейін сөз еткен лексикалық варианттардың құрамындағы компоненттері ғана ауысып, сырт құрылымы өзгермеген болса енді бір не, екі сөздің түсіп қалуынан (қысқаруынан) ФТ-ның сандық құрамы өзгереді. Соған қарамастан, эллипсисті варианттарда бүкіл фразеологизм құрамындағы тірек сөз сол күйінде қалады да, тек жартылай немесе толық мағыналық байланыста жұмсалып тұрған сөз ғана түсіріліп айтылады. Бірақ фразеологизмнің бүкіл мағынасы толық сақталып, ұғым тез түсініледі.

М ы с а л ы: *Бақ (бақыт) құсы қону, бақ қону* - дәулет бітіп, атақ дәрежесі артқан.

Фразеология аясында кездесетін мұндай эллипсисті варианттардың жасалуы төмендегідей:

1. Фразеологизмдердің лексикалық варианттарының көбі тіліміздегі көркемдік тәсілдер арқылы жасалатыны белгілі. Бұл ретте теңеу, метонимия, метафора т. б. түрлері арқылы жасалған ФТ компоненттеріндегі әлгі аталған тәсілдер түсіріліп айтылады немесе тірек сөз сол тәсілдің қызметін атқарады.

М ы с а л д а р: *Жанын жегідей жеу - жанын жеу; тұқымын тұздай құрту - тұқымын құрту; бір шай қайнатым - шай қайнатымдай; бүйі тигендей болу - бүйідей тию; көзін тырнап ашқаннан бері - көзін ашқаннан бері; шыр көбелек айналдыру - шыр айналдыру* т. б.

2. Толық құрамды ФТ компонентіндегі анықтауышты, пысықтауышты тіркестердің бірі түсіріліп айтылады.

М ы с а л д а р: *«Түү» дегенде түкірігі жерге түспеу - түкірігі жерге түспеу; көрер таңды көзімен атқызу - таңды көзімен атқызу; бақыт (бақ)*

құсы қону - бақыт қону; бәз баяғы қалпы - баз қалпы; адал қара бітпеген - қара бітпеген (кедей, малдан ештеңесі жоқ деген мағынада); аппақ құдай болу - құдай болу; алты бақан ала ауыз - алты ауызды ала - алты ауыз.

3 ФТ-ның қос сөз түрінде келетін компоненттеріндегі бір сөздің қысқартылып айтылуынан жасалған эллипсисті вариант.

М ы с а л д а р: Зәре-құтын алу - құтын алу; аң-таң қалу - таң қалу; әмпей-жәмпей болу- жәмпейлесе қалу; әзер-мәзер дегенде - әзер дегенде; бет-аузы дала-дай - беті даладай; ант-су ішу - ант ішу; тіл-жағы байлану - тілі байлану; дәм-тұзы таусылу - дәмі та-сылу; өсек-аяң еру - өсек еру т. б.

4. Үш немесе төрт компоненттен тұратын бір тармақты, қос тағанды фразеологизмдердің кейбір компоненттері сөйлеу тілінде түсіріліп айтылады. Мысалдар: *Екінің бірі, егіздің сыңары - екінің бірі; қызыл шұнақ сары аяз (сақылдаған сары аяз) - сары аяз - шұнақ аяз; қағанағы қарық, сағанағы. сарық болу - қарық болу; санда бар, санатта жоқ - санда бар немесе санатта жоқ (параллель пайдаланылады).*

Түк көрінбейтін қараңғылық туралы - «көзге түртсе көрінбейтін қараңғы» фразеологизмнің эллипсисті варианты бірнеше түрмен айтылады: *Көзге түртсе көргісіз қараңғы - көзге түрткісіз қараңғы - көз түрткісіз.*

«Жер болып қалу - жер болу» қатты ұялу, ыңғайсыздану мағынасында. «Жер» сөзінен «ұят» сөзіне қатысты қандай фразеологизм жасалуы мүмкін? Көне түркі жазба ескерткіштерінде ир сөзі ұялу, қысылу мағынасында қолданылған. *Ер ир* болды деген сөйлем (*кісі*) *жер болды* – Махмуд Қашқари сөздігінде ұшырасады (41, 211). Осы тіркестерден әрі қарай «жерге кіріп кете жаздады, жерге қаратты» деген тіркестер жасалған. О бастағы «жер» сөзі «ұялу», «жерге қарау» «төмен қарау» сөзінің мәнінде жұмсалған екен (121, 61)

5. Қарғыс мәнде айтылатын фразеологизмдерде кейде жеке компоненттерінің түсіп қалуынан да эллипсисті варианттар жасалған.

М ы с а л д а р: Жетпей желкең қиылғыр - желкең қиылғыр; тіліңді тәңір кессін - тілің кесілсін т. б.

Қорыта келгенде, фразеологизмдердің мұндай варианттары ауызекі сөйлеу тілінде көбінесе окказионалды өзгеріспен түсіріліп айтылып, келе-келе вариант есебінде жұмсалатын тіркестер. Тұрақты тіркестер компоненттерінің мұндай толық және толық емес түрлерін А. Молотков фразеологизмнің факультативті компоненттері деп атаған (46, 87).

Сонымен фразеологизм компоненттерінің сандық өзгерісі мағына жағына ешбір сапа өзгерісін әкелмейді. Компоненттің кемуінен жаңа фразеологизм жасалмайды, ішікі мағына бірлігі үнемі тұтастық қалпында қалады.

Соматикалық атауларға байланысты фразеологизмдердің лексикалық варианттары

Құрамында дене мүшелерінің атаулары бар тұрақты тіркестерді соматикалық фразеологизмдер деп атайды. Лексикологтардың айтуына қарағанда қазақ тіліндегі тұрақты тіркестердің 30% - жуығы соматикалық атаулардан тұрады (Болғанбаев, 8).

Башқұрт фразеологы З. Г. Ураксин: «Қазіргі түркі тілдерінде біраз фразеологизмдер дене мүшелерінің атауларынан жасалған. О баста бұл тіркестер дене мүшелерінің әр түрлі қалып жағдайын білдіргенімен, ауыспалы мағынада адамдардың түрлі психикалық күйлері іс-әрекеттерін айқындауда олар бара-бара фразеологизмдерге айналған» (158-159) деп, дене мүшелеріне қатысты сөздердің тұрақты тіркестерді жасауда жалпы түбі бір түркі тілдес халықтарға тән ортақ белгілерін және оның этимологиясын салыстырмалы түрде айқындаған.

«Анатомиялық атаулар негізгі сөздік қорға жататындықтан, көп мағыналы, туынды жаңа сөз жасауға сонша бейімділігімен ғана сипатталмайды, сонымен бірге тұрақты тіркестер жасаудағы белсенді қызметімен де айырықша көзге түседі». (Болғанбаев,107). Бір сөздің өзі бір ғана ұғымға телінбей, әлденеше ұғымға, ортақ атауға айналып кеткен. Сөйтіп, сөз мағыналарының сан мөлшері бір қалыпты қатып қалмаған. Қайта үнемі дамып, өсіп-өзгеріп отыратын динамикалық үздіксіз процесс екендігі байқалады. Анатомиялық атаулар толық мағыналы, көп мәнді болғандықтан, жаңа (туынды) сөздер жасауға да соншалықты «қабілетті» екендігін көрсетеді.

Қазақ тілінің он томдық түсіндірме сөздігіндегі анатомиялық атауларға қатысты тұрақты тіркестерді жинап-терген Ә. Болғанбаев олардың анатомиялық атау мен жалпы адамға қатысты сөздер дегеннің ұғымы нақ бірдей еместігін көрсетеді

Жекелеген сөздердің бұл ұғымға жату-жатпауын есепке алмай, жалпы адам біткенге қатысты сөздер мен фразеологизмдерді барынша түгел қамтып көрсету мақсатында сөздікте адамның дене мүшелеріне қатысты екі жүзге жуық, сөздер қамтылып, бұлардан туындаған 4200 фразеологизмдер екені анықталған (Болғанбаев, 120). Бұл қазақ тілінің анатомиялық атауларға қатысты фразеологизмдерге соншалықты бай екендігін көрсетеді. Тілдегі фразеологизмдердің мол қорын қалыптастыруда адамның дене мүшелерінің қызметін жай кездейсоқ нәрсе деп қарауға болмайды. Адамдар өзіне тән қимыл-әрекетін, ішкі психологиялық жай-күйін, бойындағы бар болмыс қасиетін айнала қоршаған ортаға, түрлі құбылыстарға ұқсастырып, салыстыра сөйлеуді әдет еткен. Мысалы, сөзге шебер, шешен кісі туралы «тілге жүйрік», «тілі майда», «тіл мен жағына сүйенген» т. б. деп айтады.

«Тырнақ астынан кір іздеу» - жаманшылық қуу; аузы (ерні) «аққа тию» - айран-сүт ішу, бір нәрсеге қолы жету; «аузы аппақ болу» - үлесінен құр қалу; «тізесін батыру» - күш көрсету; «басын жарып, көзін шығару» - ешкімді тыңдамау, дегенін істеу т. б. толып жатқан ұқсас құбылыстарды соматикалық атаулар арқылы жеткізген.

Фразеологизмдердің шығу көзі метафоралық сөйлеуден туса, «адамның метафоралы мағынада қолданымайтын мүшесі жоқ, басынан аяғына дейін, яғни барлық мүшесі метафораланады» (Болғанбаев, 76). Қазақ тіліндегі анатомиялық атаулардың ішіндегі фразеологизмдерді жасауда қызметі жағынан, ең өнімділері деп, *көз, жүрек, жан, қол, бас, ауыз, бет, аяқ, іш, тіл* сияқты он түрлі атауды ерекше айтуға болады.

Соматикалық атаулармен жасалған тұрақты тіркестер ішінара түрлі өзгерістерге ұшырап отырады. Компоненттер құрамындағы бір сөз (атау) басқа туыстас, мағыналас сөздермен (атаулармен) алмасуынан мағыналарына еш нұқсан келмейді. Тіркестегі образдылық пен эмоциялық әсер толық сақталады. Осыдан барып, соматикалық фразеологизмдердің лексикалық варианттары пайда болады.

Соматикалық атауларға байланысты фразеологизмдердің лексикалық варианттарының жасалу жолдары төмендегідей:

1. Атқаратын физиологиялық қызметінің жақындығы, ұқсастығы жағынан сәйкес (шектес) соматизмдер, фразеологизм құрамында бір мағына жасайды. Мысалы: *қабағы (шекесі) тырысу, арқасы (жоны) қышу, аяққа (етекке) жармасу, бет (жүз) жыртису, қолы (тырнағы) (тісі) бату;*

2. Тұтастың бөлшегі ретінде мағыналық жақындық негізінде пайда болған компоненттердің алмасуынан пайда болған соматикалық атаулар фразеологизмдердің лексикалық варианттарын түзеді. Мысалы: *мойнына (бұрымына) құрым ілу; кеудесіне (көкірегіне) нан пісу; аяғынан (табанынан) таусылу, он қолынан (саусағынан) өнер тамған.*

3. Контекстегі окказионалды авторлық өзгерістер вариант болады. Окказионалды сөйлеу тілінде кездесетін түрлері: *Жағына оқтау* (пышақ) *жанығандай, бойын* (іргесін) *аулақ салу, төбе құйқасы* (тұла бойы) *шымырлау; басы* (бөрі) *қара қазандай болу т.б.*

4. Лексикалық варианттың енді бір түрі семантикалық трансформация процесі арқылы жасалады. Яғни мәтіндегі бір ұғымды білдіретін сөз туыстық, мағыналық бір өрістегі сөзбен ауыстырылып, тақырыптық қатар жасайды. Осыдан барып, тақырыптық салаға шоғырланған сөз мағыналары топтасады. ФТ-ның лексикалық варианттары осы топтасқан тақырып аясында анатомиялық атауларға қатысты сөздерден пайда болады.

Бір тақырыптық аймаққа шоғырланған анатомиялық атаулар жасаған варианттарға мысалдар:

Аяғына (аузына, тіліне) кісен салу; қадамың (аяғың) құтты болсын; көз (тию, өту), тіл-көз тию; аузы (тізесі, тісі, қолы, тырнағы) бату; самайын (саңалын, шашын) ақ (боз) қырау шалу; аузынан (тілінен, сөзінен) қағыну.

«Бұғана» - анатомиялық атау. Бір ұшы жауырын басымен, екінші ұшы төспен жалғасып жатқан ұзындығы – 12-15 см. имек сүйек. Мысалы, тілімізде

адамның ер жетпеген, кемеліне келмеген шағын «буыны қатып, бұғанасы бекімеген» тіркесімен қатар, «буыны бекіп, бұғанасы қатпаған» деп те айтады. Осындағы *беку, қату* мәндес етістіктер компоненттері арқылы жасалған тұлғаға «қабырғасы қатып, бұғанасы бекімеген» деген жаңа вариант пайда болған. Мұнда «буын» сөзі «қабырғамен» алмасып, окказионалды (сөйлеу дағдысынан ерекше) өзгеріске ұшыраған. «Қабырғасы қатып» дегеннің кілең дауыссыздармен басталуы, яғни аллитерациямен ерекшеленуіне қарағанда айтушы (сөйлеуші) қатаң дыбыстардың ыңғайына қарай, «қату» етістігінің алдына «қабырға» сөзін алуы да мүмкін. М ы с а л ы: *Арқада аяз болмаса, арқар ауып несі бар* дегендегі ассонанс - кілең дауыстылардан басталатыны сияқты т. б. түрлерін есімізге алсақ та жеткілікті. Сөйтіп, бұл арада бастапқы «Буыны бекіп, бұғанасы қатпау» түріне аллитерация арқылы жаңа вариант «Қабырғасы қатып, бұғанасы беку» деген басқа варианты пайда болған. Тұрақты тіркестердің мұндай өзгерістерге ұшырауы тілдегі басы артық құбылыс емес. Керісінше сөйлеу тілінің стильдік әсерін молайту үшін жұмсалатын әдістердің бірі.

Логикалық жағынан алып қарасақ анатомиялық атаулар - нақты атаулар. Дегенмен де ауызекі тілде о бастан-ақ кейбір анатомиялық атауларды синоним сөздермен айту қалыптасқан. М ы с а л д а р: *бетің бар, жүзің бар демеу (бет, жүзің бар демеу); бет жүзге қарамау; мұрнын (танауын) (тұмсығын) көтеру (шүйіру); аяғынан (табанынан) сарсылу (сарсылу, тозу, таусылу); аяқ (табан) астынан;*

Дене мүшелерінің атаулары сөздік қордың өте ертеден келе жатқан көне тобы. Сол себепті де соматикалық атаулардың фразеологизмдер құрамында көптеп кездесуі заңды да.

Соматикалық фразеологизмдердің лексикалық варианттары тіліміздегі басы артық нәрсе емес. Олар алуан түрлі варианттарымен стильдік ыңғайда жұмсалатындықтан үлкен тірек, таусылмас қор.

Фразеологизмдердің көркемдік тәсілдер арқылы жасалған лексикалық варианттары

Көркемдік тәсіл фразеологизмнің варианттарын жасаудың арнаулы жолы емес. Әдеби шығармадағы көркемдік тәсілдер - өзіндік ерекше сөз қолданысы.

Ертеде әдеби тіл дамығанға дейін-ақ, сөйлеу тәсілінде көркемдік мақсатқа сай, қоршаған орта шындығын тілдік тәсілдермен жаңғырта көрсету тіл өнерінің басты талабы болған. Көркемөнердің кез келген түрінің өз формасы, оның әрбір элементінің өз мағынасы ішкі ойы болады. Осы өз мағынасы, ішкі ой дегендер оқушыға, тыңдаушыға тек тілдің поэтикалық құрылысы, сөз өрнектері арқылы жетеді. Тыңдаушы талғамына сай баяндалар оқиғаны әр түрлі поэтикалық тәсілдермен жеткізе білу, эмоциялық бояуын айқындау - бәрі айтушының (сөйлеушінің) ой-қиялының субъективті жемісі.

Дүниедегі құбылыстың әр алуандығына қарай, жеке сөздер табиғаты да сан түрлі және қолдану өрісінде мейлінше құбылып, өз бойында әсерлілік

барын аңғартып тұрады. Көркем тілдің қолданар аясы, бар мүмкіндігі сөйлеу тілінде де, әдеби тілде де кеңінен сараланады.

Әдетте, фразеологиялық сөз тіркесі, оның варианттары сөйлеу тілінен бастау алады десек, күллі фразеологизм - кәдімгі ауызекі сөйлеу тілінің жемісі. Фразеологизм - сөйлеу процесінде, демек белгілі бір сөйлем ішінде құлпыра кететіні белгілі. Ширыққан ойды шыныққан сөзбен жеткізу дайын тіркестерді қолдануға мәжбүр етеді.

Фразеологиялық тіркесті сөзде толғаныс, сезім, образ, ырғақ бар деп қарау керек. Тұрақты тіркесте логикалық қимыл бар, әрекет бар. Сөйлеушінің, айтушының үні әдемі сөз өрнектерімен, тілдің асқақ поэти-қасымен астасып жатады. Мұның бәрі жай құбылыс емес. Фразеологизмдегі сөздер мен сөйлемдерде қиыннан қиыстырған ой жатыр.

Көркемдік тәсілдер арқылы (теңеу, эпитет, метонимия, метафора т. б.) жасалған ФТ-ның лексикалық варианттары әр алуан.

Т е н е у. Теңеу атынан да белгілі зат, құбылысты басқа нәрсеге теңеп, салыстыру арқылы заттың немесе оқиғаның қасиетін айқындай түседі. Фразеологизмнің лексикалық варианттарының теңеу арқылы жасалу жолдары :

1. Есімдерге, етістіктің есімше түріне **-дай, -дей,-тай, -тей** жұрнақтары жалғану арқылы туынды сын есімдер сапалық, пысықтауыш қызметінде теңеу, салыстыру мағынасында жұмсалады. Мысалы: *Абыройын төгу (абыройын айрандай төгу, ұятқа қалды, ар ұяты кетіп, қатты масқара болды.* Алғашқы сыңарына қарағанда, соңғы вариантындағы «айрандай» деген теңеумен тіркес жаңа эмоционалды мағынаға ие.

«Сең соққандай болу, сең соққан балықтай болу» - есеңгіреп, не істерін білмеу. Бірінші фразалық тіркеске үстеме теңеу (балықтай) сөзбен, мағынада тың образдылық, нақтылық пайда болған.

Тілімізде *өңі қашқан, сұп-сұр* немесе *құп-қу* адамның кескінін былай сипаттайды: *«сақарға салғандай».* Осы тіркестегі ой одан әрі дамытылып, мынадай варианттар жасалған: *«сақардан шыққан сүйектей»-* жай шыққан сүйектей емес, одан әрі *«сақарға қайнатып алған сүйектей»* деп айқындай түседі.

«Жанын шүберекке тую», «шыбындай жанын шүберекке тую» - соңғы варианттағы «шыбындай» деген теңеу бүкіл тіркес мағынасын эмоционалды-экспрессивті әсерге бағындырған. Бұл фразалық тіркестердің барлығы сөйлем ішінде айтушының ойын нақтылап, дәлелдей түсу үшін келтірілген теңеулердің фразеологизмдердегі образдылықты байытуда, әрі варианттар жасауда елеулі қызмет атқаратыны көрініп тұр.

2. **-ша, -ше** жұрнағы арқылы үстеуге айналған есімдер де теңеулік сапа мағынасында жұмсалады. Кейде **-дай** жұрнағының орнына **-ша** жалғанып та вариант теңеулер жасайды. Сөйлемде олар пысықтауыштық қызмет атқарады. Осы тәсілмен мағыналары мәнделс сөз ыңғайында жұмсалатын «өтірік-өсек», «өсек-өтірік» сөздері өзара түрлі теңеулермен ФТ-ның лексикалық

вариантын құрайды. *Өсекті қарша борату (өтірікті қарша борату / өсекті судай сапыру) өтірікті судай сапыру.*


Теңеу арқылы ФТ-ның кейбір лексикалық варианттары айналадағы қоршаған орта құбылыстарының және атаулардың ситуациялық сырт ұқсастықтары арқылы жасалған. *Ит көрген ешкі көзденіп (ит көрген мысықша ұрпю) ит көрген текедей.* Мұндағы *ешкі, теке* құбылыстың ұқсас әсерінен тұрақты сөз тіркесі құрамында айтылу мәнеріне қарай айырықша реңк үстеп тұр.

3. ФТ-ның теңеу арқылы жасалған кейбір варианттары халықтың дәстүрлі тұрмыс тіршілігінен алынған. 1) *Сүттей ұю//айрандай ұю //имандай ұю.* 2) *Аш бөрідей* жалақтау //алақтау 3) *Қойға шапқан бөрідей// қойға тиген аш бөрідей.* Екінші, үшінші келтірген мысалдардағы алақтау, жалақтау, шапқан, тиген - мәндес етістіктердің өзара алмасып келуінен теңеудің лексикалық варианттары құралған.


Э п и т е т — тілде өте жиі қолданылатын және қалыптасқан көркемдік тәсіл. Эпитеттің шығу тарихын зерттеушілер тілдің замандардан бері келе жатқан адам баласының сәбилік дәуірінде өзінің ой-пікірін сурет арқылы берумен байланысты жарыққа шыққан деп таниды. Эпитет басқа тілдердегі тәрізді қазақ тілінде де негізінен сын есім арқылы жасалады.

Өмірдегі құбылыстың шексіздігіне орай, тіліміздегі эпитеттер де соншалықты көп, атқаратын функциясы да мол. Эпитеттің басты міндеті заттың немесе құбылыстың қасиетін анықтау, жеке белгілеріне назар аударып, басты орынға қою, оны күшейту және «поэтикалық колорит» үстеу. Фразеологизмде эпитет немесе көркем анықтауыштың алатын орны айырықша. Тіліміздегі тұрақты тіркестерді эпитетсіз кездестіру мүмкін емес. Эпитет арқылы ФТ-ның лексикалық варианттарының жасалу тәсілдері әр түрлі.

1. Жеке, дербес мағыналы сөздер өзара алмасып келіп, ұйытқы сөзбен эпитетті вариант жасайды. Мысалы:





Мұндағы *жауап, саясат, сөз* - мағыналары бөлек, бір-бірінен мүлде алшак ұғымдарды білдіреді. Алайда бұлар «шығарып салма» тіркесі арқылы функционалдық ұқсастыққа, мағына жақындығына ие болғандықтан, лексикалық вариант жасалған.




Мұнда есім сөзге одағай вариант боп тұр.

2. Абсолютті синоним емес, бірақ мәнделес, мағыналас сөздер эпитетті вариант құрайды.

Мысалы:



Бір ғана «алып қашты» (қашпа) эпитет маңына топталған мәнделес мағынадағы сөз, *дақпырт*, *өсек*, *өтірік*, *қауесет* - бес түрлі жай суретті сөзге айналған. Эпитетті тіркестер мағына бірлігі толық сақталған сөздермен жасалып, вариант болады. Мысалы: «дала» келбетінің бір көрінісі он түрлі вариантпен ұшырасады.



Мағыналас қимыл етістіктері арқылы жасалған эпитетті вариант: итеріп салма сөз (шығарып салма сөз), сырғытпа сөз.

3. Фразеологизмнің кейбір эпитетті түрі қосымша теңеу сөз арқылы варианттар жасайды. Мысалы: *Қыран күлкі (қыран-топан күлкі) қыран жаспақандай күлкі.*

4. Кейде керісінше теңеумен жасалған варианттардан әрі қарай эпитетті вариант пайда болады. Мысалы: *балтыры бесіктей (балтыры келідей) түйе балтыр.*

5. Сыртқы құбылыс белгісінің өсуі, саралануы арқылы жасалған аралас (эпитет, теңеу) варианттар.

Жазушының немесе айтушының метафора, метонимия, теңеу т. б. көркемдік тәсілдерін қолдану-қолданбауы өз еркі. Ал эпитетсіз аяқ басу мүмкін емес. Жазушы тілдегі көркемдік тәсілдерді жай қолдана бермейді, олардың қайсыбір түрін автор, ең алдымен, шығарманың идеясына, кейіпкерлер әрекетіне лайықтап, эстетикалық талғаммен қолданады. Сөз жоқ, бұл ретте ғасырлар бойы жаңарып, көненің көзіндей болған, халық жасаған фразеологиялық тіркестер талғам табиғатынан табылатыны ақиқат.

«М е т а ф о р а»— тек көркемдік құбылыс емес, сонымен қатар, ойлау және тілдің танымдық категорияларының бірі. Метафора – поэтикалық тілдің көріктеу құралы болып қана қоймайды, ұлттық сана, ұлттық дүниетаным, ұлттық мәдениетпен астасып жатады.

Метафора генезисі нақты, адамдар тәжірибесінде дүние танудың тарихи даму процесімен түсіндіріледі. Метафора жасауға бейімділік болмыс құбылыстарының байланысы мен қарама-қайшылығын тани білу қабілетімен төркіндес жатыр. Құбылыстың табиғаты мен ерекшелігін екінші бір құбылыстың белгілері мен қасиеттері арқылы бере отырып, метафора көрінерлік бейнені байыта түседі. Затты немесе құбылысты айқындай түсу үшін екі нәрсенің ұқсастығына қарай бірін-бірі ауыстыру, балау арқылы жасалатын метафоралық тәсілді сөйлеу тілінде жиі қолданамыз. Бұл арқылы айтушы жай сөздер мен сөз тіркестеріне қонымды рең береді. Адамдардың санасындағы білім, өмірден көрген тәжірибе, соған байланысты жасалған тұжырым ең соңында пайда болатын ассоциация фразеологиялық метафораны дүниеге келтіреді. Тілдегі образды тіркестер көбінесе фразеологиялық материалдарды байытуға әсер етеді. Себепсіз метафоралы тіркес пайда болмайтынын ескерсек, онда кез-келген метафоралы тіркес мағынасында сол тілде сөйлейтін ұлттың таным-білімі байқалады. Адамдардың ойлау жүйесі бүгінгі таңда сәт сайын өзгеріп жатады. Құбылыстар мен жағдайлар арасындағы ұқсастық, оның тіл көрінісіндегі мүлдем жаңа образбен астарлануы қашан да сана төңкерісінің маңынан табылуы керек.

Қазақ фразеологизмдерінің бейнелілігі метафораға тікелей тәуелді. Мысалы, уәжділігі жоқ, шығу төркінін анықтау қиын тіркестерде метафоралық тіркестер жиі кездеседі. «Фразеологизмдердің шығу көзі метафоралы сөйлеуден» дейді қазақ тілінде сөздердің метафоралы қолданылуы туралы көлемді зерттеу еңбегін жазған Б. Хасенов (41). Автор ұлғайған метафораның негізінде «ала көз болу, «сіркесі су көтермеу», «тіл мен жағна сүйену» «аузы аппақ болу», «сыңар жақ болу», «тіс қаққан», «іріткі салу» т. б. сияқты идиомалар жасалған дейді. Ал идиомалардың ФТ-ның басқа тіркестеріне қарағанда лексикалық варианттарын сирек ұшырайды. Мұнда тіркес тұрақтылығы басым болған сайын варианттылық аз кездеседі. Идиоманың о бастағы шығу төркіні, ауыспалы мағынаға ие болуы метафораланудан туғандықтан бұлай болуы заңды да. ФТ-ның лексикалық варианттарын жасайтын басқа көркемдік тәсілдерден метафораның айырмашылығы - сөз мағынасын ғана жаңғыртып, ал сырт тұлғасына, фонетикалық, морфологиялық өзгеріс енгізбейтіндігі.

Осы айырмашылықты ескере отырып, метафоралы варианттарының жасалу жолдарының күрделі де қарапайым екендігіне көз жеткіздік. Қарапайымы сол - метафораны табиғаттың өзі сыйлаған, кез келген адам «байқамай» қолдана береді. Ал күрделілігі - айтушы (жеткізуші) оқиғаның, құбылыстың ерекше әсер еткен бір белгісіне қарай образды ауыспалы мағынада жеткізуге тырысады. Қазіргі заман лингвистикасының полипарадигматикалық даму ерекшеліктерін ескерсек, метафора құбылысының алдымен антропоцентрлік бағыттағы сипаты ашылу керек. Метафораның пайда болу, жасалу ерекшеліктерінде ұлттық мінездеменің орны бар. Ол үшін заттар мен құбылысты жақсы меңгеруі тиіс және ерекше қасиеттері мен белгілерін таңдай білуі керек.

Жасалу жолдары мына төмендегідей:

1. Фразеологиялық тіркестің сырт тұлғасы еш өзгеріссіз қалады. Тіркес құрамындағы ауысқан компонент ауыспалы мағынада қолданылады. Мол өмір, уайым қайғысыз тіршілік, еркіндік, жайбарақат күн кешуді «жағасы - жайлау», «төбесі - қыстау», «жағасы - жайлау, төсі- өріс», «жағасы - жайлау, арқасы - өріс», етегі - қыстау» деген вариант тіркестер кездеседі.

Мысалдар:

Маратжанның жағасы жайлауда, етегі қыстауда еді (С. Ә.). Жағамыз жайлау, арқамыз өріс болып отыратын басымыз аяқ астынан мұндай пәлеге кез болдық. Шешін, шырағым,- деді Наушан,- Өзің жоқта үйіңе кіріп алып, жағамыз жайлау, төбеміз қыстау, отырмыз жайланып (Ғ. Мүср.). Ой, шатастырған құдай-ай, мен де сол сияқты шаруа бағып үйде тыныш жатсам, әуелден жағам жайлау, төсім өріс болмай ма? (А. Н.).

Келтірілген мысалдарда алғашқы компонент еш өзгеріссіз *жағасы - жайлау* күйінде қайталанып, екінші компонент *төбесі, етегі- қыстау, төсі, арқасы - өріс* күйінде түрленіп отырған. Соңғы сыңардағы өзгерістер *төбе - арқа* – соматикалық атаулардың атқаратын қызметінің мағына жақындығы тұтастың бөлшегі тәрізді функционалдық жағына қарай метафораланып, фразеологизмнің лексикалық варианттары жасалған.

2. Метафорамен жасалған ФТ-ға қосылған үстеме жаңа теңеу арқылы лексикалық вариант жасалады.

М ы с а л ы: *азу тісі- алты қарыс*. Соңғы метафора тіркестің орнын теңеулер алғанда: *азу тісі балғадай, азу тісі пышақтай* деген тіркестер бастапқы *азу тісі - алты қарыс* тіркесіне вариант боп тұр.

Метафораның қолдану аясы тіпті әріде. Кез келген қазақ ертегілері, өлең-жырлар метафораға бай.

М ы с а л ы: *Алтын айдар, жібек шашты, алтын айдар қалам қас, алтын айдар шоқ белбеу*. Осындағы «жібек шашты, қалам қас», «шоқ белбеу» - алтын айдарлы кейіпкерлердің бүкіл болмысын суреттеуде көрінерлік сипатын байыта түскен.

М ы с а л д а р: Бет пердесін ашу – Бет пердесін жұлу– Бет пердесін сыпыру – Бет пердесін жырту; Ой жүгірту – Ой жіберу;

Көріктеу тәсілдерінің тіліміздегі өнімді қолданатын тағы бір түрі –

м е т о н и м и я (алмастыру). Анықтамада метонимия дегеніміз - бір жақ аттары алынып, өз мағынасында емес, екінші мағына аралығында жақындығымен бірінің орнына екіншісі алмастырылып қолданылатын және сол құбылысты түгел көрсете алатын көркемдік тәсіл. Ауыстырудың троптың басқа түрлерінен айқын ерекшелігі - сөйлеу стиліне бейімділігі. Ал фразеологизмнің жаны сөйлеу стилінде басым болғандықтан, көркемдік тәсілдердің бұл үлгілері фразеологиялық тіркестерде молынан кездеседі. ФТ-ның метонимия үлгісімен пайда болған варианттарының жасалу тәсілдерінің түрлері.

❖ Құрамындағы компоненттер өзара мағыналық байланысы жоқ сөздер арқылы вариант болады. *Көлденең көз, көлденең көк атты - кез келген, кім көрінген* деген мағынада.

М ы с а л ы: *Айдаладағы көлденең көк аттыға баламды ертіп жібере алмаймын* (С. М.). *Жұрт жаласынан жасқанбаймын, көлденең көзге сынататын жайым жоқ* (М. Ә.). (Мысалдар ҚТФС-дан алынды).

Осындағы «көз» сөзіне вариант боп тұрған көп «көк атты» сөзі арасында ешбір мағыналық байланыс жоқ. Сөйлеу тілінде бірінің орнына бірі қолданыла береді.

- ❖ Вариант компоненттер іс-әрекеттің, құбылыстың сырт ұқсастықтарының сараланып, жіктелуі арқылы пайда болған мағына жақындығы бар сөздер.

Мысалы: *Түлкі бұлаңға салу (тарту); түлкі бұлтаққа салу (түсу); түлкі жортаққа салу (түлкі құйрыққа салу). Құлыққа тарту - жалтару, құлыққа басу.* Осындағы *бұлаңға, бұлтаққа, жортаққа, құйрыққа, құлыққа-* іс-әрекеттің, құбылыстың сырт ұқсастықтарының саралануы, жіктелуі арқылы пайда болған лексикалық парадигмалар.

Сөзді, сөйлемді орынды қолданудан ұтпасақ ұтылмаймыз. Сөз мағынасы, сөйлем сазы туралы сөз етсек, фразеологизмдердің жалпы тіл жүйесіндегі орны ерекше екені кез келген тұрақты тіркестен байқалады. Фразалық вариантты тіркестер - нормаға сай қолданыста нұқсан келтірмейтін, қайта стильдік тұрғыда молынан құбылта пайдаланып, шебер қолдануға табылмас тіл байлығы.

Фонетикалық вариант

Лексикалық бірліктердің фонетикалық өгерістермен айтылуы дублет сөздер мен тіркестерді құрайды. Мысалы, қазір – кәзір, қыңқ демеу – қыңқ демеу т.б. Дублет сөздер тілдегі вариант, синоним ұғымдарымен қатар айтылып жүреді. Бірақ бұл сөздер өзара синоним ретінде қолданылмайды. Дублет деген ұғым сөздердің мағыналық тепе-теңдік жағдайында қолданылады. Фонетикалық варианттың орнына дублет сөзін мағыналас етіп алуға болады. Сонымен фразеологизм компоненттерінің де кейде дублет сөздермен айтылуы фонетикалық вариантты көрсетеді. Мысалы: Сайтаны ұстады – Шайтаны ұстады; Зыта жөнелді – Жыта жөнелді;

Басқа тілден енген сөздердің алдынан, яғни *протезалық* құбылыспен дауысты дыбыстар қосылып айтылуынан фразеологизм компоненттері ауызекі сөйлеуде фонетикалық өзгерістерге ұшырайды.

Мысалы:

Риза болу – Ыразы болу; Риза – араб тілінде қанағаттану.

Райдан қайту – Ырайдан қайту; Араб тілінде рай – пікір.

Реңін бермеу – іреңін бермеу. Парсы тілінде рең – түс, бояу деген мағынада.

Фонетикалық өзгерістер фразеологизм компоненттерінде кейде дыбыстардың түсіп қалуынан да жасалды.

Мысалы:

Аузын қу шөппен сүрту – Аузын құр шөппен сүрту;

Сары уайымға салыну – Сар уайымға салыну.

Дыбыстардың мұндай түсіріліп айтылуын тіл білімінде *анакона* деп атайды.

Морфологиялық вариант

Варианттылықтың пайда болу себептерінің бірі – ауызекі сөйлеу тілі. Жалпы грамматиканың заңдылықтары бойынша қосымшалардың өзгеруі

мағынаға да әсерін тигізеді. Алайда фразеологизмдерде грамматикалық варианттардың болуынан мағынаға нұқсан келмеуі тиіс. Тұрақты тіркестің морфологиялық құрылымындағы өзгерістер семантикаға қатыссыз болғанда ғана морфологиялық вариант деп танылады.

Мысалы:

Ес біліп етек жапқалы – Ес біліп етек жапқанша

Кіруге тесік таппау – Кіруге тесік таппау.

Морфологиялық вариант сөздегі бірнеше дыбыстардың түсіп қалуына байланысты. Бұл *синкопа* құбылысын жатады. Мысалы:

Жақсы атақ жоқ – Жақсы ат жоқ

Үзеңгілес дос – Үзеңгі дос

Қарақан басы – Қара басы.

Тіркес сыңарларында септік жалғауларының орны ауыстырылып айтылуынан фразеологизмнің морфологиялық варианты пайда болады. Мысалы:

Шығарда жаны бөлек – Шығарға жаны бөлек

Көзіне ілмеу – Көзге ілмеу

Зорға дегенде – Зордың күшімен

Фразеологизмдердің лексика-грамматикалық варианттары

Фразеологизмдердегі варианттылық тек бірыңғай фонетикалық немесе лексикалық, морфологиялық қана емес, аралас лексика-грамматикалық түрлері де ұшырасады. Бұл – аралас екі варианттың қатар келуі. Бұған етістікті фразеологизмдердің аналитикалық түрленуі және басқа да қосымшалардың жалғануы мысал бола алады.

Мысалы:

Жер соғу – жер соғып қалу – Жер қып кету – Жер ету

Жаны шыға жаздау – Жаны шығып кете жаздау

Фразеологиялық тіркестің бір сыңарының қосарлануы арқылы:

Құлындай тебісіп өсу – Құлын-тайдай тебісіп өсу

Танауы желбіреу – Танауы желп-желп ету

Фразеологизмдердің варианттылығы қалай десе де стиль мен нормаға тығыз байланысты. Фразеологизмнің мағынасына нұқсан келтірмей өзгертіп айту үшін де белгілі бір тілдік нормадан, қалыптан аспау керек. Фразеологиялық қордағы вариант фразеологизмдердің түрлері әдеби норма тұрғысынан қалыпқа түсіріліп отырады. Бұл көбінесе көркем мәтінде жазушы шығармалары арқылы және бұқаралық ақпарат құралдарында берілуі де назардан тыс қалмауы тиіс. Әдетте фразеологизмдердің

окказионал қолданыстары кездеседі. Бірақ оның да стильдік қызметі болады. Бұлар поэзиялық, прозалық шығарма тілдерін талдағанда бірден байқалатын құбылыс.

СҰРАҚТАР

- 1.Фразеологизмдердің лексикалық варианттарының пайда болу себептері
- 2.Фразеологизмдердің квантативті варианттары; Сөз мағынасының дамуы, метафораның түрлері
- 3.Соматикалық атауларға байланысты жасалған лексикалық варианттары;
- 4.Көркемдік тәсілдер арқылы жасалған лексикалық варианттары.
- 5.Фразеологизмдердің фонетикалық, морфологиялық варианттары туралы.

ТАПСЫРМА

- Таңдаған көркем әдеби шығармадан фразеологизмдердің вариант түрлеріне мысалдар жазу, вариант үлгілерінің жасалу жолдарына талдау жүргізу.
- Жаттығулардағы фразеологизмдерді вариант үлгілермен жазу, стильдік талдау жасау.

№ 4

Оны қолпаштап, дем беріп отырған өздері ғой, тартсын жазасын (І.Есенб.). Бір сәт демін ішіне тартып тына қалған “қара боран” қайта көтерілді (Қ.Жұм.). Жан-жақтан із салатын жаушылардың үнсіздігінен секем ала ма, қауқарсыз кеудесі өзіне де бағынбай дірілдеп-селкілдеп дес бермейді (Р. Мұқ.). Айтылған сынның әділетсіздігі ме, әлде оны жақын санап жүрген адамының аузынан естігендігі ме – қайсысының жанына батыңқырағанын Шеген салмақтай да алмады (Б.Нұрж.). Тәукебай бас құда, Қауыш құдағи, Әлібек күйеу жолдас болып Жармаға сау етіп түсе қалар емес пе... (Т.Нұрм.). Сен монастырда қаламын деп бел шешіп келгеніңде мен таңданп едім. (Р. Мұқ.) Ер қаруы қыз жасауы емес - қашан ұзатылғанша сандыққа салып қоятын! – деді екі көзі шоқтай жайнаған бала әкесіне қаймықпай қарап. – Жорыққа аттанған жігіттің бес қаруы бойында болуы керек. (І.Есенб.).

...Ештеңе сұрамаңдар, екеуміздің дәм-тұзымыз жараспады (Б.Иманғ.). Мен тек жалғызымның қабағын күзеттім. Қиналса қиналдым, қуанса қуандым (“ЕҚ”). Қабағына қарап, жылы жұмсағымды аузына тосқаннан басқа менің қолымнан не келсін (“ЕҚ”). Ауру келін, қабағын тастай түйіп екі баласын екі

баласын құшақтай түс. Әсіресе, Зейнептің өлімі жұрттың қабырғасына қатты батып отыр (Д.Ис.).

Тест сұрақтары

1 Айтқаны (бұйрығы) (әмірі) екі болмау - тұрақты тіркесі вариант фразеологизмдердің қай түріне жатады?

1. лексикалық вариант
2. морфологиялық вариант
3. фонетикалық вариант
4. грамматикалық вариант

2 «Қаннан (қаннен) қаперсіз», «сайтаны(шайтаны) ұстау» «адыра (әдіре)қалу - вариант фразеологизмдердің қай түрі?

1. лексикалық вариант
2. морфологиялық вариант
3. фонетикалық вариант
4. квантативті варианты

3 «Жаза (шалыс) басу», «танауынан (мұрнынан), (көзінен) тізу» вариант фразеологизмдердің қай түрі?

1. лексикалық вариант
2. морфологиялық вариант
3. фонетикалық вариант
4. квантативті варианты

4 көмейі (көмекейі) бүлкілдеу», «сыртынан (сырттан) тон пішу, «есінен (естен)тану» вариант фразеологизмдердің қай түрі?

1. лексикалық вариант
2. морфологиялық вариант
3. фонетикалық вариант
4. квантативті вариант

5 «Бармасаң бадал, қара жерге қадал//бармасаң бадал», «Маңдайының бағы бар//маңдайының бес елі//кере қарыс», «жүрген аяққа//жүргенге жөргем іліну» вариант фразеологизмдердің қай түрі?

1. лексикалық вариант
2. морфологиялық вариант
3. фонетикалық вариант
4. квантативті вариант

6 Соматикалық атаулар фразеологизмдердің құрамында көп кездесе ме?

1. Соматикалық атаулар ұйытқы сөз бола алмайтындықтан көп кездеспейді
2. Сөздік қордың ертеден келе жатқан көне тобы болғандықтан көп кездеседі

3. Соматикалық сөздер фразеологиялық вариант жасамайтындықтан көп кездеспейді
4. Соматикалық атауларда мағыналық өріс болмайтындықтан көп кездеспейді

7 «Арадай//араша// талау, Арадай талау», «көзіне оттай//шоқтай// басылу», фразеологиялық варианттар қандай тәсілмен жасалған?

- 1.эпитет
- 2.метонимия
- 3.теңеу
- 4.метафора

8 «Күркіреуі күшті жауары аз, күркіреуі бар да жауары жоқ» фразеологиялық варианттар қандай тәсілмен жасалған?

- 1.эпитет
- 2.метонимия
- 3.теңеу
- 4.метафора

9 «Бұжыр (бет/қара)», «арам /суық қол» фразеологиялық варианттар қандай тәсілмен жасалған?

- 1.эпитет
- 2.метонимия
- 3.теңеу
- 4.метафора

10 «Қабырғасы қайысу/майысу», «жаны мұрнының /тырнағының/ ұшына келу» фразеологиялық варианттар қандай тәсілмен жасалған?

- 1.эпитет
- 2.метонимия
- 3.теңеу
- 4.метафора

II МОДУЛЬ

Қазіргі қазақ тіліндегі мағыналас фразеологизмдер

5 тақырып

Лексикалық синонимдерден мағыналас фразеологизмдердің айырмашылықтары

Фразеологиялық синонимдер

Синонимдер тіл байлығын көрсетеді және ұлттық болмыс пен танымдық ерекшеліктерді байқатады. Тілдің лексикалық және фразеологиялық қорында айтушының қолданыс ыңғайына қарай мағыналас, мәндес айтылатын сөздер мен тұрақты тіркестер бар. Мәселен, тұрақты тіркестер де - лексикалық синонимдер сияқты мағына тепе-теңдігі мен реңктеріне және стильдік ерекшеліктеріне қарай жұмсалатын фразеологизмдердің семантикалық категорияларының бірі.

Әдетте сөздер бір-біріне синонимдер болу үшін бір сөз табынан болуы тиіс деген қағида бар. Сонымен қатар, мағыналас сөздердің реңк белгісінде

айырмашылық болу керек деген тілдік талаптар қойылады. Ал синоним болатын сөздерді үш түрлі белгілер арқылы анықтауға болады. Олар:

✓ **Мағыналық реңктер**

Бір ұғымды білдіретін мәндес сөздердің бір-бірінен сәл мағыналық айырмашылығы болу керек. Бір мағынада қолданылатын екі сөздің мағынасы өзара қатар тұрғанда я сәл төмен, немесе жоғары болуы мүмкін. Мысалы: атқыш – мерген, соғыс – ұрыс, ұстаз – мұғалім.

✓ **Стильдік реңктер.**

Сөздердің түрлі функционалдық стильде қолданылуына қарай, сөздердің белгілі бір стильдік реңктері болады. Сөздердің айтылуына қарай анықталатын реңк түрлері өте көп. Алайда бұларды сөздіктерде белгілеп отыру қиын мәселе. Мәселен, қазақ тіліндегі сөздердің стильдік реңктері түгелдей белгіленген деп айту қиын. Мысалы: мереке – той, азамат – жігіт деген мысалдарда көтеріңкі реңк бар. Ал асқар – биік, шапақ – арай – поэтикалық, көлік – бұт артар т.б. кеміту, менсінбеу сияқты реңктер бар.

✓ **Сөз қолданысындағы реңктер.**

Тілдегі синоним сөздер қаншалықты мағыналас, мәндес болса да бірінің орнына бірін емін-еркін ауыстырып қолдана беруге болмайды. Сөздердің ежелден қалыптасқан қолданыс орны, қолданыс жиілігі, басқа сөздермен тіркесімділігі дейтін заңдылықтары бар. Бұрыннан қалыптасқан тіркестер құрамындағы сөздердің орнына мағыналас кез келген сөзді ауыстырса, мағынасына нұқсан келеді және сөз бойындағы ерекше реңк бұзылады. Мысалы: өмір сүрді ≈ ғұмыр сүрді, биік тау ≈ бойшаң тау.

Мағыналас фразеологизмдердің лексикалық синонимдерден едәуір айырмашылықтары бар. Олар:

- ◆ Тұрақты тіркестердің семантикалық нәтижесі – фразеологиялық мағына. Адамдар сөйлеу қажеттілігін өтеу кезінде фразеологизмдерді алдымен айтайын деген ұғымының мағынасына қарай таңдайды. Сондықтан мағыналас фразеологизмдердің қатар басы фразеологиялық мағынаға бағыт беретін тірек сөз (доминант) – лексикалық мағынадан басталады. Мысалы, **к ө ң і л с і з д і к** ұғымына қатысты мынадай мағыналас тіркестер қатар түзеді:

Бас терісі салбырау
Еңсесі түсу
Екі иығы салбырау
Жүзі сынық
Жүні жығылу
Жігері құм болу
Илеген терідей болбырау
Көңілі жер болу

Көңілі құлазу
Қабағы салбырау т.б.

- ◆ Мағыналас қатарға біріктірілген фразеологизмдер тек жалпы ұғымды беруі шарт. Мағыналас фразеологизмдер лексикалық синонимдер сияқты тек белгілі бір сөз табына жатпайды, бір семантикалық өрістегі тұрақты тіркестер ретінде жалпы ұғым мен түсінікті қамтиды. Сол себепті мағыналас фразеологизмдер қатарына шартты түрде топтастырылған әр сөз табынан ұшыраса беретін және құрылым құрылысы әр түрлі болып келетін фразеологиялық тіркестер енеді. Мұнда ұғымның жан-жақты берілу формалары басты мәселе. Мысалы, **ұялу** жалпы ұғым. Ал оның фразеологиялық көрінісі:

Бетінен оты шығу
Өлмегенге қара жер
Өлген жері осы
Кір келтіру
Беті күйю
Жер шұқу
Жүзі шыдамау
Құлағының ұшына дейін қызару т.б.

- ◆ Мағыналас қатарда тұрған фразеологиялық тіркестерде жалпы ұғым мен түсінік басты ерекшелік болғандықтан, қатар жасайтын мағыналас тіркестер түрлік сипатпен емес ұғымдық сипатпен іріктеледі.
- ◆ Ұғым жалпылылыққа негізделеді, ал түсінікке нақтылық тән. Сондықтан, мағыналас фразеологизмдерді топтастырғанда тіркестердің мағынасы тепе-тең сөздер емес, мағынасы жақын, мәндес **к в а з и с и н о н и м д е р** басты орында болады.
- ◆ Мағыналас фразеологизмдер қатарын тілдегі адамдық фактор, яғни антропоцентризм тұрғысынан жалпы ұғымдық катыста біріктірілетін фразео-семантикалық тақырыптық топтар құрайды.
- ◆ Фразеологизмдердің басты ерекшелігі – бейнелілік, затты, құбылысты бағалау, сипаттау. Мағыналас қатарлар эмоцияның алуан түрлі реңктерін жан-жақты көрсете алады. Әсіресе, жоғары эмоция түрлерін ерекше сипаттайтын синонимдік қатарлар саны жоғары дәрежеде.
- ◆ Мағыналас фразеологизмдер қатарларының доминанты, тірек сөзі болып жеке сөз де тұруы мүмкін немесе тірек мағына ретінде жеке фразеологизм де болуы мүмкін. Мысалы, **р ен жу** : *қабағында кірбең болу ≈ көңілі құлазу ≈ тауы шағылу т.б*

Ал мына мағыналас қатарларға: *бағы жанбау ≈ сормаңдай болу ≈ тұмсығы тасқа тию ≈ басынан бағы таю т.б.* жеке сөз тірек сөз (доминант) бола алмайды, мұнда тек ұйытқы немесе тірек мағына **ж о л ы б о л м а у** фразеологизмі қатар басында тұрады.

Мағыналас фразеологизмдердің лексикалық синонимдерден басты ерекшеліктері арнайы зерттелгендіктен тағы басқа қызықты тілдік деректермен жалғастыруға болады. Тіл байлығының басты көрсеткіші синонимдер туралы оның ішінде фразеологиялық мағыналастар, олардың тақырыптық фразео-семантикалық топтарының қатар құруы антропоцентрлікке негізделеді. Тақырыпқа қатысты ғылыми мәліметтерді *Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері* деген монографиядан (Алматы, 1998, 2010 басылымдар) толық оқуға болады.

Тұрақты тіркестердің семантикалық нәтижесі – фразеологиялық мағына. Адамдар сөйлеу қажеттілігін өтеу кезінде фразеологизмдерді алдымен айтайын деген ұғымының мағынасына қарай таңдайды. Мағыналас фразеологизмдердің доминанты ретінде лексикалық мағына - бір сөз тұру керек. Мысалы, *қателесу* ұғымына қатысты *аяғын шалыс басу, жаза басу, ағат кету, от басу* мағыналас тіркестер бар.

Лексикалық синонимдерге қарағанда мағыналас фразеологизмдер ойды анық, дәл, әрі образды жеткізеді әрі тұрақты тіркестердің мағына жақындығы мен стильдік әсері бір деңгейде тұрғандығы байқалады. Фразеологиялық синонимдерде семантикалық жіктелу өте жоғары. Эмоцияның сан қырлы спектрлерін лексикалық синонимдер тап баса алмағанда фразеологиялық синонимдер дәл бейнелейді. Мағыналас фразеологизмдерді мағыналық жағынан топтастырғанда олардың мағыналас болуы лексикалық синонимдердей емес, мұнда квазисинонимдер басым болады. Мағыналас фразеологизмдер образдылық арқылы тек мағына дәлдігін түгендейді, жалпы ұғым, түсінікті нақтылайды.

Мағыналас фразеологизмдердің синонимдік қатарларының ішкі семантикалық мүмкіншіліктерінің тереңдігінен, кейде осындай ұғымға, түсінікке тәуелділік сақталады. Бұл образдылықтың дәрежелену (градация) сатысының молдығына, уәжділікке (мотивация) байланысты. Қалай дегенмен де ұғымды әркім әр түрлі қабылдайтындықтан, бұл – адамның өз қиялы, болмысы, әрекетінен туындайтын қасиет. Жалпы фразеологизмдердің пайда болуы, жасалуы туралы сөз қозғалғанда осындай образдылықтың адамның жан дүниесіне әсері, одан шығатын эмоциялық қорытынды тұрақты тіркестердің ерекшеліктерін айқындайтын талаптар екенін ескерсек, онда синоним фразеологизмдердің қатарларының өсуі мен кемуінің себептерін де осыдан іздеген жөн.

Сонымен, фразеологиялық синоним қатарлар құрылымының лексикалық синонимдерге қарағанда өзіндік айырмашылықтары бар. Лексикалық синоним сөздер қатарының басында міндетті түрде бір сөз тірек

немесе доминант болуы шарт. Ал фразеологизмдерге кейде бір ғана жеке сөз тірек болады, кейде фразеологиялық тіркестердің біреуі өз ішінде синоним қатарларды «басқару» қабілетіне ие болса, енді бірде барлық синоним қатарлар тек ұғым мен түсінікті мағыналас етіп ұстап тұрған бір тұрақты тіркеске тәуелді болады.

Мағыналас фразеологизмдер қатарының семантикасы мен прагматикасы

Синонимдік қатарға енгізілген фразеологизмдердің өз табиғатынан туындайтын семантикалық категорияның парадигмалары фразео-семантикалық топ құруға, әрі оның фразеологиялық жүйеде орнын анықтауға мүмкіндік береді. Мағыналас фразеологизмдердің синонимдік қатарларының өзіне тән семантикалық ерекшеліктерін анықтау үшін:

◇ синонимдік қатарлардағы тірек сөз (доминант) және тірек мағына немесе түсінік;

◇ мағыналас фразеологизмдер қатарының лексика-грамматикалық ерекшеліктері;

◇ синонимдік қатар құрамындағы кейбір тіркестердің көп мағыналылығы;

◇ мағыналас фразеологизмдердің ішкі формасына қарай мағыналық реңктері;

◇ синонимдік қатарлар құрамындағы фразеологизмдердің эмоционалды-экспрессивті мағыналық, стильдік реңктері;

◇ мағыналас фразеологизмдер қатарының тіркесімділік шектері немесе синтагмалық оралымдары, сүйемел сөздер;

◇ қатар құрауға тіркестердегі мәдени коннотациялардың ықпалы;

◇ қатар құрамындағы фразеологизмдердің мағына тепе-теңдігі және квазисинонимдер;

◇ Синонимдік қатардың коммуникативтік единица ретінде функционалдық қызметі сияқты мәселелер қарастырылады.

С У Р А Қ Т А Р

1. Лексикалық синонимдерден мағыналас фразеологизмдердің айырмашылықтары.

2. Синонимдерді топтастырудағы критерийлер.

3. Мағыналас фразеологизмдер қатарының доминанттары. Синонимдік қатарлар. Синонимдердің мағыналық және стильдік реңктері.

4. Абсолют синонимдер мен квазисинонимдер туралы. Сөз қолданыстарындағы контекстік реңктері.

Т А П С Ы Р М А

- Жатығудан фразеологизмдерді тауып, оларды мәндес, мағыналас фразеологизмдермен алмастырып жазыңыздар. Стильдік талдау жасау.
- Абсолют синонимдерге мысадар келтіру

№5

Қамшы сабындай қысқа, алмағайып пәниде оның балалық, жастық, сақалық дәуренінің куәсі болған туған-туысқандарына, аға-іні, апа-қарындастарына бақұл болсын айтады (Хан Кене.). Білем кім ақымақ екенін. Ты сам дурак! Қозыбайдың қаны басына шапты (Қ.Жұм.). Иә, бұл ақсаңдай басып елге оралғанда, осы Жұлдыз аулының еңкейген-кәріден еңбектеген жасына дейін тайлы-таяғы қалмай ұбап-шұбап алдынан шыққан. (Ор.Б.). Біресе арқан ес, біресе нокта ес – деп, тағы басыңа әңгір таяқ орнатады. Сорлы күң саған да шалжиып отыру керек пе деп Ғани жер-жебіріме жетті! (М.Ә.). Емханадағы бар тірлік те, айқай да тіркеу орнынан басталатынын басы ауырып, балтыры сыздайтын елдің бәрі жақсы біледі. (Б.Иманғ.). Енді оның келуі алыс емес, біз енді кететін болсақ, тез кеткеніміз жөн, өйткені ол сондай жүйрік, біздің бір күнде жүрген жерімізді ол көзді ашып-жұмғанша жетіп келеді. (Ертег.). -Осы сенің кесірің! Кежегең кейін тартып! – деп ешбір себепсіз Баланың құйрігін шапалақпен тартып жіберді. (Ә.Тарази) Сөйтіп Бәдігердің көзіне көк шыбын үймелетіп кетпесем, Әлібай атым құрысын”, - деді.(Т.Нұрм.). Ал, амандаспады, бойларына шақ көрмеді, одан кеміп қалған жерің кәне? (М.Мағауин).

Тест сұрақтары

1. "Маңдайының бағы бар, маңдайының ырысы бес елі (кере қарыс)" қандай тұлғаларға жатады?

1. фразеологиялық вариант
2. фразеологиялық синоним
3. фразеологизмдердің көп мағыналылығы
4. мағыналас фразеологизмдер

2. "Жақсы жаманын ажырату", "Өлер жерін білу", "Оң мен солын ажырату" (тану)" - фразеологизмдердің қандай тұлғаларына жатады:

1. фразеологизмнің варианттары
2. фразеологиялық синонимдер
3. фразеологиялық антонимдер
4. фразеологиялық омонимдер

3. «Қиындық көру» ұғымында айтылатын мағыналас фразеологизмдерді табыңыз.

1. күні бір уыс болу, өмірі өксу, отқа да суға түсу

2. іш мерез, ала аяқ, су жұқпас, қу мүйіз
3. ындыны кебу, ерні кезеру, қаңырағы түтеу
4. әні-міне дегенше, қолма-қол, көз ілеспей

4. «Шөлдеу» ұғымында айтылатын мағыналас фразеологизмдерді табыңыз.

1. күні бір уыс болу, өмірі өксу, отқа да суға түсу
2. іш мерез, ала аяқ, су жұқпас, қу мүйіз
3. ындыны кебу, ерні кезеру, қаңырағы түтеу
4. әні-міне дегенше, қолма-қол, көз ілеспей
5. төрт түлігі сай, дәулет біту, малға бөгу

5. Онық жеу - өкіну, шыр біту - семіру, қоңдану, қырғи қабақ - өш, араз - синонимдері қалай жасалған?

1. табу мен эвфемизмдерден
2. фразеологизмдерден
3. диалектизмдерден
4. кірме сөздерден

6. «Байлық» ұғымында айтылатын мағыналас фразеологизмдерді көрсетіңіз.

1. күні бір уыс, өмірі өксу, отқа да суға түсу
2. іш мерез, ала аяқ, су жұқпас, қу мүйіз
3. ындыны кебу, ерні кезеру, қаңырағы түтеу
4. төрт түлігі сай, дәулет біту, малға бөгу

7. "Бір білем май", "мыңғыраған мал", "жер қайысқан қол" - фразеологизмдері қандай ұғымдарды білдіреді?

1. көлем
2. уақыт
3. ұзындық
4. қашықтық

8. Мағыналас фразеологизмдерді топтастырғанда тіркестердің мағынасы тепе-тең сөздер емес, мағынасы жақын, мәндес сөздерді қалай атайды?

1. квазисинонимдер
2. синонимдер
3. полисемиялы сөздер
4. омонимдер

9. Фразеологиялық тіркестердің семантикалық нәтижесі –

1. грамматикалық мағына
2. лексикалық мағына
3. фразеологиялық мағына.

4. номинативті мағына

10. Мағыналас фразеологизмдер -

1. образдылық арқылы тек мағына дәлдігін толықтырады, жалпы ұғым, түсінікті нақтылайды
2. тұрақты тіркестердің мағына жақындығы мен стильдік әсерін бір деңгейде көрсетпейді
3. жалпы ұғымды беруі шарт емес
4. жалпы ұғымдық катыста біріктірілмейді

6 тақырып

Қазақ тіліндегі мағыналас фразеологизмдердің тақырыптық, мағыналық және құрамдық топтары

Тілді адамның санасы, болмысы және рухани өмірлік әрекеттерімен тығыз байланысты антропоцентрлік бағытта зерттеу – қазіргі тіл біліміндегі ең басты мәселелердің бірі. Егер біз тұрақты тіркестерді халық, ұлт өмірінің мәдени аспектілерін тануда басты бағдар етіп алсақ, онда фразеологизмдердің семантикалық парадигмалар жүйесі арқылы, мағыналас тіркестердің жеке тақырыптық, мағыналық тобын да анықтауға болады. Мағыналық қатардың семантикалық құрылымын анықтайтын топ арқылы түрлі фразеологиялық өрістерге жіктеп, қатар құрамындағы тіркестердің лексика-фразеологиялық, лексика-грамматикалық ерекшеліктерін де саралауға мүмкіндік туады.

Фразеологизмдердің семантикалық тақырыптық топтарын сөздердің тақырыптық семантикалық топтарымен салыстырғанда фразеологиялық топтардың үлес салмағы сан жағынан шектеулі, аздық етеді. Мұның өзі фразеологизмдердің үнемі сөздердің дублеті немесе эквиваленті деуге болмайтынын аңғартады. Шын мәнінде фразеологиялық тұлғалар өзіндік дербес мағынасымен ерекшеленіп, тілдік қызметімен өзгешеленеді. Фразеологизмдер сөздер сияқты тіршіліктің барлық саласын қамти алмайды, дүниенің кез келген ұғымына атау (номинатив) бола алмайды, ол тек өз өрісінде, өз жағдайында құбылыстар мен заттар, адамның көңіл күйін эмоционалды-экспрессивті бағалауда образды елестетумен, туынды номинация жасаумен шектеледі. Ал сөздің мағынасы ұғымнан кең. Сөз адамның сезімін, ерік-жігер, көңі күйді де білдіреді. Ойлау мен ұғымның шексіздігін жеке сөздер ғана қамти алады. Солар арқылы әлемнің тілдегі көрінісі нақтыланады. Алайда «адам реалдық дүниені тек танып қана қоймайды, оған өзінің қатынасын да білдіріп отырады, ол бір нәрсені ұнатады, біреуді жақсы көреді, екінші біреуге салқын қарайды. Бір сөзбен айтқанда, өз қажеттеріне қарай айналасына түрлі көңіл-күйін білдіріп отырады». (Жарықбаев, 1926)

Сонымен қазақ фразеологиясындағы мағыналас қатарлардың топтарын антропоцентрлік және тілдегі адамдық фактор тұрғысынан мынадай фразео-семантикалық өрістерге жіктеуге болады. Бұл ретте мағыналас қатарларды

алдымен жалпы фразеологиялық семантикаға негіздей отырып, жалпыдан жалқыға сияқты иерархиялық принциппен жүйелегенді жөн көрдік. Мұнда жеке сөз бен фразеологиялық тіркес те доминант болуы мүмкін. Қатар ішінде мағыналық дифференциацияның тереңдеуінен жалпы ұғымның түсінігі сатыланып, нақтылана береді.

1. Адамның жағымды, жағымсыз қимыл әрекеттеріне негізделген мағыналас фразеологизмдер қатары.

2. Сезім әрекеттеріне қатысты жасалған фразеологизмдердің тақырыптық мағыналас топтары.

3. Сезім жағдайы немесе жоғары эмоциялы фразеологизмдердің мағыналас, тақырыптық түрлері.

4. Адамның физикалық қалпын бейнелейтін фразеологизмдердің мағыналас ұялары.

5. Адамның сөйлеу дағдысы түрлерін сипаттайтын мағыналас тіркестер тобы.

6. Адамның жеке басына тән қасиеттері туралы жасалған мағыналас фразеологизмдер.

7. Адамның қоғамдағы әлеуметтік жағдайы, орны, тұрмысы туралы айтылатын тіркестер.

8. Адамның сыртқы түр-әлпеті, жас мөлшері жөнінде қалыптасқан мағыналас тіркестер.

9. Уақыт, кеңістік, өлшемге негізделген мағыналас фразеологизмдер қатары.

10. Киім, тамақ, денсаулыққа байланысты туған мағыналас фразеологизмдер.

11. Табиғат құбылыстары, ауа райына қатысты жасалған мағыналас топтар.

12. Тілек-бата, ырым, садақаға байланысты айтылатын мағыналас фразеологизмдер.

13. Еңбек, өмір, тағдыр, дүние туралы айтылатын мағыналас тіркестер.

СҰРАҚТАР

1. Мағыналас фразеологизмдердің тақырыптық топтарын жіктеудегі антропоцентрлік ерекшеліктер.

2. Адамның іс-әрекетіне қатысты мағыналық топтары.

3. Адамның қоғамдық-әлеуметтік жағдайына қатысты жасалған мағыналық топтар.

4. «Адам-Қоғам-Табиғат» триадасының мағыналас фразеологизмдердегі көрінісі.

ТАПСЫРМА

- Мағыналас фразеологизмдер сөздігінен тақырыптық топтардың әр түрлеріне мысалдар жазу. Квазисинонимдерді табу, талдау.
- Жаттығудан фразеологизмдердің мағыналас қатарларын жазыңыздар.

№6

Қамшысынан қан сорғалаған уақыт оны аяған жоқ, төбесіне құй қазды. Үш күндік пәниді қиып кете алмай жанталасты (Б.Мұқаев.). ... Осы мен тоқалдан тумаған шығармын, итгің құлы итақай газет шығарып, аузына келгенін айтып-ақ жатыр. (А. Қон.). Олардың жолы сонымен бітті, өйткені бауыздау құдаларға ауыл адамдары да ара түсті. (Ж.Айм.) Талдының айғыр жал көлбең адырлары етек-жеңін еркін көсіліп, ай астында қара барқын, буылдыр түске еніп жалаңаш қалған. (Ж.Кәрменов). Тек өз Айшам қорғансыз екені есіме түскенде ет жүрегім езіліп, артыма бұрылып, ішімнен. (Ш.Мұртаза). Әлде қыз жанын жегідей жеп жатқан бір тымырсық уайым екені де белгісіз. Оған ере Елжан да шығып еді, төңірек көзге түртсе көргісіз қою қараңғылыққа бөленіп, ептеп жауын тамшылай бастапты. (Т. Нұрм)

Жалғыз хатты молданың берген тұлпарындай сақтап, екі көзім төрт болып, жолына қарап отырдым. (Т.Нұрм.). Айналасын ат шаптырым фабрика қорғаны сенімді: тұрқы үш метрден асатын биік бетон дуал. (Қ.Жұм.). Құйысқанға қыстырылған тезекке ұқсап, бір бүйірден қысыла кеткен Ақпанды көріп, алып-ұшқан көңілі су сепкендей басылды. (Б.Иманғ.). Бір жан тырп етпеді. Бізге де Құдайдың оң көзі түскен екен, бізді де іздейтін жанашыр бар екен (Ш.Мұртаза.). Ана немерелеріңді тірі жетім етіп өсіргенде не опа табасың (Мұқанова Р.). Қайткенмен, Жәйза оған барудың ретін таппады, бәрі қалған со бойынша. Қадалған жерден қан алатын кейбір пайдакүнем пысықтар қатарына ол жуықтамайтын (Ш.Құмар.).

Тест сұрақтары

1. Тез, жылдамдық ұғымында айтылатын мағыналас фразеологизмдерді табыңыз.

1. күні бір уыс болу, өмірі өксу, отқа да суға да түсу
2. іш мерез, ала аяқ, су жұқпас, қу мүйіз
3. ындыны кебу, ерні кезеру, қаңырағы түтеу
4. әні-міне дегенше, қолма-қол, көз ілеспей

2.Синонимдік қатарға топтасқан сөздерді ажырататын реңкті атаңыз:

1. мағыналық, стильдік, сөз қолданысындағы реңк
2. экспессивтік реңк
3. эмоционалды реңк

4. эвфемистік реңк

3. "Күн шыға", "сәске түсте", "ала жаздай", "таң ата" - фразеологизмдері қандай ұғымдардың негізінде пайда болған?

1. көлем өлшемдері
2. уақыт өлшемдері
3. ұзындық өлшемдері
4. қалыңдық өлшемдері

4. *Қу адам* ұғымында айтылатын мағыналас фразеологизмдерді табыңыз.

1. күні бір уыс болу, өмірі өксу, отқа да суға түсу
2. іш мерез, ала аяқ, су жұқпас, қу мүйіз
3. ындыны кебу, ерні кезеру, қаңырағы түтеу
4. әні-міне дегенше, қолма-қол, көз ілеспей

5. Мағыналас қатарға біріктірілген фразеологизмдер тек жалпы ұғымды береді. Себебі:

1. Мағыналас фразеологизмдер белгілі бір сөз табына жатпайды
2. Мағыналас фразеологизмдер бір семаникалық өрісте емес
3. Мағыналас фразеологизмдерде ұғым жан жақты беріле алмайды
4. Мағыналас фразеологизмдердәі құрылым-құрылысы әр түрлі емес

6. Мағыналас қатарға біріктірілген фразеологизмдер тек жалпы ұғымды береді. Себебі:

1. Мағыналас фразеологизмдер белгілі бір сөз табына жатады
2. Мағыналас фразеологизмдер бір семаникалық өрісте емес
3. Мағыналас фразеологизмдерде ұғым жан жақты беріле алмайды
4. Мағыналас фразеологизмдердәі құрылым-құрылысы әр түрлі

7. Мағыналас қатарға біріктірілген фразеологизмдер тек жалпы ұғымды береді. Себебі:

1. Мағыналас фразеологизмдер белгілі бір сөз табына жатады
2. Мағыналас фразеологизмдер емес
3. Мағыналас фразеологизмдер бір семаникалық өрістегі ұғым жан жақты беріледі
4. Мағыналас фразеологизмдердәі құрылым-құрылысы әр түрлі емес

8. *Опық жеу - өкіну, шыр біту - семіру, қоңдану, қырғи қабақ - өш, араз* - синонимдері қалай жасалған?

1. табу мен эвфемизмдерден
2. фразеологизмдерден
3. диалектизмдерден

4. кірме сөздерден

9. *"Күлтөбенің басында күнде жиын", "Абылай аспас асу бел", "Есімханның ескі жолы, Қасымханның қасқа жолы"* - тіркестері қандай ұғым-түсініктерден хабар береді?

1. аңыз
2. ертегі
3. тарихи
4. діни

10. **Лексикалық синонимдерден мағыналас фразеологизмдердің айырмашылығы неде?**

1. Мағыналас фразеологизмдерде тірек сөз, доминант болуы шарт емес
2. Мағыналас фразеологизмдерде квазисинонимдер болмайды
3. Мағыналас фразеологизмдерде семантикалық жіктелу жоқ
4. Мағыналас фразеологизмдер ұғым мен түсінікті нақтыламайды

7 тақырып

Жоғары эмоцияны білдіретін фразеологизмдердің ерекшеліктері

Тіл-тілдегі лексика арқылы адамзат өмірінің бүкіл мән-мағынасы, ішкі болмысы, сыртқы жай-күйі толық қамтылса, фразеологизмдер арқылы тек кейбір сезімдік жақтары мен эмоциялық қырлары немесе «айнадағы көрінісі» ғана сипатталады, яғни екінші «келбеті», екінші номинациясы шығады. Фразеологизмдер – эмоционалды-экспрессивтік тіркестермен адамның бүкіл психологиялық сәттерін, көңіл күйін, сезім жағдайын ерекше образдылықпен жеткізуде таптырмайтын тілдік көркемдік құрал. Фразеологиялық сөздіктің кез келген беттерінде кездесетін адамға қатысты әр түрлі эмоциялық бояулы тіркестер ең алдымен қуаныш, реніш, жақсы көру сезімдері, ірілі-ұсақты тартыс (конфликт) түрлері, сапалық анықтаулар т. б. тұрақты тіркестер тобы – қазақ тілінің осындай есепсіз тіл қуатының молдығы.

Қазақ фразеологиясындағы синоним фразеологизмдердің ерекшелігі адамның көңіл күйіне, бір сәттік психологиялық жағдайына байланысты туған фразеологизмдерде синонимдік қатар өте көп. Айтып отырған психологиялық сәт, жағдай дегеніміз тікелей эмоцияға қатысты нәрсе. Адамның көңіл күйі қашан да өзгермелі. Дүниеде тұрақты ешнәрсе жоқ. Оның бәрі адамның көңіл сүзгісінен өтіп жатады. Адамның психикасында, санасында, жан дүниесінде елестер ұдайы жаңғырып, өз ізін қалдырып отырады. Күшті эмоциялық сезімді сыртқа шығаруға үлкен шабытпен айтылатын серпер сөз керек. Ол әр адамның айналасындағы болып жатқан құбылыс, іс-әрекеттерді қабылдау өрісіне қарай түрліше айтылып, жеткізіледі. Біреу жай ғана әсермен қалса, енді бірі делебесі қозып жігерленіп кетеді. Міне, мұның бәрі тілдік қатынаста эмоциялық экспрессиямен астасқан тұрақты тіркестер тобынан көрініс табады.

Эмоционалдык пен экспрессивтіліктің мағыналас фразеологизмдер қатарындағы көрінісі

Лингвистикалық антропоцентрлік парадигманың ерекшелігі – адам, оның түрлі психикалық процестері мен жай-күйін тілдегі факторлар арқылы зерттеу. Эмоция - сезім арқылы пайда болатын психикалық процесс. Ал сезім әрекеттерін жан-жақты бейнелейтін мағыналас фразеологизмдер қатары. Әсіресе, эмоцияның жағымды, жағымсыз, қарапайым, күрделі түрлерінің барлығы фразеологизмдерден жан-жақты көрініс табады. Күрделі эмоция: көңіл-күй, аффект (стресс) құмарлық адамның сезім әрекетіне қатысты мағыналық топтарды құрайды.

Жоғары эмоцияны білдіретін мағыналас фразеологизмдер қатарына күлу, жылау, төбелесу лексемалары доминант болып, оардың мағыналас қатар түзуі қазақ фразеологизмдерінің ерекше тіл байлығы екеніні көрсетеді.

Қазақ тіліндегі эмоционалды сөздердің картасы әлі жасалмаған. Мұның өзі фразеологизмдердің стилистикалық қызметін жан-жақты саралап, топтап бөлгенде, эмоционалды-экспрессивті қасиеттерінің тым күрделі екендігін, әрі бұлардың тығыз бірлікте екендігін көрсетеді. Фразеологизмдердің эмоционалды-экспрессивті қасиеттерінің белгілері түсіндірме, фразеологиялық сөздіктерде ”қарапайым”, ”кітаби” сияқты сөздермен көрсетіледі. Фразеологизмдердің толық стилистикалық сипаты басқа да қосымша белгілермен жүзеге асырылады. Мысалы, *кекесін, мысқыл, әзіл, жек көру, тұрпайы, дәрекі, алғыс, қарғыс* т.б. Алайда тұрақты тіркестердің қандай да болмасын сезім спектрлерін жеткізудегі таптырмайтын тілдік құрал екендігін ескерсек, онда бұл аталған белгілердің аздық ететіні түсінікті.

Мағыналас фразеологизмдердің құрамындағы вариант компоненттер

Қазақ фразеологиясында тұрақты тіркестердің варианттылығы мен мағыналастығы семантикалық категория ретінде бір-бірімен тығыз байланысты. Фразеологизмдердің варианттылығы мен синонимдері туралы жинақталған тілдік фактілер тіл білімінің практикасы мен теориясына қатысы бар маңызды мәселе. Бұл екеуі, әсіресе тіліміздегі фразеологиялық құрамының қалай қалыптасып, қалай дамуы тұрғысынан хабардар етеді. Сөйлеу кезінде нақты айтар ойды мағыналас фразеологизмдермен немесе оның вариант тұлғаларымен жеткізу айтушының фразеологизмдерді білу деңгейі және тілдік дағдысына қарай шешіледі. (Тілдік дағды деп отырғанымыз бұл арада айтушының қандай вариант фразеологизмдерді жиі қолданатындығы).

Мағыналас фразеологизмдер компоненттері келесі синоним болатын тұрақты тіркес құрамында қайталанбайды. Ал вариант фразеологизмдер компоненттері мәндел, мағыналас сөздермен ауысып, фразеологизмнің варианттарын құрайды. Синонимдік қатар құрамындағы вариант фразеологизмдер тұрақты тіркес тұлғаларының сериялық үлгілерін жасайды.

Фразеологизмдердегі ұлғайту, түрлері

Ұлғайтудың (амплификация) екпінді және бәсең түрлері бар. Фразеологизмдердегі ұлғайтудың екпінді түріне келтірген мысалдарға талдау жасағанда мынадай ерекшеліктер байқалады.

1. Синоним сөздер мен оқиғаның мазмұнын ашуға жұмсалатын (бұл арада сөйлем ішіндегі мағыналас фразеологизмдерге де қатысы бар) мағыналас ұғымды білдіретін жай тіркестер тобы әдетте жазушы немесе айтушының сөз қолданысында сөйлем басында жиі ұшырысады. Мысалы: *Жас күнінен бір үйдің түгелімен еркелетіп, алақанына салған баласы. Ешуақытта қанаттыға қақтырып, тұмсықтыға шоқытқан емес.* (М.Әуезов)

2. Ал сөйлемнің соңында бір немесе екі қатарлы мағыналас фразеологизммен ойды тұйықтайды, яғни мағыналас фразеологизммен аяқтайды. Соңғы фразеологизмнің кейде экспрессиясы жағынан басым түсетін тұстары да болады. Мысалы: *Қолыңнан келер басқа түгің жоқ деп, апшымды қуырады, зәремді ұшырады, иманымды бір уыс қылады, жегідей жеп тынады.* (Ж.Аймауытов). Сөйлемдегі төрт мағыналас тіркестің соңғысындағы экспрессияның мәні өте жоғары сатыда тұр.

Екпінді, бәсең ұлғайтулар қатарында мағыналас фразеологизмдердің стильдік қолданыс деңгейінің екі түрін байқауға болады.

1. Сөйлемдегі синонимдік қатарлар көбінесе бір деңгейдегі стильдік мінездемемен беріледі. Мысалы, ауызекі сөйлеу стиліндегі мағыналас фразеологизмдер тобы: *Бес биенің сабасындай толық, етжеңді келген қараторы әйел Бәтима... сағынып көріскен досы Зияны құшағына қыса түсті.* (М.Мағауин).

2. Әр түрлі стильдік деңгей қабатынан көрінген мағыналас фразеологизмдер тобы. Бұлардың ішінде қарапайым, кітаби стильдер аралас жүреді. Бірақ аталған ерекшеліктер ішінде бір деңгейдегі стильдік мінездемемен белгіленетін мағыналас фразеологизмдер жиі ұшырасады. Мысалы: *Сонда ымырт жабыла бергенде, анақ-сапақта, кеш қараңғылығы қоюланған сайын, көк қаршыға өрттей қаршыға, секунд сайын жалындап шалқып, жайнай беруші еді.* (М.Әуезов).

Фразеологизмдердің функционалдық-стильдік мағынасы олардың:

- фразеологиялық мағынасынан;
- тіркестердің эмоционалдығынан;
- фразеологизмдердің экспрессивтілігінен;
- образдылық пен бағалауыштық қасиеттерінен туады.

Фразеологизмдердің стильдік қабаттарын айқындауда бұлардан басқа да олардың тілдік единица ретінде көптеген ерекшеліктерін ескеру керек.

Мәселен:

- ◇ фразеологиялық тұлғалардың қолданылу аясы;
- ◇ олардың синтаксистік-құрылым белгілері;
- ◇ компоненттер арасындағы өзара әрекеттестік;
- ◇ тірек сөздердің стильдік немесе тақырыптық жағы (ерешеліктері);
- ◇ тұлғалардың жалпы ішкі формасы;
- ◇ фразеологиялық тұлғалардың әдеби деңгейдегі орны;
- ◇ тіркестердің шығу көзі, компоненттердің фонетикалық ерекшеліктері;
- ◇ компоненттер формасындағы морфологиялық тәсілдер;

Тұрақты тіркес мағынасындағы суггестия

Ауызекі тілде, жазба әдебиетте жиі қолданбаған тұрақты тіркестердің өміршеңдігі туралы айту қиын. Олар окказионал аясында қалып қоюы да мүмкін. Тегінде адам санасына, оның ұғым-түсінігіне не нәрсе қатты әсер етсе, оның жан дүниесіне өшпестей із қалдырса, эмоциясына қозғау салса, сол құбылыс, заттар бейнесі ұзаққа сақталды. Мұны бақсы-балгерлердің адамның жан дүниесіне күшті әсер қалдыратын магиялық қасиеттеріне орай айтуға болады. Қазір тіл білімінде сөздердің магиялық қасиеттерін зерттейтін «суггестиялық лингвистика» саласы бар. Суггестия – «сендіру» мағынасында қолданылатын сөз. «Суггестия является компонентом обычного человеческого общения, но может выступать как специально организованный вид коммуникации, формируемый при помощи вербальных (словесная продукция) и невербальных (мимика, жесты, действия собеседника, окружающая обстановка и т.д.) средств» деп жазады суггестиялық лингвистиканы зерттеген И.Черепанова. (15). Адамды сөзбен ұйыту, сендіру сияқты сөз құдіретінің қасиеттерін әдетте магия, дін, медицина және психология сияқты пәндер аз да болса өз қажеттеріне жаратуға тырысады.

Философтардың айтуына қарағанда, әр тілдің мәнерлілігі, айқындылығы әр түрлі. Олардың мәнерлілігін өлшеу, салмақтау қиын. Тіпті кейбір тілдер ұғымды қабылдауға соншалықты ауыр болса, ал енді бір ұлт тілдері дүние жүзін жайлап кетеді.

Қазақ тіліндегі шешендік өнер, билер сөздері, жиі айтылатын тілек-бата сөздерінде тілдік суггестиялық қасиеттер бар деуге болады. Онымен қоса бұлардың мәтінде прагматикалық ерекшеліктері тіл білімінде әлі зерттеле қоймаған тың тақырыптар күйінде қалып отыр. Тілек-бата сөздерінің айтылу негізіндегі тұрақтылығы, қолдану тиянақтылығы сияқты фразеологизмдерге ұқсас жақтары назар аударарлық тілдік фактілер.

СҰРАҚТАР

1. Фразеологизмдердегі эмоция туралы.
2. Адамның сезім әрекетіне қатысты мағыналық топтары.
3. Жоғары эмоцияны білдіретін мағыналас фразеологизмдер қатары.
4. Мағыналас фразеологизмдердің құрамындағы вариант компоненттер
5. Фразеологизмдердің мәтін түзудегі ерекшеліктері. (Амплификация түрлері).
6. Суггестиялық мағынасы бар тұрақты тіркестер тобының тақырыптарын анықтау.

ТАПСЫРМА

- Жаттығудан эмоцияға қатысты фразеологизмдерді тауып, жасалу жолдарына талдау жасаңыздар.
- Жоғары эмоциялы фразеологизмдерге мағыналас қатар құраңыз.
- Мағыналас фразеологизмдер қатарына лексика-грамматикалық талдау жасау.

№ 7

Танаш әкесінің қабағына қараса, қабағы түйіліп, ашу қысқаны көрініп тұр (С.Бак). Жол бойы зығыры қайнап, өртені жекен еді. (М.Ә)Түн ортасы ауғанша, кірпік айқастырмай, терезені сабалаған жаңбыр сыбдырына құлақ түріп жатып, тек таң алдында ғана көзі ілініп кеткен екен, сол бетінде қатып ұйықтап қалыпты. (Қ.Жұм.). Ажар көзді ашып-жұмған екі арада әлденемеге кездесіп қалғанын біле алмай соны ойлаумен болды. (Ғ.Мүср.) Осындай ішкі сырларымды Нұртай сияқтылар білсе ғой, құдай сақтасын, онда мені қара есекке теріс мінгізетін шығар. (Б.Нұрж.). ...Биыл қыс осында жан сақтаймыз ба деп жаз бойы қорып келген жеріміз еді (Ғ.Мүср). Мұндағы мал-жанның бәріне бас боп қалған Үкітай кір жуып, кіндік кескен жерден біржола кететін болғанына іші қан жылап “ит ашуын тырнадан алады” дегендей ауыл адамдарының екі аяғын бір етікке тығып, бөріктіріп жүр. (Д.Ш.) Құнанбай бұған шейін ашумен, зілмен кеп, енді осы тұста күйзелгендік күй көрсетіп, осымен жиынның қабырғасын қайыстырғысы келген (М.Ә.). Кемпірдің өлгені осыған батты ма? Кежегей кейін тартып жүргісі келмейді ғой. Ол не ойлап келді? (Ш.Айтм). Баяғы Мақсұт екені рас болса, қадалған жерінен қан алмай қоймас (Қ.Ж.). Сатыбалды бүгін малды ерте әкелді. Талағы тарс айрылып, ызадан жарылғалы жүр. (Қ.Жұм.). Адуын әйел .ой. Сырдың суын теріс ағызып жүрмесе (Ш.Күмісбаев)

Тест сұрақтары

1. Эмоция мен экспрессияның айырмашылығы бар ма?

1. Эмоция мен экспрессия бір нәрсе
2. Экспрессия фразеологизмдерге қатыссыз
3. Эмоция мен экспрессияның айырмашылығы жоқ

4. Эмоция - сезім арқылы пайда болатын психикалық процесс

2.Күрделі эмоцияға жататындар:

- 1.сезім
- 2.проблема
3. көңіл-күй, аффект
- 4.жұмыс

3. "Маңдайының бағы бар, маңдайының ырысы бес елі (кере қарыс)" қандай тұлғаларға жатады?

1. фразеологиялық вариант
2. фразеологиялық синоним
3. фразеологизмдердің көп мағыналылығы
4. қарсы мәнді фразеологизмдер

4.Қабырғасымен кеңесу, әрі ойлап, бері ойлап, мың ойлап, жүз толғану - фразеологизмдердің қандай тұлғалық түрлеріне жатады?

1. вариант
2. мағыналас
3. антонимді
4. көпмағыналы

5.Мына мысалдағы асты сызылған тіркестер фразеологиялық ұлғайтудың қай түріне жатады? ... Оқимын деп бекінген Қартқожаның үні өшті, тілі күрмелді, ойын тұман басты, іш-бауыры, өзегі өртелгендей болып, иығы түсіп, еңсесі салбырап кетті. (Ж.Айм., Шығ., 1989, 34 б.)

- 1.вариант түріне
- 2.авторлық қолданыс түріне
- 3.фразеологиялық ұлғайтудың екпінді түріне
- 4.ұлғайтудың бәсең түріне

6.Авторлық қолданыстағы фразеологиялық сөйлемді көрсетіңіз:

1. -Әй, Құнанбай! Мен сені оқтан аяп ем жаңа, сен мені отқа салдың ба? (М.Ә.).
2. Айшуақтың отымен кіріп, күлімен шығып, ертеден қара кешке дейін бір дамыл көрмеді (С.Омаров. А.)
3. Бір күні, ойында ештеңе жоқ, түскі ыстыққа өзен жағасына барып, белуарына дейін шешініп тастап, жуынып жатқан-ды (Қ.Ж.).
- 4.Асқардың қабағына да қақ тұрып қалды (Ғ.Мүсірепов).

7. Мына мысалдағы асты сызылған тіркестер фразеологиялық ұлғайтудың қай түріне жатады? ... Ол қалталы емес, бірақ иненің көзінен өтетін, тіпті ол да аз, жыланның паяғын көрген нағыз жылпостың өзі.(«ҚӘ»)

- 1.вариант түріне

2. ұлғайтудың бәсең түріне
3. фразеологиялық ұлғайтудың екпінді түріне
4. авторлық қолданыс түріне

8. Этнографиялық фразеологизмді табыңыз.

1. жүзіктің көзінен өткендей
2. ит арқасы қиян
3. суқаны сүймеу
4. ұрын келу

9. Суггестиялық лингвистика - ...

1. түсінік
2. тілдің бір бөлшегі
3. тіл білімінің бір саласы
4. ұғым

**10. «Іздеп келер інің болса,
Бақытың барын содан біл.**

Аңсап келер ағаң болса,

Аруағың барын содан біл» (Төле би). Сөйлем тұрақты тіркестің қай түріне жатады?

1. фразеологизмге
2. нақыл сөздерге
3. мақалға
4. шешендік сөздерге

8 тақырып

Фразеологиялық стилистика

Мағыналас фразеологизмдердің стильдік қолданыс ерекшеліктері

Фразеология – тіл, сөйлеу шеберлігін арттырып, мәнерлі, көркем сөйлеуге үйрететін сөздік қор. Тіліміздегі сан алуан тұрақты тіркес түрлерін мейілінше жетік, нақтылы, дәл образды қолданудың стилистика үшін маңызы зор. Ауызекі сөйлеу тілінен бастау алатын тұрақты тіркестер тілімізде қалай болса солай айтылып, кез келген жерде оңды-солды қолданыла бермейді. Сондықтан стилистика сөздер мен түрлі тіркестердің дұрыс қолданылуын зерттейтін ғылым болғандықтан, тілдік бірліктердегі бөлек бітім болмысы бар фразеологизмдердің стильдік негізін дұрыс қалыптастыру керек. Тіліміздегі әр алуан фразеологизмдердің қолданыс ерекшеліктері көп ретте жазушы шеберлігіне байланысты. Ал фразеологизмдерді мағына және сырт құрылысын өзгертіп қолдану – стильдік мақсаттан туған тәсіл.

Фразеологиялық стилистика тіл білімінің жалпы стилистикасы бөлімінде қарастырылады. Фразеологиялық стилистиканы бұрынғы Кеңестік ғалымдар арнайы пән ретінде зерттелуін, сөйтіп оның тіл білімінде өзіндік

орнын әсіресе, оның көлемін, белгілерін анықтауды үлкен ғылыми мәселе етіп көтерді.

Қазақ тілінде лексикалық қордағы жеке сөздер мен мағыналас сөздердің, кейбір тұрақты тіркестердің кезінде стильдік мәртебесі анықталып, қолданыс ыңғайында әрқайсысы мәтін мен сөйлемдерде өзіндік қолданыс ерекшеліктері айқындалған. 10 томдық «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» және он бес томдық «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» кездесетін лексикалық, семантикалық, грамматикалық сілтеме белгілермен көрсетілген сөздер арасында стилистикалық сиятамалар ұшырасады. Алайда «фразеологиялық материал құрамы, құрылымы, мазмұны жағынан да іштей жіктелу, саралану жүйесі жағынан да күрделі құбылыс болғандықтан, оның түсіндірме сөздікте берілу тәртібін айқындау ең зор міндет саналатынын» (қараңыз:ҚТТС.,16 б) ескерсек, бұл жағдай 1977 ж. акад.І.Кеңесбаевтың авторлығымен шыққан «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінде» де стильдік сілтемелер өз мәнінде жеткілікті көрсетілмеген.

Фразеологизмдердің стильдік характеристикасы туралы айту – фразеологизмдердің қолданыс ыңғайындағы стильдік өрісін айқындау. Фразеологиялық сөздік – сөйлеу мәдениетінің қалыптасқан, әдеби айқындалған көрінісін жинақтаған, сұрыпталған, әрі бекітілген оқу құралы іспеттес. Сөздіктің қызметі - тілдік қордағы тұрақты тіркестерді жинақтау ғана емес, олардың тілдік қолданыстағы түрлерін көрсету, сонымен қатар, сөйлеу процесінде дұрыс қолдануға да үйрету. Фразеологизмдердің қолданыс ыңғайындағы стильдік дәрежесін айқындауға жәрдем беретін, теориялық тұжырым жасайтын да – сөздік.

Қазақ тіліндегі эмоционалды сөздердің картасы әлі жасалмаған. Мұның өзі фразеологизмдердің стилистикалық қызметін жан-жақты саралап, топтап бөлгенде, эмоционалды-экспрессивті қасиеттерінің тым күрделі екендігін, әрі бұлардың тығыз бірлікте екендігін көрсетеді. Фразеологизмдердің эмоционалды-экспрессивті қасиеттерінің белгілері түсіндірме, фразеологиялық сөздіктерде ”қарапайым”, ”кітаби” сияқты сөздермен көрсетіледі. Фразеологизмдердің толық стилистикалық сипаты басқа да қосымша белгілермен жүзеге асырылады. Мысалы, *кекесін, мысқыл, әзіл, жек көру, тұрпайы, дәрекі, алғыс, қарғыс* т.б. Алайда тұрақты тіркестердің қандай да болмасын сезім спектрлерін жеткізудегі таптырмайтын тілдік құрал екендігін ескерсек, онда бұл аталған белгілердің аздық ететіні түсінікті.

Прозадағы және поэзиядағы фразеологизмдер туралы талдау жасағанда олардың стильдік ерекшеліктеріне назар аудару керек

Тұрақты тіркестер көркем шығарманың қай жанрында болсын молынан қолданылып, көркемдік тәсілдердің ең сүбелі түрі ретінде стильдік қызмет атқарады. Фразеологизмдердің, әсіресе оның семантикалық категорияларының көркем шығармаларда қолданылу аспектілерін толық айқындау үшін, классик авторлардың прозалық шығармаларына мәтіндік талдау жасау арқылы өрнекті сөз үлгілерінің стильдік қызметі талданады. Ол үшін автордың стильдік мақсатта жұмсаған фразеологиялық тіркестерді

қолданудағы әдіс-тәсілдеріне назар аудару керек. Мәселен, синоним фразеологизмдер компоненттерін өзгерту амалдары.

Аз сөзбен көп сөздің түйінін түйетін тұрақты тіркестердің поэзиялық шығармаларда қолданылуының өзіндік ерекшеліктері бар. Басы артық селкеу сөз бен селдір шумақ бүкіл өлеңнің поэтикасына нұқсан келтіреді. Сол себепті де ақындар дайын тіркестерді өлең жолдарына пайдаланғанда аса үлкен жауапкершілік барын сезінеді. Тұрақты тіркестердің құрылысы мен синтаксисі жағынан көп өзгеріске ұшырауы әсіресе, өлеңді сөзге тән құбылыс. Фразеологизмдер өлең жолдарына ерекше поэтикалық қуат беріп, терең ой иірімдерін аңғартады. Өлең жолдарында фразеологиялық тіркестер көбінесе эллипсисті өзгеріске жиі ұшырайды. Мұнда фразеологизмдердің құрылысы, сөз-компоненттері ықшамдалып, өлеңнің шумағына бағынады. Өлең жолдарында фразеологизмдер ұйқасқа қарай әр кез инверсияға ұшырап отырады.

Қазақ фразеологизмдерінің функционалды-стилистикалық ерекшеліктеріне қарай

- *бейтарап фразеологизмдер*
- *кітаби фразеологизмдер*
- *қарапайым фразеологизмдер*
- *ауызекі сөйлеу стиліне тән фразеологизмдер* деген стильдік қабаттарға бөлінеді

Бейтарап фразеологизмдер

Қазақ фразеологизмдері стильдік қабаттарының алғашқы сатысында бейтарап фразеологизмдер орналасады. Әдетте бейтарап лексика жалпылама мағынаны білдіреді. Сондықтан оларды стильаралық фразеологизмдер деп те атайды. Сол сияқты бейтарап фразеологизмдерге сөйлеу стиліндегі, кітаби, жазба стильдердегі жалпылама қолданылатын тұрақты тіркестер тобы енеді. Бұған, мәселен, уақыт, өлшем, кеңістік, қоршаған орта, тұрмыс-тіршілік, соматикалық атаулар т.б. негіз болған бейтарап мәнді лексикалар ұйытқы болған тіркестер жатады. Мысалы: *о заман да бұ заман, сөз төркіні, алдынан өту, қара шаңырақ, көз жүгірту, тізе қосу, қозы көш жер* т.б. Бейтарап фразеологизмдердің белгілері: қолданыс деңгейлері шектеусіз және стильдік қызметін құрылымдық-синтаксистік ерекшеліктері ажыратады.

Кітаби фразеологизмдер

Кітаби фразеологизмдер нормаланған әдеби тілде, публицистикалық және ғылыми еңбектер мен көркем әдебиетте қолданылады. Сөздіктерде бұлар «кітаби» белгісімен көрсетіледі. Әдетте қолдану аясы тар, шектеулі келеді. Кітаби фразеологизмдер – жоғары әдеби стилі бар, жазба тілге тән тіркестер. Аталған фразеологизмдер дәстүрлі тіл мәдениетіне негізделген, әрі нормаланған. Шанскийдің айтуынша, кітаби үлгідегі фразеологизмдерге

көбінесе поэтикалық, көтеріңкі, тым образды боп келетін тіркестер тән. Кітаби фразеологизмдердің қолданыс өрісінде шектеулігі байқалады. Олар көсемсөзшілер мен жазушы, зиялы қауым т.б. арасында жиі байқалады. Фразеологизмдердің кітаби стильдегі түрлері әдетте, көсемсөз, көркем шығармаларда кездеседі. ҚТФС-да Абай, М.Әуезов басқа да классиктердің шығармаларынан алынған фразеологиялық тіркестердің көптеп келтірілуі осының айғағы. Қазақ тіліндегі кітаби фразеологизмдер үлесіне кітаби лексика, сондай-ақ, көнерген сөздер, соматикалық атаулар (салқын қанды) т.б. жатады. Мысалы: *тағдырдың қара дауылы, көңілдің кірі, дерттің күйдіруі, қан жайылау, он сегіз мың галамаи-шапан айып төлеу, сауын айту, фәнден бақиға көшу т.б.*

Қарапайым фразеологизмдер

Қазақ фразеологиясының стильдік қабаттарының ішінен қарапайым фразеология бұрын жеке бөлініп қарастырылмаған. Фразеологизмдердің бұл қабатына ауызекі сөйлеу тіліндегі тіркестерге ұқсас, әдеби деңгейі төмен, еркін қолданылатын тіркестер енеді. Алайда аталған стильдік қабатта эмоционалдық белгілері бірден аңғарылатын тіркестерді кіргіземіз. Мәселен, қазақ тілінде өте жиі қолданылатын жек көру, қарғыс, алғыс мәнді және мысқыл, мазақтау сынды фразеологизмдермен жеткізілетін тіркестер семантикасы дәрекі болып келеді. Қарапайым фразеологизмдердің дискурсы жағымсыз эмоционалды-экспрессивті мағынаға ие болатын қолданыстар. Әдеби тілдің нормасына сай емес, тұрпайы тіркестер. Құрамындағы компоненттер әдепсіз, жазуда көп нүктемен берілетін сөздер кездеседі. Сондай-ақ, қолданыс аясы тар. Мәтінді дискурсивтік талдауда және құрамы соматикалық атаулармен келетін қарапайым тіркестердің стильдік реңктері жете талдану керек. Мысалы: *аруақ атсын, танауынан есек құрты түсу, жағына жылан жұмыртқалағыр, к... ашылу, к... нен суаққанша отыру талағы тарс айырылу, қараң қалғыр, ындының кепкір, өлмесе өмірем қапсын т.б.*

Ауызекі сөйлеу стиліне тән фразеологизмдер

Фразеологизмдердің шығу төркініне ауызекі сөйлеу тілінің ықпалы өте зор. Қазақ тілінің фразеологиялық қорындағы мысалдар тұрақты тіркестердің дені жазба тіл дамымай тұрып, сөйлеу тілінде қалыптасқанын дәлелдейді. Осы ретте, назар аударатын бір мәселе: ауызекі сөйлеу және қарапайым сөйлеу тіліндегі фразеологизмдердің қолданыс ыңғайында әр кез ажыратыла бермейтіндігі. Бұл осы екі стильдік деңгейдегі фразеологизмдерді зерттеу әлі дұрыс жолға қойылмағандығын көрсетеді. Қазіргі қазақ әдеби тіліндегі фразеологизмдердің ең ауқымды бөлігін ауызекі сөйлеу тіліндегі тұрақты тіркестер құрайды. Ауызекі сөйлеу тілі фразеологизмдерінің ең басты ерекшелігі - халықтың бейнелі, мәнерлі сөйлеуі. Ұлт тілінің поэтикалық қуатында.

Ауызекі сөйлеу тіліне тән фразеологизмдердегі семантикалық белгі, ресми емес, еркін айтылуымен көрінеді. Мұнда ерекше эмоционалды-экспрессивті мағынамен қатар, халықтық дәстүрлі образдылық бар. Мысалы: *аттың жсалы, түйені қомында, шыбын жан, шаңырағын ортасына түсіру, құрдай жорғалау, тіл-аузы байлану, ит арқасы қиянда, екі көзі алақандай болу, ескі жараның бетін тырнау.*

Мағыналас фразеологизмдердің стильдік қолданыс ерекшеліктері. Мағыналас фразеологизмдер, олардың синонимдік қатарларының «мәтін ішіндегі мәтін» ретінде өзіне тән қолданыс аясы болады.

Жазушылардың ғалымдарға, публицистерге қарағанда лексика мен фразеологизмдерді өз шығармаларында таңдап, сұрыптап қолдануда еркін, әрі мүмкіндігі мол. Тіпті қарапайым сөйлеу тілі иелерінен олардың таңдаулары асып түседі. Қарапайым ауызекі сөйлеушілердің бар амал-тәсілі тек сол өз мәнері, деңгейі сатысында ғана қолданыста жүреді (себебі сөйлеушінің өз тілі ғой). Мұндай еркіндік пен мүмкіндіктің көрінісі – бұрыннан қалыптасқан фразеологизмдерді өзінше шығармашылықпен өңдеу, таным қабілетіне, біліміне қарай қолданысқа түсіру. Мағыналас фразеологизмдер – ұлттық тілдің айқындығын, дәлдігін, икемділігін, бейнелегіштік күшін көрсететін фразеологиялық тұлғалар. Тілдегі мұндай мағыналас тіркестерді пайдаланып, шығарманың көркем тілінің керегіне жарату сөз шеберлерінің міндеті.

Көркем әдебиет немесе баспасөз беттеріндегі авторлық қолданыс ыңғайындағы мысалдарға талдау жасағанда, кейбір жазушылар фразеологиялық тұлғаларды іріктеп қолдануға өзіндік әдіс-тәсіл шеберліктерін шындауға авторлық окказионал қолданыстарға жиі барады. Фразеологизмдерді жазушылар жалпы қаламгерлер, өз шығармаларында қажетіне қарай қолданады, сондай-ақ окказионал тіркестер жасайды. Мағыналас фразеологизмдердің көбірек өзгеріске түсуі юмор мен сатирада жиі байқалады. Әсіресе **авторлық қолданыстағы мағыналас фразеологизмдерде** жақсы байқалады. Олар:

- ❖ Сөйлем ішінде бірнеше мағыналас фразеологизмдер ұлғайту түрлерімен қатар түзеді. Егер екі-үш қатарлы мағыналас фразеологизмдер болса, онда бір қатары авторлық фразеологизм. Мысалы: *Онымен қоймай, қарны тоқ, көйлегі көктігін малданып, ешкімді елемей кісімситінін, таудың басын қайырғандай шіренетінін қайтерсің.* («ҚӘ»). *Алтынмен, күміспен, піл сүйегімен күптелген зеңгір биік қабырға мың сан құбылады.* (Ә.С)
- ❖ Мағыналас қатарлар ішінде фразеологизмдердің, әсіресе лексикалық вариант үлгілері өзгерістерге ұшырап отырады. Мысалы: Той үстінде тұштаңдап, төбелесіп *ит мүжгіген асықтай* болып қалыпты. (О.Ә). (түкірігі //қақырығы жерге түспеу, қаймағы бұзылмау //шайқалмау).

- ❖ Мағыналас фразеологизмдер қатарындағы авторлық қолданыстардың жасалуында сыртқы дыбыс үйлесімділігі жиі байқалады. Мысалы: *Тоқсан жерден тоссаң да, тобығынан қақтырмайтындар екенін сырттай білуші едім, енді тізе түйістіре тыңдайтын болдым деп қуандым-ау!* («ҚӘ»). *Көзден нұр, ауыздан жыр кетіп қартайған шағында Ата Қарға өлер шағында балаларын шақыртып алыпты.* (О.Ә)
- ❖ Авторлық қолданыста окказионал фразеологизмдердің мағыналарында ұлттық мәдени ойлау ерекшеліктер, стереотиптер арқылы тұтастай ұлт менталдылығын айқындайтын соны тұрақты тіркестер тобы жиі көрінеді. Уақыт өте келе олар фразеологиялық қорға қосылуы мүмкін. Мысалы: *Тегінде қазақ бірін-бірі жамандауға келгенде сонша шебер, сонша рақымсыз, сонша жалақор, өз тамырына өзі балта шауып, өз жапырағын өзі жұлады да отырады.* (Ғ.Мүсрепов). *Басыңнан жағың ажырайды деген осы емей немене! Ең болмаса ақ ажалдан кетіп, ақ арулап көмсең, ол да медеу екен екен-ау, - деп Бодықтың әпкесі Кішкене қыз боздады.* (Ж.Ахмади).

СҰРАҚТАР

1. Фразеологизмдердің стильдік қабаттары
2. Қарапайым фразеологизмдер қолданыс ерекшеліктері
3. Ауызекі сөйлеу стиліне тән фразеологизмдер
4. Мағыналас фразеологизмдердің стильдік қолданыс ерекшеліктері
5. Авторлық қолданыстағы мағыналас фразеологизмдер.

ТАПСЫРМА

- Таңдау бойынша бір автор шығармасындағы фразеологизмдерге стильдік талдау жүргізу.
- Жаттығудан фразеологизмдерді стильдік қабаттарға жіктеу
- Жаттығудан фразеологизмдерді мағыналас тіркестермен ауыстырып, стильдік ерекшеліктерін баяндау.

№8

Түн ортасы ауғанша, кірпік айқастырмай, терезені сабалаған жаңбыр сыбдырына құлақ түріп жатып, тек таң алдында ғана көзі ілініп кеткен екен, сол бетінде қатып ұйықтап қалыпты. (Қ.Жұм.). Іші күйгендердің сірке суын ішсе де, еркі, Аتكелтірді, яғни Атекеңді мен карта ойнап ұтып алғаным жоқ

(Ж.Сабыржанұлы). Осы жағдай орта жүз сұлтандары мен батырларының арасында Жәнібектің беделін күрт түсіріп жіберген. Бұл жолы да оған бұрынғыдай құрақ ұшқан ешкім болмады (Қ.Жұм.). Жасырын келген күйеу түгілі, етке бас қойғанда, әлдекей ағайлардың да аузына құм құйылып қалады. (Ж.Айм.). Сол қозыны қарамадың, жамыраттың деп, зәрін шашып келген Майбасар, Байсүгірді қамшымен тартып-тартып жіберді (М.Ә.). Жұматай барлық аудан басшылығын әлі қарым-қатынасы үзілмеген құдандалы ескі көз, сүйек шатысындай түсіндіреді. (М.Ә.). Мына жолы Балуан ашудан түтеп келгенін кескінінен аңғарған Балқаштың жүрегі су ете түсті де, жанталасқан ақылы айла тауып, орнынан көтеріле, емізіп отырған баланы алдына тоса қойды (С.Мұқанов). Енді, міне, алғашқы ет қызуы басылып, қорлардың қатары елдіреп, еті тірілері ғана електен өткендей екшеліп қалды. («ҚӘ»). Алғаш келгенде Жәнібекті бөтенсіп, ермей қойған еді. Қазір қасынан екі елі қалмайды. (Қ.Жұм.). Аспаннан айы құлап тұрған ана тілін төрге оздыруда тым созылып кеткен былқыл-сылқылды енді Елбасы төбеге ұрғандай ғып тоқтатты ғой ((Ж.Сабыржанұлы). Ілекеңнің мынадай елгезектігіне, жанашырлығына ішім жылып қалды. (М.Мағауин). Табиғаттың тартқан сыйын талшық ете бермей, өмір деген күдіреттің айтқанына көніп, айдауына жүрмей керісінше, оған (өмірге) түбірлі өзгерістер енгізіп, оны жасанта, жандандыра отырып, толассыз, бітіспес ашық майдан құрды. (М.Мақатаев). Ата сақалы аузына біткен адамдар, ішпендер деп қалай айтарсың! (Ш.Айтматов). Ақарлы-шақарлы, бір шаңырақ иесі, қолы алтын десе болғандай үй де салады, пеш те қалайды, ағаштан түйін түйіп, темірден ою ояды дейтіндей (Ш.Құмарова).

Тест сұрақтары

1. Қанаттыға қақтырмай, қамқоршым едің жем берер /М.Мақатаев/ сөйлемдегі фразеологизмнің түсірілген компонентін табыңыз:

- 1.көңіліне тоқу
- 2.тұмсықтыға шоқытпау
- 3.қанатын қомдау
- 4.жер болу

2.Окказионал фразеологизмді сөйлемді көрсетіңіз:

1. Өткенін ұмытқан халық соның бәрін қайтадан басынан кешіруге мәжбүр болады. /Дж.Сант/.
- 2.Мансабы зордың беделі де зор./Б.С/
- 3.Мықтының ең мықтысы, көнбістің ең көнбісі - әйелдер /Б.С/
- 4.Тегінде қазақ бірін-бірін жамандауға келгенде сонша шебер, сонша рақымсыз, сонша жалақор, өз тамырына өзі балта шауып, өз жапырағын өзі жұлады да отырады. /Ғ.М/.

3. Калькаланған фразеологизмді сөйлемді көрсетіңіз:

1. Кей жағдайда мәселе не нәрсенің де алтын ортасын тауып, қалғанын жұртшылықтың өз бағам-бағалауына қалдырып отыруы керек. /ЕҚ/
2. Мансабы зордың беделі де зор. /Б.С/
3. Мықтының ең мықтысы, көнбістің ең көнбісі - әйелдер /Б.С/
4. Тегінде қазақ бірін-бірін жамандауға келгенде сонша шебер, сонша рақымсыз, сонша жалақор, өз тамырына өзі балта шауып, өз жапырағын өзі жұлады да отырады. /Ғ.М/.

4. Кірме фразеологизмдерді табыңыз:

1. Ахиллестің өкшесі, Сизиф еңбегі, Екі жүзді Янус, Авгиев атқорасы
2. Жіліктің майлы басы, жанды жер, жанын жегідей жеу
3. опық жеу, орға жығу, араны ашылу
4. құмырысқа бел, ант ішу, сарымайдай сақтау

5. Жартылай калькаланған фразеологизмдерді көрсетіңіз:

1. бетіне бес ит тойғандай, ұнжырғасы түсу
2. жіліктің майлы басы, жанды жер, жанын жегідей жеу
3. опық жеу, орға жығу, араны ашылу
4. галстуксыз кездесу, билік коридоры, Сизиф еңбегі

6. Ауызекі сөйлеу стиліне тән фразеологизмдерді көрсетіңіз:

1. галстуксыз кездесу, билік коридоры, Сизиф еңбегі
2. қарға адым, иек астында, таяқ тастам жер, қозы көш жер -
3. Білімсіз бірді жығаы
4. Білімді мыңды жығады

7. Авторлық қолданыстағы мағыналас фразеологизмдерді көрсетіңіз:

1. Жоғары жақта көкті тіреген көкем болмақ түгілі, ауылдағы аюдай ақырған әкемнің өзі де баяғы да о дүниеге өтіп кеткен-ді. («ҚӘ»)
2. Шырпы басын сындырмайтын кер жалқау жан... (О.Бөкей)
3. Ал Шыңғыс шаша ал десе бас алатын қатал, әрі өжет, әрі батыл. (І.Есенб)
4. Қозыбайдың қаны басына шапты (Қ.Ж.)

8. Авторлық қолданыстағы мағыналас фразеологизмдерді көрсетіңіз:

1. Бұл жолы да оған бұрынғыдай құрақ ұшқан ешкім болмады (Қ.Ж.).
2. Бірін-бірі қағытып қалжыңдасып, мысқылдап күлісіп, кейде қызыл кеңірдек болып, болымсызға дауласып кетеді (М.Ә.).
3. Үлкен шалдың бұларға қыр көрсету үшін әшейін айта салған сөзі шығар, - десек өздері оңаша қалғанда (Қ.Ж.)
4. Олардың «іскерлігі» төрт түлікті түгімен, ары кетсе, кемені жүгімен жұтуға ғана жетуші еді... («ҚӘ»)

9. Поэтикалық фразеологизмдерді көрсетіңіз:

1. Әрқашан нұрланып тұратын қызғылт жүзі аппақ сұр болып, қанын ішіне тартып алып (М.Ә.).

2. Қамшысынан қан сорғалаған уақыт оны аяған жоқ, төбесіне күй қазды. Үш күндік пәниді қиып кете алмай жанталасты (Б.Мұқаев).
3. Жамандығым жоқ еді, жасуындай иненің (Н.Оразалин)
4. Жас күнінен бір үйдің түгелімен еркелетіп, алақанына салған баласы . Ешуақытта қанаттыға қақтырып, тұмсықтыға шоқытқан емес (М.Ә.).

10. Автордың фразеологизмді стильдік мақсатта өзгертіп қолданған сөйлемін табыңыз:

1. Жыраққа жалғыз мені жібермеші, *жаныңа жаманишылық бұйырмағыр*. /М.Мақатаев/
2. Құмды кезген солдаттың барлығын *баудай түсірді*.
3. *Ит өмірдің* осылай аяқталарын білді ме? /Ә.Н./
4. Базаралы бас қияды да, *ел бетін көрмей* айдауға кетеді. /М.Ә./

9 тақырып

Тіл мен ұлттық мәдениеттің арақатынасы

Академик Әбдуәли Қайдардың: “Мәдениет жеке адамның басына тән қасиеттен басталып, бүкіл ұлттық менталитеті ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық сана, дүниетаным, салт-дәстүр, рухани-материалдық байлықтың бәрін түгел қамтитын өте күрделі ұғым” деуі (13) мәдениетті тілмен байланыстыра зерттеудің маңыздылығын аша түседі. Өйткені тіл қарым-қатынас құралы ғана емес, ол ұлттық мәдениеттің басты формасы, сондықтан мәдени негіздерге деген қызығушылық тіл тамырына тереңірек үңілуді қажет етеді. Тіл мәдениеттің өмір сүру формасы, мәдениет оның ішкі мәні болғандықтан, тіл мен мәдениетті бір-бірінен бөліп қарастыруға болмайды. Тілде адамның осы әлемді түсінуге тырысқан таным жолдарының ізі сақталады, ұлт өмірі туралы жан-жақты мәлімет жинақталады. Сол мәліметтер арқылы әрбір ұлттың өзіндік ерекшеліктері көз алдымызға келеді. Тіл - этностың бүкіл рухани, мәдени байлығының өзегі. Ол тек дыбыс пен таңбаның бірлігі емес, ең маңыздысы - мәдени сабақтастықтың құралы. Ұлттың барлық болмысы мен өмір-тіршілігін, дүниетанымы мен әдет-ғұрпын бойына сіңіріп, ата мұрасы, асыл қазынасы ретінде ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіліп отырылуы, тілдің басты - кумулятивтік қасиетіне байланысты.

Адамзат мәдениеті, оның әлеуметтік мінез-құлқы және ойлау өрісі тілден тыс өмір сүрмейді. Әр халықтың мәдени ерекшеліктері оның ғасырлар бойы жасап келе жатқан тілінен көрінеді. Ендеше, тіл мен мәдениет байланысының тамыры тереңде жатқаны сөзсіз. Сондықтан ХІХ ғасырдан бастап тіл мен мәдениеттің байланысы тіл біліміндегі басты мәселелердің бірі болып келеді. Бұл мәселелердің негізі Гумбольдтың еңбектерінде байқалады. Оның тұжырымдары А.Н.Потебняның, Ш.Баллидің, И.А.Бодуэн де Куртэннің еңбектерінде орын алады.

Зерттеушілердің айтуына қарағанда ХІХ-ХХ ғасырда тілдік философиялық ойлар тіл туралы бейнелі түсінікті «жеке адам /индивид/ тілің, «тіл – жүйе» және «құрылым», дегеннен бастап, «тип», «характер», «ой кеңістігі», «рух үйі», сондай-ақ, «рух энергиясы», «рух белсендісі» деген бейнелілікке дейін көтерді.

Ал ғасыр соңында тілді зерттеу парадигмаларының ең басты бағыттарының бірі – антропологиялық парадигма. Бұл бағыт бойынша тілді кең мағынада адам сана-болмысымен, яғни адамның ойы мен оның рухани жан дүниесін сөйлейтін тілінен бөлмей тілдік әлеммен бірге тұтас қарау. Тілдің антропологиялық негізінде тіл өз ішінде емес, тіл адамның бір бөлігі іспеттес қарастырылады. Демек, адам тілдің иесі ретінде саналады. Ал тіршілік тұтқасы адамды адам деп тану тек оның сөйлейтін тілі арқылы ғана анықталады. Осы ойлар адамтанудың философиялық шешімдері ретінде танылады. Бұл ретте, тілге Гумбольдтша антропологиялық тәсілмен келу екені белгілі. Тілдегі антропологиялық бағыттар: когнитология, лингвосоциология, лингвопсихология, лингвоэтнология және лингвокультурология, яғни тіл арқылы мәдениеттану. Соңғысы жаңа арна – мәдениет пен тілдің байланысын зерттеу болып табылады. Гумбольдтық бағдар бойынша тіл – адам өмірінің барлық саласын дүниені танудан бастап, өмір тіршілігін тұтас қамтитын және оның заттық, рухани мәдениетін келер ұрпағына жеткізетін құрал. Олай болса, адамды тіл ішінде тану – оның бүкіл болмысын тану, өмір сүру, күн кешу сияқты қарапайым тіршілік ұстанымдарын білу.

Тіл мен мәдениет арақатынасы туралы мәселе өте күрделі, әрі жан-жақты. Сондықтан, бүгінгі таңда, бұл мәселеге қатысты бірнеше тұжырымдар қалыптасқан.

Қазір тіл білімінде тіл арқылы мәдениеттанудың елтану, лингвомәдениеттану, этнолингвистика сияқты жаңа бағыттары қалыптасып, тіл мен мәдениеттің арақатынысын бағдарлауға, зерттеудің жаңа әдістері мен тәсілдерін көрсетуге мүмкіндік алды.

Елтану бағыты этномәдени тұрғыда әр ұлттың өзін-өзі қайта тануымен байланысты. Бұл – әр ұлт тілдеріндегі соңғы кездегі тілдегі әлеуметтік оң өзгерістер ықпалы, әркім өз дүниесін бөліп алып, "мен кімін, басқалардан қандай артықшылықтарым бар" деген менталдық қасиеттердің жандануы немесе оянуы.

Мәселен, бұрындары шетелдіктер үшін орыс тілін үйрену кезінде, оқыту процесінде сол ұлт тілі арқылы елін, халқын тануға мүмкіндік алды. Сол себептен де орыс тіл білімінде шетелдіктерді орыс тіліне үйрету барысында қалыптасқан Елтану пәні дүниеге келді. Бұл пәннің мақсаты: тілді үйрету барысында ұлттық ерекшелікті барлық қырынан әлеуметтік, мәдени, тарихи жағдайын тұтастай тек тіл арқылы таныту. Ұзақ жылғы практикалық тәжірибе тіл арқылы Елтанудың методологиялық негіздерін қалыптастырды. Тіл өзінің өмір сүру қалпында өзінің дамыған ортасында үш түрлі қызметімен ерекшеленеді.

- Тіл адамдардың өзара түсінісуі үшін жұмсалатын коммуникативтік қызметі арқылы екеуара сөйлесетіндер үшін кез-келген құбылыс, зат атауларының түсінікті болуы.
- Тіл тек сөйлесу, қарым-қатынас құралы емес, ол адам өмірінің заттық және рухани мәдениетінің сол ұлтқа тән төл-тума қасиеттерін жинақтап, сақтау арқылы келесі ұрпаққа жеткізеді. Мұны тілдің кумулятивтік қасиеті деп атайды.
- Тілдің тағы бір қоғамдық қызметі - әлеуметтік өмірде адамдарды жеке тұлға ретінде, ұлт өкілі ретінде қалыптастыруы (Верещагина, 10).

Тіл бір адамның ғана меншігі емес, мәселен, қазақ тілінде бүкіл бір ұлт, халық сөйлейді. Тіл арқылы бүкіл қазақ ұлты өмірлік көріністердің тұтас мәліметін жинақтады. Осы мәліметтер арқылы адамдар сол тілде сөйлейтін бір ұлттың тұтас өмірлік көріністерінің айнасын көз алдыңызға әкеледі. Тіл бір адамның меншігі емес десек те, сол тілде сөйлейтін жеке адам өз ұлтының бүкіл бітім болмысы, өмірлік тәжірибесін, дәстүрлерін меңгеру, сіңіру арқылы ол да аз тарапынан ұжымдық мәдениетке үлесін қосады. Тіпті, үрім бұтағына дейін отбасында ана тілі арқылы үйренген, білген қасиеттерін дарытуға ұмтылады, дәстүр жалғастығын үзбейді. Осындай ерекшеліктер арқылы тұлға ретінде ұлт өкілі боп сақталады. Қазіргі кезде қазақ тілінің ұлт тілі ретіндегі халықтық, ұлттық дәстүрді, салт сананы қалыптастырудағы екі ұдай даулы мәселелерге айналуының өзі рухани ұлт мәдениетінің алтын діңгегінің шайқалуына әсер етті. Тілдің жоғарыда айтқандай кумулятивтік қызметі жекеден жалпыға жинақталғанда ана тілінің қоғамдық қызметінің қаншалықты жоғары екендігі түсінікті. Егер қазақ тілінің бұрынғы әлеуметтік потенциясының соншама мықтылығы болмаса, дәл бүгінгі таңда ұлт мәдениетінің күні не болатыны түсінікті. Ұлт мәдениетінің сақталуы тек ұлы тілінің осындай кумулятивтік қызметіне байланысты.

Тіл арқылы барлық құбылыс, заттар, яғни, әлемнің тілдегі көрінісі тілдік единицаларға тән болғанымен, кумулятивтік қызмет, әсіресе, фразеологизмдер мен мақал-мәтелдерден ерекше байқалады. Оның себебі сол ұлт топырағында тамырланып, нәр алған халық тіліндегі сөздер мен фразеологизмдер ғана ұлт ерекшелігін, менталитетін айқындап бере алады.

Лингвомәдениеттану пәні 90-ыншы жылдардан бастап В.Н.Телия мен В.В.Воробьевтің бастауымен қалыптасты. В.Н.Телия: “Это та часть этнолингвистики, которая посвящена изучению и описанию корреспонденции языка и культуры в синхронном их взаимодействии” дей келе, оның негізгі мақсаттары этнолингвистиканың Н.И.Толстой ұсынған мақсаттарына сәйкес келетініне тоқталады (28).

Лингвомәдениеттанудың елтанудан және этнолингвистикадан өзіндік айырмашылықтары бар.

- ◆ Біріншіден, тіл үйрету лингвомәдениеттану мен этнолингвистика пәндерінің мақсатына кірмейді. Мұнда ең бастысы, тіл мен мәдениеттің байланысы қарастырылады.
- ◆ Екіншіден, лингвомәдениеттанудың зерттеу объектісі - заттық және рухани мәдениеттің қазіргі ұлт менталдығының қаңқасы ретінде көрінетін халықтық санада сақталған фразеологизмдердің түрлі дискурстық типтерде жүзеге асырылуын айқындау.
- ◆ Үшіншіден, этнолингвистикалық бағыт фразеологизмдердің қалыптасуын тарихи реконструкциялау, яғни қалыптасуын тарихи диахрондық сипаттау болса, лингвомәдениеттану фразеологизмдердің қалыптасуын синхрондық талдаумен жүзеге асырады.

Сонымен, этнолингвистика мен лингвомәдениеттану мәдениет контексіндегі фразеологизмдерді зерттеуде түрлі мақсаттары мен міндеттеріне қарай, алғашқысы екіншісінің негізгі фундаменті іспеттес болып танылады.

Лингвомәдениеттану бағытының талдауы этнолингвистика басшылыққа алатын методологиялық әдіс-тәсілдерімен тығыз байланысты. Алайда лингвомәдениеттану пәнінің ең басты мақсаты тіл мен мәдениеттің өзара байланысы мен арақатынасын қарастыру.

Лингвомәдениеттану өткінші саяси жағдайларға тоқталмай, маңызды, ірі мәселелерге көңіл бөледі.

Жалпы, ұлттық деректерге сүйенетін лингвомәдениеттік талдау үшін мәдениет ұғымы ең негізгі болып табылатындықтан, ұлттық мәдени ерекшеліктерді қамтитын тұрақты тіркестерді талдап түсіндіруде осы мәдени негіздерге сүйену қажет. Өйткені тіліміздің көркем құралы болып табылатын тұрақты тіркестердің қай-қайсысының да пайда болуында терең тамырлы тарихы бар халқымыздың ұрпақтан-ұрпаққа мирас болған ежелгі мұралардың келбеті бары анық. Сондықтан В.Н.Телия лингвомәдени талдаудың барысында “возможно выявить, как воплощена культура в содержание фразеологизмов - идиом и фразеологических сочетаний, определить смысл их культурно-национальных коннотаций, благодаря которым фразеологизмы в процессах их употребления воспроизводят характерологические черты народного менталитета” дейтіндей фразеологизмдер ұлт менталитетіне тән қасиеттерді анықтауда рухани мәдениеттің түп дерегі болмақ (Телия, 237).

Бұл жаңа саланың объектісі лингвистика мен мәдениеттану сияқты екі ірі ғылымның тоғысуынан туындайды. Мұнда халықтың салт-дәстүр, аңыз-әңгіме, мифтерінде орын алатын тілдік бірліктер қарастырылады.

Сонымен, лингвомәдениеттанудың зерттеу объектісі - мәдениетті жалғастырушы тіл. Мәдениет - халықтың басынан өткен тарихының көрінісі. Ол уақыт пен кеңістікке бағынбайды. Бұрынғы мәдени құндылықтармен

таныса отырып, біз әр түрлі күй кешеміз. Сол кезеңге тап болғандай боламыз. Оған біз тіл арқылы жетеміз.

СҰРАҚТАР

1. Мағыналас фразеологизмдердегі ұлттық-мәдени ерекшеліктер.
2. Мағыналас фразеологизмдерге этнолингвистикалық талдау.
3. Мағыналас фразеологизмдер қатарындағы лингвомәдени ремаларға талдау жасау.

ТАПСЫРМА

- Жаттығудан ұлттық-мәдени ерекшеліктерді көрсететін фразеологизмдерге талдау жасау.
- Фразеологизмдерге этнолингвистикалық талдау.

№ 9

... Оқимын деп бекінген Қартқожаның үні өшті, тілі күрмелді, ойын тұман басты, іш-бауыры, өзегі өртелгендей болып, иығы түсіп, еңсесі салбырап кетті. (Ж.Айм.). Басыңа Барқытбелді жастап, аяғыңды Алакөл, Балқашқа созып, еркін көсілетін күн алыс емес. Соған дейін барға қанағат, жоққа салауат етіндер. (Қ.Жұм.) Әзімхан жалғыз жігіт болса да, аз атаның бас көтерері атанып, Ырғайлы болысындағы едәуір елге белгілі болған. (М.Ә.) Қас пен көздің арасында сап еткен қайғыны қуаныш қуып шығып жатқан осынадай абыр-сабыр кезде мен әкемнің тұңғыш рет аузынан шыққан “шырағым-ау” деген сөзді іштей қайталаумен болдым (Д.Исаб.). Көргендері сый-сияпатымен, мол олжамен екі езуі екі құлағына жетіп қайтып жатты. (Ж.Сәмитұлы) Қазақтығымызды ел аман, жұрт тынышта қолымыздан түсіріп алсақ, досқа күлкі, дұшпанға келемеж боламыз. («АТ»). Кемпірдің мұндай қауіп үстінде көкірегін қарс айыра ойлайтын арманының бірі сол да болатын. (М.Ә.) Кенесары мен қырғыз манаптары Орман-Жантайдың әлеуметтік менмендігі, билікке таласушылығы, мәмілеге келе алмай, бір-біріне қыр көрсетіп, күш сынасуының аяғы нағыз ортағасырлық феодалдық жанжалға айналып кетеді (Хан Кене). Үйленіп бала сүйіп, ел қатарлы тіршілік жасап, енді-енді ел қатарына ілігіп келе жатқан жас ойда жоқта опат болып отыр. (Б.Нұржеке.). – Ойбай, Молдеке, ойбай! Ойбай, балақтағы битті басқа секіртіп ... – деп, топырақты қыстап шашаып жатыр. (М.Мақатаев). Бәрібір ол илікпеді. Илікпейтіні, үш ұйықтаса түсіне кірмеген қызмет (Қ.Найманбаев).

Тест сұрақтары

1. Тіл қарым-қатынас құралы ғана емес, себебі:

- 1.тіл мен мәдениеттің ешбір байланысы жоқ
- 2.тілде кумулятивтік қасиет жоқ
3. тіл ұлттық мәдениеттің өмір сүру формасы
- 4.тілде мәлімет сақталмайды

2.XX ғасыр соңында тілді зерттеудің ең басты бағыттарының бірі қандай?

- 1.адам тілдің иесі ретінде саналатын -антропологиялық парадигма
- 2.тілдің өзегі -грамматика
- 3.философиялық бағыт
- 4.мәдени бағыт

3.Тілдегі антропоцентрлік бағыттардың бірін көрсетіңіз:

- 1.логикалық
- 2.әдеби-мәдени
- 3.философиялық бағыт
- 4.когнитология, лингвопсихология

4.Тілдегі антропоцентрлік бағыттардың бірін көрсетіңіз:

- 1.логикалық
- 2.лингвоэтнология, лингвомәдениеттану
- 3.философиялық бағыт
- 4.тарихи

5. «Тіл – адам өмірінің барлық саласын дүниені танудан бастап, өмір тіршілігін тұтас қамтитын және оның заттық, рухани мәдениетін келер ұрпағына жеткізетін құрал» дейтін кімнің бағдары?

- 1.Ә.Қайдардың бағдары
- 2.Ш.Баллидың бағдары
- 3.Гумбольдтың бағдары
- 4.В.Мокиенконың бағдары

6.Лингвомәдениеттанудың зерттеу нысаны не?

- 1.этнолингвистиканың қазіргі жай күйі
2. когнитологияның басты құрылымы
- 3.заттық және рухани мәдениеттің қазіргі ұлт менталдығында көрінетін халықтық санада сақталған тілдік бірліктер
- 4.фразеологизмдердің диахрондық сипаты

7. Елтану бағыты қандай салалармен байланысты?

1. этнолингвистика, лингвомәдениеттану
- 2.грамматика
- 3.синтаксис
- 4.фонетика

8. Лингвомәдениеттанудың зерттеу нысаны не?

- 1.әлеуметтану мен тілдің арақатынасы
- 2.философия мен тілдің арақатынасы
- 3.психология мен тілдің арақатынасы
4. тіл мен мәдениеттің өзара байланысы мен арақатынасы

9.Сөйлемдерден лингвомәдениеремалы тіркесті көрсетіңіз:

1. Осыған қарап мені бір ... керемет дарын иесі деп қалмаңыз (Ш.Қ.).
2. Ол жылдары қамшысынан қан сорғалаған дер кезі болса, қазір алпысқа таяп қалды (Ғ.М).
3. Дәтімнің қаттылығы, бәлкім, тіпті, қатыгездігім шығар, бәрін де кезінде көрейін деп тістене қаттым (Б.Н.).
- 4.Оны қолпаштап, дем беріп отырған өздері ғой, тартсын жазасын (І.Е.).

10. Сөйлемдерден лингвомәдениеремалы тіркесті көрсетіңіз:

1. Бала, әліптің артын бағайық дедім емес пе? (Т.Нұрм.).
2. Алғашқы кездері есіктің алдына шығып әңгіме дүкен құрып жүрдік (Б.Н.).
3. Жылатқанды жұбатқысы, сүрінгенді сүйегісі келді, арашашы болды. (Ж.Кәрм.).
4. Басым айналып, сұлқ түсіп отыра кеттім. (Д.Ис.).

10 тақырып

Мағыналас фразеологизмдердегі ұлттық-мәдени ерекшеліктер

Қазақ фразеологизмдерінің қалыптасуындағы ұлттық-мәдени маңызы бар деректер тілдің кумулятивтік қызмет арқылы осы күнге дейін жеткен. Әр ұлттың мәдени ағымындағы өзгерістер тілде сақталған. Қазақ ұлтының мәдени өмірінің көрінісі – фразеологиялық қорда қаттаулы. Фразеологизмдердің мәдени түп деректерін тілдің осы қорынан іздеу керек.

Қазақ фразеологизмдерінің мәдени-ақпар көздері:

- Ұлттың дәстүрлі мәдениет үлгілеріндегі дағдылы ұлттық рәсімдердегі айтылатын тіркестері;
- Мәдени деректер түсінігіндегі мақал-мәтелдер;
- Образ эталонға айналған тұрақты теңеулер тіркесі;
- Қазақ тіліндегі сөз-символдар, символдық мәні бар сөздер мен тіркестер;

- Ұлт дүниетанымындағы діннің рөлі; мораль, этика үлгілерін танытатын тұрақты тіркестер;
- Ұлттың адамзат тарихында жасаған интеллектуалдық рухани мұрасында қалыптасқан фразеологизмдер қоры;
- Ұлт тіліндегі өзіндік мән мағынасымен белгіленген сөздер мен тіркестердің фразеологиялық мағына жасаудағы ықпалы;
- Троп түрлеріндегі бейнелі тіркестердің фразеологизмдерге айналуы;
- Тарихи фразеологизмдер.

Салт-дәстүр, наным-сенімдер негізінде қалыптасқан тұрақты тіркестер

Бүгінгі таңда қазақ тілінің мәртебесі көтеріліп, әлеуметтік жүгі артқан кезде, ескі тұрмыс-салтқа байланысты бастапқы мағыналарының өзгеріп немесе ұмыт бола бастаған тұрақты тіркестердің тамырына үңіліп, олардың түп-төркінін ашудың маңызы өте зор, өйткені өзгерген, ұмыт болған, жоғалған нәрселерді қайта жаңғырту – ұрпақ парызы. Ата-бабаларымыздың өмірден алған білімі, ой-тұжырымы, тәлім-тәрбиесінен хабар беретін тұрақты тіркестердің ана тіліміздің байлығын тануда алатын орны ерекше құнды. Әсіресе, халықтың салт-дәстүрлер жүйесі қалыптастырған фразеологизмдер ұлттық жан-күй үйлесімінен едәуір хабардар етеді. Оларды біз жиналған фразеологиялық материалдардың мазмұнына қарай, бірнеше түрге бөлдік.

- ✓ Халықтың киім кию дағдысына қарай тілде қалған атаулар мен анықтамалар бойынша жасалған тұрақты тіркестер.
- ✓ Адамдарға қатысты қоғамдық салт түрлеріне орай жасалған фразеологизмдер.
- ✓ Ұлттық этика мен моральға қатысты салттық мәндегі тіркестер.
- ✓ Жаугершілік заман кезінен сақталған мәдени коннотациялы тіркестер.

Халықтың киім кию дағдысына қарай тілде қалған атаулар мен анықтамалар бойынша жасалған тұрақты тіркестер.

Қазақтың ұлттық киімдерінің түрлері мен атаулары көп. Олар кейде Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз үлгілері деп, кейде аталған жүздер ішіндегі

рулардың аттарымен де айырып айтылады. Мәселен, *арғын тымақ, найман тымақ, қытшақ тымақ, адай бөрік, қызай бөрік, ноғай бөрік* т.с.с.

Кейде географиялық мекен атына қарай да ерекше мәнер үлгіге бөлінеді. Қоңырат үлгісі, Жетісу үлгісі, Арқаның үлгісі және т.б. Бұлай бөліп атау киімдердің кеңдігі, ықшамдылығы, бойға қонымдылығы және әшекейлеу мәнерлерінің ерекшеліктеріне қарай да ажыратылады.

Мысалы, шапан үлгісін алайық. Ұлы жүздің шапандары көбінесе жолақты, сырмалы, етек-жеңдері ұзын, ашық жағалы келеді. Оңтүстік елі өзбек, тәжік, ұйғыр халақтарымен көршілес, көпшілік кәсібі бау бақша өсіріп, егін салу болғандықтан, бұлардың киім үлгісі мен тігілу мәнеріне осы жағдайлардың ықпал еткенін көреміз.

Орта жүздің шапандары, көбінесе, бір беткей матадан, сырусыз, сирек қабылып етектері шалғайлы, жеңдері кең, жағалары шолақ ойма немесе түймелі болып келеді. Өйткені орта жүз қалаға жақын, орыс, татар халықтарымен аралас-құралас отырады.

Кіші жүздің шапандары да жеңдері ұзын және кең, жүн тартқан, бидайлаған қалың қайырма жағалы болып келеді.

Шапанның ең маңызды қызметі - адамның әлеуметтік тегін, қоғамдағы қызметін, жасын, отбасылық жағдайын, кәсіптік жұмысын белгілеу, сол туралы хабар беру, сол арқылы адамның қоғамдық ортадағы орнын белгілеу, сондықтан шапанның киім ретіндегі ішкі семантикасы, ішкі сыры тікелей осы екінші функциясымен байланысты. Шапанның өмірде қолданылуы жолдарын да осы қызметі анықтайды.

Өткен ғасырларда адамның таптық, кәсіптік т.б. жағдайлары түрлі салт-дәстүрлермен, діни түсініктермен, қоғамдық ережелермен қатаң заңдастырылып қоятындықтан, шапанның бұл қызметіне ерекше мән беріліп отырды. Шапанның жалпы пішімі бірдей болғанымен, адамның әлеуметтік тегіне, кәсібіне байланысты жеңі, етегі, жағасы, басқа да бөліктерінің пішімі өзгеріп отырды. Мысалы, үстем тап өкілдерінің шапаны ұзын жеңді, етегі жерге дейін жететін болып жасалады. Ерте кездерде хан, сұлтандардың киімдерінің етегі жерде сүйретіліп жүретіндей ұзын болған. Салтанат үшін оны көтеріп жүруге арнаулы адамдар тағайындалатын болған.

Сол сияқты әр таптың өкілдерінің шапанына қолданылатын материалдар, олардың түсі, әшекейі әр түрлі болды. Шапанның пішімі, материалдары да адамның қоғамдағы орнын анықтайтын. Еңбек етпейтін үстем тап өкілдерінің сырт киімінің жеңі ұзын.

Қазақ тілінде жасырын істі білдіретін «**Жең ұшынан жалғасу**» деген тұрақты тіркесі осындай ұзын жеңді шапан киетін үстем тап өкілдерінің жымысқа іс-әрекетін сипаттайды. «**Етек басты**», «**етек басты болу**», «**етегінен ұстады**» сияқты фразеологизмдердің шығуы осыған саяды. Діни адамдар, ғұлама, ғалым адамдардың шапанының етегі, жеңі кең болып, мол қылып пішіледі. Қазақ тілінде сондықтан осындай рухани дүниесі бай, ақ жүректі, иманды, құдайға жақын адамдарға қатысты «**етек-жеңі кең**» адам, «**кең қолтық**» адам деген тіркестер қалыптасқан.

✓ *Адамдарға қатысты қоғамдық салт түрлеріне орай жасалған фразеологизмдер.*

Салт-дәстүрлер халықтың наным-сеніміне, өмірге деген көзқарасына, тіршілік кәсібіне байланысты туып, ұрпақтан-ұрпаққа ауысып, өзгеріп, өмірге қажеттілері дамып, жаңа қоғамдық қатынасқа қайшы келетіндері жойылып отырады. Мысалы, қазақтар жаугершілік заманда ақ қой сойып, қанына найзасын малып, бір-бірімен төс түйістіріп, антасып дос болатын болған "Достықты бұзғанды ант атсын" – деп серттескен. Бұл жаугершілік заманда батырларды бірлікке тәрбиеледі. Ал кейіннен қоғамның дамуына байланысты, анттасу салты мүлде жойылды.

Қазақ халқының салт-дәстүрлері көпшілігі малмен, көшіп-қонумен байланысты туып дамыған. *Наурыз тойлары, көшіп келген ағайынға ерулік беру, бие байлау, сірне, қымыз жинау, малдың төлдеуімен байланысты уызға, күздікте қарын-майға, қыста соғымға шақыру, отқа май құю, келіннің отқа салар әкелуі т.б. ырым, жол-жоралар, тіпті қыздың қалың малын немесе ердің құнын да мал санымен есептеу* сияқты салт-дәстүрлердің қалыптасуы, халқымыздың тұрмыс-тіршілігімен байланысты туғанын дәлелдейді. Яғни, салт-дәстүрлер, бір жағынан, халықтың тұрмыс-тіршілігінің көрінісі болса, екінші жағынан, еңбекке, адамгершілікке, өнерге, баулуда тәрбие құралы болған.

Қазақ тілінде “Ала жібін аттамау” деген фразеологиялық тіркес бар. ҚТФС-де бұл тіркесті “біреуге қиянат жасамау, сұғанақтық істемеу, арамдыққа бармау” деп түсіндіріледі. Осы тіркестің қалыптасу жолын халқымыздың салт-дәстүрімен байланыстырсақ, қазақ халқының баяғыдан келе жатқан тұсау кесу дәстүрінің мәні зор. Тұсау кесу - қазақтың өмір сапарының алды. Ол - баланың келешегіне жол ашу, ақ жол тілеу ырымы. Осыдан келіп, тұсау кесу ырымы кезінде баланың аяғына неліктен ала жіп байланады? Басқа түсті жіп неге байланбайды? деген сұрақ тууы мүмкін. Мұның себебі мынада: қазақ баласын тұсауы кесілгеннен бастап, ұрлыққа, жамандыққа барма, жолама деп баулиды. Біреудің ала жібін аттама, бүлінгеннен бүлдіргі алма дегенді, әу бастан-ақ құлағына сіңісті етеді. Аяқтағы жіптің ала болуы да, оның кесілуі де жоғарыдағыларды орында, айтқанды істе, ондайдың жолын кес, біреудің бір құлаш бас жібіне жолама, тіпті бұғауға мойыншақ, көгенге бұршақ болатынын алма дегені (қараңыз: А.Жүнісов “Бабалар дәстүрі“, А., 1992, 10-бет).

✓ *Ұлттық этика мен моральға қатысты салттық мәндегі тіркестер.*

Салттық мәннің бірі – құдалық. Құдалықтың белгісі ретінде **қамшы іліп кету** салты болған.. Қызды көруге келген жігіттің әкесіне қыздың шешесі “Қызды кім айттырмайды, қымызды кім ішпейді”, “Қызымның ұнағаны рас

болса, белгі тастап кет” дейді. Жігіт әкесі үйдің төріне қамшысын іліп, “құдалықтың басы болса осы болсын” деп бір жорға ат байлап кететін болған. Ал жігіт шешесі ұнатқан қызына сыйға тарт деп жасап берген үкілі тақия, сырға, сақиналарын жігіт бойжеткен қызға беріп кетеді. Осындай жоралғыдан кейін ол үйдің қызы - “басы бос емес, үкі таққан қыз” атанады. Төрдегі қамшы құда түсу тойы болғанша ілулі тұрады. Қыз әкесі бір-бір жарым жыл жігіт жақтан жаушы келгенше күтеді. Егер осы уақыт ішінде жігіт жақтан еш хабар болмаса, қыз әкесі жігіттің әкесіне **қамшысын кейін қайтарып береді**. Яғни, қамшы тек көлік айдауға арналған құрал ғана емес, құдалықтың да бір белгісі болып табылатыны байқалады.

Жалпы, қамшы - елдер тұрмысында аса кең тараған байырғы құралдардың бірі. Сондықтан қамшы төңірегінде айтылатын әр түрлі әдет-ғұрыптар, салттық ерекшеліктер жиі кездеседі. Солардың бірі билер арасында сөз кезегін алу үшін қолданылатын әдіс - **“қамшы тастау”**. Мысалы:

Сөз астарын түсінген қызба мінезділеу Темір би сөз таластырғысы келіп кетіп, ежелгі дәстүр бойынша, айыр тісті, алтын сыммен оралған тобылғы сапты қамшысын алдына тастай салды.

- Ат тұяғы басқан жердің бәрі бірдей шөптей жапырылып жата қалмайды, - деді ол қара сұр беті күреңденіп, - Әбілқайыр ханның да мүйізі шаңырақтай кей батырлары Еділдің ар жағына өткен. Бірақ одан не ұтты? Мойындары ырғайдай, биттері торғайдай боп елдеріне әзер жеткен.

Қамшысын енді Оспан алдына тастады.

- Атыңның жүйріктігіне тым сене берме? Талай жүйріктердің де мойнына бұғау салынған. Байқа, Темір би, Жәнібек ханның құрығы Әбілқайырдікінен ұзын болып жүрмесін! (І.Есенберлин).

Сондай-ақ ертеректе “үйге қамшыны бүктеп алып кіру” әдептілікті байқатады деп есептеген.

Қазақ тілінде “қамшыға” байланысты мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестер жиі кездеседі.

✓ Жаугершілік заман кезінен сақталған мәдени коннотациялы тіркестер

Жаугершілік пен соғыс әлем халықтарының өмір сүру, тіршілік ету мәдениетінің бір көрінісі. Соғыс, жорық кездеріндегі жеңіс пен жеңілісті суреттейтін «есесін жібермеу», «кегін алу» деген мағынаны білдіретін тұрақты тіркес – **«Жастығын ала жату»**. Бұл тұрақты тіркестің жасалуына арқау болған образдың түп негізінде XIII ғ. дейінгі көшпелілер әлеміндегі адамды жерлеу рәсімі жатыр. «Ерте кездердегі монғолдарда бай адам өлсе, оның аяғына жастық етіп сүйікті құлын, ал жаугершілік қолбасы қаза тапса, оның ерлікпен өлген қарсыласын, я болмаса, сол ұрыста қаза тапқан үзеңгілес жолдасын қолбасының басына жастап бірге жерлейтін салт болғандығын айтады. Ал бұл салт монғолдың тарихи-әдеби мұраларының бірі «Чингисийн гадич» - те («Шыңғыстың өмірбаянында») көрініс тапқан. Онда Мөнд өрлүг деген адам Тайисун ханның бас-

аяғына жастық етіп бірге көмгендігі жайлы айтылады» - дейді монғол ғалымы Ш.Гаадамба .[5,127].

Бұл туралы Илияс Есенберлиннің «Алмас қылыш» романында монғол халқының өздерінің бекзадаларын жерлеуде қабірге өлген сұлтанымен бірге бекзаданың құлын салу дәстүрі болғандығы туралы айтылады.

Демек, бұл деректерге сүйенсек, қазір тілімізде «есесін жібермеу», «кегін алу» мәнін беретін тұрақты тіркестің негізі адамды жерлеу рәсімімен байланысты болса керек.

Археолог Владимирцовтың қазбаларында түркі нәсілдестерге ұқсас жерленгендердің бассыз көмілетіндегі кездеседі. Монғолдар баспен жерлесе кейінгі тірі жүргендерге зияны тиеді деген сеніммен жауынгердің басын шауып тастап жерлеген. [6,14]. Бұл «өлтірді, өлім жазасын берді, өлім жазасына ұшырады» деген мағынада қолданылатын «**басын алу**» тұрақты тіркесіне негіз болса керек.

Сонымен қатар тіліміздегі «өлтірді» мағынасында қолданылатын **қанын ұртау (ішу)** тұрақты тіркесі де кең таралған.

«Қанын ішу» тұрақты тіркесінің қалыптасуы туралы деректерге сүйенуге тура келеді. Мысалы, М.Иваниннің «Шыңғысхан мен Темірдің кезіндегі соғыс өнері туралы» деген еңбегінде, кезінде монғолдар жорыққа аттанғанда, қарудан басқа өздерімен бірге бірі суға, бірі құртқа арналған екі торсық алған. Бұл құртпен олар қатты жүріс кезінде тамақ жалғаған. Мүмкіндік болған сәттерде ет пісіріп жеген. Ал енді құрт немесе басқа азық болмаған жағдайда, олар аттың қанын ағызып, соны ішкен. [7,47]. Бұл тәсілмен он күн шамасында шыдауға болады екен. Осы уәжділік кейін ауыспалы мағынада қанын ішу тұрақты тіркесіне айналған.

СҰРАҚТАР

- 1.Фразеологизмдердегі ұлттық коннотация.
- 2.Фразеологизмдердің мәдени түп деректері деген не?
- 3.Фразеологизмдердің мәдени ақпар көздері
- 4.*Наурыз тойлары, көшіп келген ағайынға ерулік беру, бие байлау, сірне, қымыз жинау, малдың төлдеуімен байланысты уызға, күздікте қарын-майға, қыста соғымға шақыру, отқа май құю, келіннің отқа салар әкелуі т.б. ырым, жол-жоралар, тіпті қыздың қалың малын немесе ердің құнын да мал санымен есептеу сияқты салт-дәстүрлерге қатысты фразеологизмдерге мысалдар келтіру.*

ТАПСЫРМА

- Салт-дәстүр, наным-сенімдер негізінде қалыптасқан тұрақты тіркестерді тақырыптық топтарға тілдік деректер арқылы жіктеу.
- «Қамшы» лексемасы ұйытқы болған фразеологизмдерді жазу
- Жаттығудан фразеологиялық тіркестердің жасалу жолдарын анықтаңыздар.

Күн батып, қас қарайып келе жатқандағы жым-жырт тартқан табиғат өзінің ауыр салқын түсімен қайғы-қападан қажыған кәрі көңілдің күйіне үйлескендей болды. (М.Ә.) Қане қорықпағаның. Қорыққанда қандай! Зәрең тас төбеңе шықты емес пе? (Т.Нұрм.). Сүйретіле тұрып, тонын жамылып, жалаң аяқ сыртқа шықты. Көзге түртсе көргісіз, тас қараңғы. (Ор.Б.). Аяғында, күн батып, көз байлануға тақалғанда жүргіншілер біздің қатарымызға келді. (М.Ә.). Жастардың бәрі де мергендігімен көзге түскен. Жері бай ел болсаң да даласы тоқ, қалтаңа басқан пұлдың бағасы жоқ. Шенділер шетелдерде емделеді. Ауылда дәрі алатын шамасы жоқ (Аманжол-Жібек айтысынан. “ҚӘ”). Жылатқанды жұбатқысы, сүрінгенді сүйегісі келді, ақ жолына арашашы болды. Сәл қарлыққан үні жүз құбылып, тыңдаған құлақтың құрышын қандырып осы ертекті айтушы еді (Ж.Кәрменов). Үлкен шалдың бұларға қыр көрсету үшін әшейін айта салған сөзі шығар, - десек өздері оңаша қалғанда (Қ.Жұм.). Сау болыңдар, өңкей жындының ауылы!.. деп бастық пен Ормантайға оқты көзімен соңғы рет ата қарап, есікті сарт жапты (Д. Ис.). Мен мұнда, шынымды айтсам, мемлекет мүлкіне жаным ашығандықтан келіп жүрмін (Қ.Ж.). Бір күні, ойында ештеңе жоқ, түскі ыстыққа өзен жағасына барып, белуарына дейін шешініп тастап, жуынып жатқан-ды. (Қ.Жұм.). Сайдың тасындай небір жігіттер мына тұрған орталық пен Суықсайдың арасында талай мәшинені төңкеріп, сүйегін шашып ала жаздады. (М.Қабанб.).

Тест сұрақтары

1.Қазақ ұлтының мәдени өмірінің көрінісі қандай тілдік қорда сақталған?

- 1.қаржы қорында
- 2.тарихи қорда
- 3.фразеологиялық қорда
- 4.әлеуметтік қорда

2. Арғын тымақ, найман тымақ, қыпшақ тымақ, адай бөрік, қызай бөрік, ноғай бөрік т.б. тіркестер қалай жасалған?

1. Ұлттық этика мен моральға қатысты салттық мәндегі тіркестер.
- 2.Халықтың киім кию дағдысына қарай тілде қалған атаулар мен анықтамалар бойынша жасалған тұрақты тіркестер.
- 3.Аңыздар бойынша жасалған тұрақты тіркестер.
- 4.Тарихи оқиғалар бойынша жасалған тұрақты тіркестер.

3. Қазақ фразеологизмдерінің мәдени-ақпар көздерін анықтайтын қандай тіркестер?

1. терминологиялық тұрақты тіркестер
2. Адамдарға қатысты қоғамдық салт түрлеріне орай жасалған фразеологизмдер.
3. Балама тіркестер
4. калькаланған тіркестер

4. Тарихи фразеологизмдерді көрсетіңіз:

1. «Қайда барсаң Қорқыттың көрі»,
2. қас пен көздің арасында, күн арқан бойы көтерілу
3. "Есімханның ескі жолы, Қасымханның қасқа жолы"
4. көңілі қалу, қаны қайнау, ойы бұзылу

5. "Иман келтірді", "Құдай абырой берді", "Құдай бұйыртса", "Құдайсыз құрай сынбайды" - тіркестері қандай ұғым-түсініктерден хабар береді?

1. аңыз
2. ертегі
3. тарихи
4. діни

6. Әдет-ғұрып, салт-дәстүрге қатысты фразеологизмдерді табыңыз:

1. жыртысын жырту, қонақ кәде, садақа беру
2. қас пен көздің арасында, күн арқан бойы көтерілу
3. ат қою, көзі ашылу, аузын ашу, қол көтеру
4. көңілі қалу, қаны қайнау, ойы бұзылу

7. Белгілі бір кәсіпке, мамандыққа байланысты қалыптасқан фразеологизмдерді көрсетіңіз:

1. жіліктің майлы басы, жанды жер, жанын жегідей жеу
2. опық жеу, орға жығу, араны ашылу
3. екі иығынан дем алу, қабағынан қар жауу,
4. шегірткеден қорыққан егін екпес, ұзын арқау кең тұсау, өрісі тар

8. "Күлтөбенің басында күнде жиын", "Абылай аспас асу бел", "Есімханның ескі жолы, Қасымханның қасқа жолы" - тіркестері қандай ұғым-түсініктерден хабар береді?

1. аңыз
2. ертегі
3. тарихи
4. діни

9. Байлық ұғымында айтылатын мағыналас фразеологизмдерді көрсетіңіз.

1. төрт түлігі сай, дәулет біту, малға бөгу
2. іш мерез, ала аяқ, су жұқпас, қу мүйіз

3. ындыны кебу, ерні кезеру, қаңырағы түтеу
4. әні-міне дегенше, қолма-қол, көз ілеспей

10. Фразеологизмдерге ұйытқы сөз - сөз-компоненттер ішінде бірінші болып та, соңынан да тұра береді. Мысалы: *тісін батырды, тіс қаққан, тіске басар, тісін қайрады* - тіркестерінен ұйытқы сөзді көрсетіңіз.

1. батырды
2. қаққан
3. қайрады
4. тіс

11 тақырып

Фразеологиялық мағыналардың қалыптасуындағы ұлт менталитетінің рөлі

Адамзат өмірінің кезкелген сәті, оның тұрмыс тіршілігі, күн көрісі, салт дәстүрі, өмір сүру мәдениеті – барлығы тілінде көрініс табады. Бұл тілдің кумулятивтік қасиетіне жатады. Өйткені тіл ұлттың өзіндік ерекшеліктерін сақтап, жинайды, қаттап орайды, яғни кодқа айналдырады. Сол тілдегі бар код арқылы ұлт мәдениетін танып білуге болады. Әр халықтың ұлттық мәдени ерекшеліктері оның ғасырлар бойы жасаған тілінен көрінеді.

XXI ғасыр тіл білімінің жаңа парадигмасы - антропоцентрилік бағыт қазақ тіл білімі үшін де маңызды бағыт. Жаңа парадигманың қағидаларында бірінші кезекте адамды, оның сөзді қабылдауы, сөзді пайымдауы, талғап жарыққа шығаруы және ақпараттарды жүйелеуі – тілдік бірліктердің ерекшеліктерін талдауға мүмкіндік береді. Адамды тіл арқылы тану, сөз әдебінің ерекшелігін саралау тіл мәдениетінде қалыптасқан фразеологиялық қордан көрінеді.

Фразеологиялық мағыналардың қалыптасуындағы ұлт менталитетінің рөлі айырықша. Ұлт тіліндегі фразеологизмдер қоршаған заттар мен құбылыстарға баға беру, сипаттау арқылы сол ұлттың менталитетін, көзқарасын, дүниетанымын аңғартады. Менталитетті ұлттық жағын сөз етсек, онда тіл ұлттық менталитетті жасайды, қалыптастырады. Ұлт менталитетін ең айқын көрсететін нәрсе – фразеологизмдер. Тіл арқылы берілген халықтың мәдени өмірі мен менталитеті, тұрмыс-салтқа қатысты ұлтқа тән ерекшеліктер фразеологизмдерде ерекше байқалады. Тілдік тұлғаның өмірлік тәжірибелер арқылы қалыптасып, жадында сақталған фразеологизмдердің гештальт күйінде сақталатындығы оның сөйлеу әдебінен анық байқалады.

Қазақ фразеологиясында фразеологизмдердің базалық концепт құрайтын ерекшеліктері түрлі концептілік талдауларда маңызды ғылыми нәтижелерге қол жеткізіп жүр. Концептілік жүйенің құрылымдық элементтері – фрейм, гештальт, стереотип, сценарий, скрипт т.б. фразеологизмдерді когнитивті лингвистика тұрғысынан жаңа зерттеу мүмкіндіктеріне бағыт-бағдар болды.

Дүниенің фразеологиялық бейнесі ұлттың ғасырдан-ғасырға жинаған тәжірибелері мен өмірге көзқарасынан, ақыл-ойынан тұрады. Бұған әр тілдің фразеологиялық тіркестерінің идиоэтностығы айқын дәлел. Себебі *таным – мәдениет - тіл* үштігіне сүйене отырып, этнотанымдық мәні мен маңызы зор тілдік фактілер - фразеологизмдердегі когнитологиялық құрылым мен концептілік модельдер арқылы бүгінгі тіл білімі тұрғысында ғылыми талдау қай кезде болса өзекті мәселе болып табылады.

Жер бетіндегі ұлттар мәдениетінің бір-біріне ұқсамайтыны заңдылық. Бұл әсіресе адамдардың қарым қатынасынан, өмір сүру формаларынан, тіпті гендерлік ерекшеліктерінен де анық байқалады. Қазіргі тіл біліміндегі когнитивтік бағыттың басты мәселесі - біріншіден, санада тілге дейінгі бейнеленген дүниелердің ішкі мәнін түсіндірудің әдіс-тәсілдерін қарастыру, екіншіден, логикалық-позитивті және эстетикалық таным-білімнің реттелген, жүйеленген, өңдеуден өткен ақпараттарын тіл арқылы іздеп айқындау. Осыған орай, тіл арқылы көрініс тапқан санадағы дүниелер бейнесін анықтау, яғни тілді когнитивтік тұрғыдан зерттеу әлемдік тіл білімінде үлкен бағытқа айналды. Осы орайда, Е.С.Кубрякова: «Прежде всего, когнитивная лингвистика связана с изучением когнитивной системы человека. Основная задача когнитивной системы человека в обработке и переработке информации, а так же ее хранении и видоизменении» деген құнды пікір айтады. (Человеческий фактор в языке. Язык и порождение речи. М.,1991) Демек когнитивтік жүйе – индивидуальді өмірлік тәжірибе, яғни адамның танымдық тәжірибесін бейнелейтін оның білімі мен ой-пікірлерінің жүйесі. Тіл адамдардың іс-әрекетінен тыс дамымайды, адамды тілі арқылы тану, білу, зерделеу оның этноментальдық өмірінен толық ақпарат береді.

Қазақ тіл білімінде когнитивтік лингвистикаға қатысты зерттеулер қазақ ғалымдарының түрлі ғылыми еңбектерінен атап айтқанда, тілдік таңбаның мағыналық, мазмұндық мәні арқылы дүниені тану жағын қарастыру (Э.Д.Сүлейменова), адамзаттың этноментальді дүниесінің тіл арқылы берілуі (Н.Ж.Жарқынбекова), эмоция, гештальт-құрылым түріндегі концептілердің көрінісі (Қ.Жаманбаева), сөз әрекетіндегі когнитивтік модельдердің типологиясы, (Г.Г.Гиздатов), прозадағы контраст концептілердің тілдік көрінісі (С.Сүгірбекова), концептілердің ұлттық-мәдени компоненттері (Ш.Елемесова), байырғы ұлттық танымның көркем прозадағы тілдік бейнеленуі (Н.Аитова), кейіпкер тілінің когнитивтік мәні мен тілдік тұлға мәселесі (Ж.Сәткенова), концептілік құрылымдардың поэтикалық мәтіндегі вербалдану ерекшелігі (А.Әмірбекова), жеке лексемалар арқылы концепт мазмұнының берілуі (М.Күштаева) және т.б. ізденістер арқылы қазақ тіл білімі когнитивтік лингвистикаға өзіндік үлесін қосып келеді.

Тілдік ұжым мүшелерінің таным-білімі өркениет пен мәдениеттің әр түрлі кезеңдерінен өткен сайын ақиқат дүниені тек логикалық-позитивтік қана емес, этикалық-моральдық, ментальдық тұрғыдан да таныта алады. Әлем бейнесін тіл арқылы бейнелеуде концепт ретінде танылған ұғыммен мағыналық байланыста тұратын фразеологизмдердің маңызы ерекше.

Мысал ретінде қазақ тіліндегі «әйел» лексемасына менталдық бірлік ретінде концептілік талдау жүргізуге болады.

Жалпы адамзаттық, жалпы ұлттық құндылықтардың ерекшеліктерін таныта алатын күрделі ұғымдардың бірі - Әйел. Әйел күллі адамзат түсінігінде тіршілік жаңартушы, өмірге ұрпақ әкелуші, жылулық пен мейірімділіктің, тәрбиенің, отбасы берекесінің бастауы ретінде ұғынылады. Тілдік бірліктер арқылы танылатын әйел бейнесі санада өміршеңдік, заттық, тұрақтылық, сезімталдық т.б. белгілермен ерекшеленеді. Әр түрлі ситуациялар мен тақырыптарда сипатталатын әйел бейнесі дүние моделін жасауға қызмет етеді.

Сондықтан да әйел лексемасы қазақ тіліндегі фразеологизмдердің когнитивтік аспектіде зерттелуіне тілдік фактор бола алады. Әйел атауымен кешенді ұғымдық сапаға ие және прагматикалық ықпалы әр қилы фразеологизмдер әйел атауына қатысты мағыналық ассоциациялық байланыста семантикалық категориялардың парадигмаларын түзеді. Сонымен қатар, адам баласының ұрғашы жыныстылар ұғым жүйесін құраушы түсініктердің ішіндегі қолдану аясы барынша бейтарап, бөлшектен бүтінге қарай топтастырғанда кешендік жалпылық сапаға ие концепт ретінде тұжырымдалып, әйел атауына қатысты фразеологизмдердің когнитологиялық құрылымы анықталады.

Қазақ тілінде «әйел» атауына қатысты жасалған фразеологизмдердің семантикасынан ұлттың мәдени болмысы мен ойлау жүйесі, қоршаған дүниені қабылдаудағы ұлттық менталдық танымы ерекшеленеді. Қазақ тілінде «әйел» атауына қатысты танымдық мәдениеттің ақпараттық ерекшеліктерін айқындайтын концепт құрылымдар бар. Концептілік құрылымдардың санада бейнеленуі әр түрлі формада көрініс табады. Қазақ тілінде әйел атауына қатысты танымдық мәдениеттің ақпараттық ерекшеліктерін айқындайтын концепт құрылымдары әйел болмысын танытатын әрбір сема санада *Фрейм*, *Скрипт*, *Сценарий*, *Схема*, *Ойсурет*, *стеоретип* ретінде сақталған. Концепт құрылымдар арқылы фразеологизмдердегі әйелдер бейнесінің лингвомәдени мазмұны сипатталады және фразеологизмдердегі әйелдер бейнесінің этнолингвистикалық мазмұны ашылады. Әйелдер бейнесінің этнолингвистикалық мазмұнын концепт құрылымдар арқылы сипаттау ұлт мәдениетінің тілдегі көрінісін анықтауға мүмкіндік береді. «Әйел» концептісі өміршең құрылым деп танылып, оның лингвомәдениеттанымдық, психоллингвистикалық, лингвокогнитивтік ерекшеліктері көрсетіледі.

Фрейм көбінесе заттың, құбылыстың лексикалық мағынасы, ол туралы тұлғаның энциклопедиялық және этнолингвистикалық білімі негізінде санада көрініс табатыны белгілі. Демек адамдар санасында сақталған әрбір ақиқат фрейм бола алады. Фрейм тармақтары төңірегінен оқиғалар мен ситуациялар жүйесі жинақталса, оны **сценарий** құрайды. Сценарий концептінің идеясын танытатын сюжеттерден құралады.

Стереотипке тән ерекшелік – тұрақтылығы. Мұндай тұрақтылық дүниенің маңызды ситуацияларының санада жиі қайталанып, автоматты түрде дағдылы түсінікке айналуынан жүзеге асады. Стереотип – дүние туралы

таным-түсініктің қайталануынан тұрақталған әрекеттер мен құлықтар шаблонуы. Мысалы: *босаға аттау* ; *түн ұйқысын төрт бөлу*; *ақ жасаулық*;

Схема – когнитивтік санада сыртқы сингалдар мен ішкі сезімдер көмегі арқылы жинақталған ақпараттарды бір құрылымда таныту. Мысалы, қазақ танымында «әйел» концептісінің схемалық құрылымда танылуын «сұлулық» микроконцептісінен: *ай десе аузы, күн десе көзі бар* ; *Адамнан асқан сұлу, Қараса жан тоймау, атқан таңдай*. т.б.

Ойсурет - санада бейне, метафора, символ көмегімен танылатын концепт қалыптастыратын ең күрделі форма. Мәселен, метафора «білімнің моделі» ретінде түсіндіріледі. Метафора концепт қалыптастыратын құрылымдық элементтердің бейнелену қызметін атқарады. Метафоралану әрекеті адам тәжірибесіндегі ассоциативтік, стереотиптік, символдық танымына негізделеді. Концепт қалыптастырудағы метафораның қарапайым қызметі – танылатын дүниенің бір қызметін ауыстырып, санадағы гештальт құрылымда жаңа фон қалыптастыру. Мысалы, «әйел» концептісінің құрылымдық элементі – Ана. Ұлттық танымда мысалы, «ана сүтін ақтау» деген тіркесте ананың балаға деген үміті мен ізгі тілегінен шықты, ана сенімін орындады деген ұғым жатыр. Сол сияқты, «Анаңды Меккеге үш рет жаяу апарсаң да ақ сүтін ақтай алмайсың» деген тіркесте қазақ түсінігі бойынша баланың алдында аналық парыздың еш өтеусіз екендігін ұғындырады. Метафоралау нәтижесі концептілік құрылымдардың модельдену көрінісін қалыптастырады. Бұл әрекет когнитивтік санадағы сенсорлық, перцептивтік қабылдаулар арқылы жинақталған ақпараттар негізінде жүзеге асады. Концептілік құрылымдарды модельдеу барысында санада салыстыру, категориялау сияқты логикалық операциялар жұмысы жүргізіледі. Мысалы, «*Ұжмақ анаңның аяғының астында*» деген діни фразеологизм бар.

С У Р А Қ Т А Р (Қосымша деректерді Г.Смағұлова. «Қазақ фразеологиясы лингвистикалық парадигмаларда» еңбектен оқу)

- 1.Тілдің кумулятивтік қасиеті. Ұлт мәдениеті. Ұлттық болмыс.
- 2.Фразеологиялық мағыналардың қалыптасуындағы ұлт менталитетінің рөлі.
- 3.Мағыналас фразеологизмдердегі ұлттық ерекшеліктер.
- 4.Қазақ тіл біліміндегі антропоцентрлік бағыт туралы.
- 5.Когнитивтік жүйені құрылымдары.
- 6.Қазақ тіліндегі менталдық бірліктерге фразеологиялық талдау жасау.

Т А П С Ы Р М А

- Когнитивтік жүйенің құрылымдарына қарай жаттығудан фразеологиялық мысалдарды топтастыру
- Ұлт мәдениеті мен ұлттық болмысқа қатысты фразеологизмдерді талдау.

№ 11

Тек Тәшенғали екі оттың арасында қалғандай, тамағын кенеп, Базарға бір, мұрттарын сылап күлімдей кірген жігіттерге бір қарай берді. (Қ.Жұм.) О-о, немереңнің бауы берік болсын! Барамыз, сөзсіз барамыз, - деді Әбекен қуанғанынан трубканы екі құлағына кезек тосып. (Қ.Ж.). Құдай бұйырса, кенже келінімді қолыма түсіріп, балаларын өзім бағармын-ау! – деді Рахима ренжігенін білдірмей, сөзге жұбатып. (Қ.Ж.). Өз алдарына ат тауып міне алмай, жүк үстіне жабысқан, кебежеде отырған кемпір-шал, мойындары қылқиған бала-шаға қаншама! Амал не, қабырғаң қанша қайысқанымен, жұтаған жұртты немен жібересің? Аш-жалаңаш кедейді байға қалай теңерсің?! (Қ.Жұм.). Наурызбайдың жүз жасауылының 95-і қаза тапты, олардың ішінде Кенесарының сүйікті батыры Байтабын да бар еді, ол ұзақ атысып, қатты қарсылық көрсетті, ең соңында оны батпаққа тықсырып, қоршауға алған кезде оққа ұшты (Хан Кене.). Шіркеу босағасына жапсырып шегелеп тастағанда ертеден қара кешке дейін тырп етпейді. (Ә.Нұрп). Барақ, Малайсары, Баян батырлардан басқа екі оттың арасында, қай жаққа беттерін біле алмай қысылып отырғандар да бар. (Қ.Жұм.) Жалғыз мен үшін ештеңенің керегі жоқ. Мен сендердің қамдарыңды ойлап тұрмын (Д.Ис.). Уа, хан Абылай! Уа, Қанжығалы қарт Бөгенбай! Құнанбайлар екінті мен ақшам арасында аттанар кезге шейін дәнекер болған осы әңгіме ғана. (М.Ә.). ...Мұстафаның жақын досы болған соң жаны ашып, адамгершілікпен, азаматтықпен бала-шағасына жәрдем беріп жүр екен-ау, десем... (Р.Мұқанова.). Артынан келген Мақыштың жақындарына қалың малын да беріп жатты (М.Ә.). Сайысқа ақын емес, ақша түсіп, жарыста талантты емес, таныстының жолы болып жатса, қалайша қаның қайнап, қабырғаң қайыспайды?! («АТ»). Әрқашан нұрланып тұратын қызғылт жүзі аппақ сұр болып, қанын ішіне тартып алып (М.Ә.). Бұл күнде зиялы атанып, екі тізгін бір шылбырды ұстап жүргендердің дені кешегі текті атаның ұрпағы екені жасыруға көнбес шындық емес пе? («АТ»).

Тест сұрақтары

1.Тілдің кумулятивтік қызметі нені қамтимды?

- 1.табиғатты
- 2.флора мен фаунаны
- 3.әлеуметтік қызмет
- 4.адамзаттың бүкіл өмір сүру мәдениетін

2.Фразеологиялық мағыналардың қалыптасуында ұлт менталитетінің әсері бар ма?

1. Әсері бар.Фразеологизмдер қоршаған заттар мен құбылыстарға баға беру, сипаттау арқылы сол ұлттың менталитетін, көзқарасын, дүниетанымын қалыптастырады

2. Әсері жоқ. Тіл ұлттық менталитетті жасамайды, қалыптастырмайды
3. Әсері жоқ себебі, ұлт менталитетін ең айқын көрсететін нәрсе – фразеологизмдер емес
4. Тұрмыс-салтқа қатысты ұлтқа тән ерекшеліктер фразеологизмдерде ерекше байқалмайтындықтан әсері жоқ.

3. Концептілік жүйенің құрылымдық элементтері –

1. таным мен менталдылық
2. болмыс пен қоршаған орта
3. фрейм, гештальт, стереотип, сценарий т.б.
4. ақиқат түсінік

4. Фразеологизмдерді жаңа зерттеу мүмкіндіктеріне бағыт-бағдар беретін сала -

1. әлеуметтік лингвистика
2. когнитивті лингвистика
3. психоллингвистика
4. этнолингвистика

5. Фразеологизмдердегі когнитологиялық құрылым мен концептілік модельдер арқылы талдағанда неге сүйенеміз?

1. әлеуметтік фактілерге
2. психологиялық факторларға
3. ғылыми факторларға
4. таным – мәдениет - тіл факторына

6. *Босаға аттау ; түн ұйқысын төрт бөлу; ақ жсаулық* қандай концептілік құрылымдарға жатады?

1. фрейм
2. стереотип
3. гештальт
4. сценарий

7. Неліктен метафора «білімнің моделі» ретінде түсіндіріледі? Себебі:

1. Метафоралану әрекеті адам тәжірибесіндегі ассоциативтік, стереотиптік, символдық танымына негізделеді.
2. Метафора концепт қалыптастыруға қатыссыз
3. Метафора ауыспалы мағына тудырмайды
4. Метафора бейнелену қызметін атқармайды.

8. *Ай десе аузы, күн десе көзі бар; Адамнан асқан сұлу; Қараса жан тоймау; Атқан таңдай* т.б. фразеологизмдері қандай микроконцептіні танытады?

1. мінез
2. білім

3. сұлулық

4. ақыл

9. "Ит арқасы қиянда", "түйенің тұяғы түскен жер", "ит жеккен" - идиомдары қандай концепт?

1. көлем

2. уақыт

3. ұзындық

4. қашықтық

10. Фразеологизмдерден «жылдамдық» концептісіне қатысты тіркестерді табыңыз:

1. еті тірі, тас бауыр, екі жүзді, көз ақы алу

2. кірпік қаққанша, табан аузында, қас пен көздің арасында, әні-міне дегенше

3. көз байланды, жіпке тізді, өкпесі өшті

4. кара таяқ, шикі өкпе, ұзын құлақ

3 МОДУЛЬ

Қазіргі қазақ тіліндегі қарсы мәнді фразеологизмдер

12 тақырып

Қарсы мәнді фразеологизмдердің семантикалық сипаты

Фразеологизмдердегі қарама-қарсылықтар, туындау себептері. Адамдардың логикалық-танымдық және психологиялық ерекшеліктеріне қарай, өмірде түрлі қарама-қайшылықтар болады. Бұдан қарама-қарсылықтар пайда болады. Ал олардың тілдегі көрінісі тілдік бірліктердің антонимиялық құбылысын туғызады.

Тіл білімінде кейінгі кезде басқа да ғылым салаларында, әсіресе, логика, философия, психологиямен байланысты қарастырылған кешенді зерттеулер бойынша антонимдерді топтастыру мәселелері басқаша бағыт алды. Антонимдер туралы осыған дейін тілдік қағидалардың аясында грамматикалық құрылысы, тұлғалық белгілері, сөз табына қатыстылығы т.б. айтылып келеді.

Зерттеушілердің дәлелдері бойынша, фразеологиялық антонимдерді анықтауда оларды семантикалық жағынан салыстыру керек. Фразеологизмдер – екі немесе бірнеше сөздің тіркесуі арқылы тұтас бір мағына білдіретін сөз тіркестері. Демек, фразеологизмдер арасындағы компоненттері бірігіп бір ғана ұғым береді. Сондықтан фразеологизмдер арасындағы антонимдік қасиетті анықтауда компоненттерін жеке алғандағы мағыналарды салыстыру емес, олардың тұтастай алғанда беретін мағыналарын қарама-қарсы қой керек.

Бір тақырыптық топқа жататын, ақиқат болмыстағы заттар мен құбылыстарды білдіретін фразеологизмдер антонимдік жұп құра алады.

Дексика-грамматикалық сипаты біркелкі фразеологизмдер (бір ғана сөз табынан болған фразеологизмдер) антонимдік жұп құру қасиетіне ие.

Академик В.В. Виноградов: «Идиом да, фраза да – белгілі бір сөз тізбектері: идиом тобындағы сөздер өзінің жеке тұрғандағы мағынасынан айырылып қалады да, өзара жымдасып бір ғана лексикалық ұғым береді» – дейді. Бұл пікірдің дұрыстығы төмендегі мысалдардан да аңғарылады: «*ит жеккен жер*», «*қырғи қабақ болу*», «*екі езуі құлағына жету*», «*су жүрек*» т.б. фразеологизмдердің семантикасына зер салсақ, «*алыс*», «*араз*», «*қуану*», «*қорқақ*» деген бір ғана лексикалық ұғымды білдіреді. Аталған фразеологизмдердің беретін мағыналарын анықтағаннан кейін, оларға қарама-қарсы мағынадағы фразеологизмді, яғни олардың антонимдік жұбын көрсетуге болады:

ит жеккен жер (алыс) ↔ қарға адым (жақын)

қырғи қабақ болу (араздасу) ↔ сүттей ұю (тату)

екі езуі құлағына жету (қуану) ↔ сары уайымға салу (қайғыру)

су жүрек (қорқақ) ↔ жүрек жұтқан (батыр)

Кейде қарама-қарсылық ұғымдарды әр түрлі фразеологиялық мағыналарды салыстыру арқылы байқауға болады. Мысалы, компоненттер жеке тұрып қарма-қарсы мәнде айтылмай-ақ, /басына *ақ күн туу ↔ қара күн туу* дегендегі *ақ – қара* сияқты/ қарсы мәндегі ұғымды беретін тіркестер бар. Мысалы:

Үлде мен бұлдеге орану ↔ үрерге иті жоқ, сығарға биті жоқ, Аспан айналып жерге түскендей ↔ сақылдаған сары аяз.

Ж. Мусин қазақ тіл білімінде фразеологиялық антонимдердің жасалу жолдарының төмендегідей 3 түрін ұсынады:

1) Фразалық тіркестердің бір немесе екі компонентін тіркестен тыс жеке алғанда өзара қарсы мағыналы болуы керек: *бейнетке бату – рахатқа бату, жақсатты көріну – жаманатты болу.*

2) Антонимдік жұп құрайтын фразалық тіркестерде мағынаға өзек боларлық бір сөз қайталанып келіп отырады: *бағы тайды – бақ қонды, орнын сипады – орнынан басты, ант ішті – антын бұзды.*

3) Антонимдік мағына фразалық тіркестердің компоненттерін түгел қамту керек: *өңменінен итеру – бауырына тарту, ындыны кепкен – бейлі тоқ.*

Ә. Болғанбаев пен Ғ. Қалиұлы фразеологизмдерде қарама-қарсылықтың берілуінің тек екі түрін көрсетеді:

1) Тұрақты тіркестің өз ішіндегі компоненттерді басқа сөздермен алмастыру арқылы: *аты шықты ↔ аты өшті*

ашық мінез ↔ тұйық мінез

2) Құрылым-құрылысы жағынан мүлдем басқа сөздерден жасалады:

соры сорпадай қайнады ↔ көзі ашылды

шөлі қанды ↔ қаны кепті .

Фразеологиялық антонимдер жасауға негіз болатын – болымсыздық аффикстері деген тұжырымды ғалым Е.Н. Миллер, З.Г. Ураксин ұсынады. Ал,

қазақ тіліндегі фразеологиялық антонимдерге бұл құбылыс тән бе деген мәселе анықтауды қажет етеді. Тіпті болымсыздық аффикстерінің лексикалық антонимдерге қатысы жалпы тіл білімінде ғалымдардың қайшы пікір таласын тудырды.

Қазақ тіл білімінде І. Кеңесбаев пен Ғ. Мұсабаев, Ж. Мусин сынды ғалымдардың еңбектерінде - *сыз*, - *сіз*, - *ма*, -*ме*, - *ба*, - *бе* аффикстері (сулы-сусыз, бақытты-бақытсыз) антоним тудыра алмайды деген көзқарас қалыптасқан.

Демек қазақ тіліндегі фразеологиялық антонимдердің жасалуының өнімді жолы – антонимдік мағына фразеологизмдерді тұтастай алғанда беретін мағыналарын салыстырып, қарсы қою арқылы туындауында. Болымсыздық аффикстері мен бір фразеологизмнің құрамында ұшырасатын антоним компоненттер қарсы мәнді фразеологизмдерді жасауға негіз бола алмайды.

Олай болса, компоненттері бірдей сөздерден болған, тек сөз түрлендіруші жұрнақтар арқылы жасалған фразеологизмдерге антонимдік қасиет тән емес.

Антоним сөздер фразеологизм құрамында қарсы мағыналық негізде айтылса, онда фразеологиялық антонимдер ***бір құрылымды*** болып келеді.

Мысалы:

Ыстық қанды ↔ суық қанды,
Дүниеге келу ↔ дүниеден кету,
Қолы ұзару ↔ қолы қысқару,
Маңдайының бес елі бағы бар ↔ маңдайының бес елі сору бар
– ***бір құрылымды антонимдер***, – .

Ал антоним фразеологизмдер лексикалық құрылымы мен синтаксистік құрылысы жағынан ерекшеленіп тұрса, онда олар ***әр құрылымды***.

Мысалы:

Ауылы аралас, қойы қоралас болу ↔ ит пен мысықтай болу
Ит арқасы қиянда ↔ таяқ тастам жерде
Әмпей-жәмпей болу ↔ жүз жыртысу
Ит жеместі жесісу ↔ ауыз жаласу

Фразеологиялық антонимдер көбінесе етістікті фразеологизмдер құрамында кездеседі.

Етістіктердің қарама-қарсы мәнде кездесуінен мысалы, *жанды – сөнді*, *түсті – көтерілді*, *кеңіді - тарылды т.б.* сияқты сөздерден эквиолентті антонимдер жасалады.

Шырағы жану ↔ Шырағы сөнуге
Еңсесі түсу ↔ Еңсесі көтерілу
Пейілі кеңіу ↔ Пейілі тарылу

Кейде қарама-қарсылық ұғымдарды әр түрлі фразеологиялық мағыналарды салыстыру арқылы байқауға болады. Мысалы, компоненттер жеке тұрып қарма-қарсы мәнде айтылмай-ақ, /басына *ақ күн туу ↔ қара күн туу* дегендегі *ақ – қара* сияқты/ қарсы мәндегі ұғымды беретін тіркестер бар.

Мысалы:

Үлде мен бүлдеге орану ↔ үрерге иті жоқ, сығарға биті жоқ, Аспан айналып жерге түскендей ↔ сақылдаған сары аяз.

Мағыналас фразеологизм сөздігінде жолы болу мағынасында 17, жолы болмау мағынасында 19 тіркес берілген.

Сезім жағдайына қатысты жоғары эмоциялы фразеологизмдердің күлу мен жылау ұғымдарының тіркестері өте бай, қатар құрамы жан-жақты. Бұл фразеологиялық синонимдер мен антонимдердің жасалуына семантикалық процестің ортақ екендігін көрсетеді. Олардың арасындағы тығыз байланыстың бір көрінісі екеуінің де қатар құруға бейімділігі. Әдетте тілде мағыналас фразеологизмдердің қатары туралы жиі айтылады. Мысалдар да көбірек келтіріледі. Мысалы, бір заттың аз-көптігіне қарай айтылатын қатарларды салыстырайық:

КӨП, МОЛ

АЗ

Ат көпір

Ат төбеліндей

Аузы-мұрнынан шығу

Бір түйір

Аяқ алып жүргісіз

Бір уыс

Бықып жату

Бір шайнам

Бырдай болып жату

Бір шөкім

Есеп жоқ

Жоқтың қасы

Жыртылып айырылу

Жұмырына жұқ болмау

Иттен де көп

Қасқалдақтың қанындай

Құмырысқадай құжынау

Саусақпен санарлықтай

Оң жақтағы антонимдер әрі синонимдік қатар түзген әрі симметриялы синонимдік-антонимдік қатынаста тұр.

Алайда синонимдік-антонимдік қатарлар үнемі сандық бірлікте бола бермейді. Кейде мағыналастарға бір ғана антоним табылуы мүмкін.

Қарсы мәнде айтылатын фразеологиялық мағына кейде бір тіркес құрамында байқалады. Мысалы:

Өліп-тірілгеніне қарамау

Күндіз күлкі, түнде ұйқы көрмеу

Қойдай өргізіп, ***қозыдай*** көгендеу

Көңілі көкте, ***басы жерде***

Аузына **ақ ит кіріп**, қара ит **шығу**
Ашса алқанында, **жұмса** жұмырында
Үстінен құс ұшырып, **астынан** ит жүгірту
Ыстығына күйіп, **суығына тоңу**

Мысалдарда *күлкі – ұйқы*, *күю – тоңу* деген сөздер лексикалық антонимдер болмайды, бұлар тек тіркес құрамында тұрып қарсы мәндегі фразеологиялық мағына мәнмәтінде /контексте/ байқалады. Мұндай мысалдарға *Қысқа күнде қырық шабу*, *Аспанға ұшса да, жерге батса да жоқ қылу*, *Отырса опақ, тұрса сопақ*, *Таңы атып, күні шықпау т.б.* сияқты тіркестер жатады.

Осыған орай, көркем мәтінде авторлар стильдік мақсатта қарсы мән тудыру үшін антонимдік ұғымы жоқ әдеттегі сөздерден қарсы мән туғызады. Бұл оқушыға тілдік бірліктер арқылы сөздер мен тұрақты тіркестердің прагматикалық әсерін күшейту үшін жасалатын тәсіл.

Антоним фразеологизмдердің де тақырыптық топтары әр алуан. Кеңістік, өлшем, адамның жағымды-жағымсыз қасиеттері және түрлі сезімдік әрекеттерге қатысты қарсы мәнді фразеологиялық топтарды жіктеуге болады.

Антоним фразеологизмдердің жасалу жолдарын былай түйіндеуге болады:

- ◆ Антоним фразеологизм құрамында қарсы мәнді бір компонент қайталанып отырады: *Шырағы жану ↔ Шырағы сөнү.*
- ◆ Фразеологиялық мағынаның өзінде қарама-қарсы ұғымның болуы антоним фразеологизмдердің жасалуына ықпал етеді. *Су сепкендей басылу ↔ Жүрегі алып ұшу.*
- ◆ Кейде болымсыз жұрнақтардың қызметі компоненттер арасында антонимдік мағына туғызады: *Күәлі істі куә табар ↔ Күәсіз істі күмән табар.*
- ◆ Фразеологизм құрамындағы кейбір компоненттер өзара қарсы мәнде айтылмай, бірақ мәнмәтінде /контексте/ антонимдік мағына жасайды: *Қысқа күнде қырық рет шабу*, *Мұңын мұңдау*, *жырын жырлау*; Бұлар прагматикалық антонимдер деп аталады.

Антонимия құбылысы жеке сөздер мен фразеологизмдерде әр түрлі көрінеді. Ал олардың арасындағы жалпылылық - антонимияның лингвистикалық құбылыс екендігі. Жеке сөз бен фразеологиялық бірліктердің екі басқа тілдік фактор болуы – ерекшеліктері. Сондықтан фразеологизмдер мен сөздердің антонимиялығы лексикалық, фразеологиялық талдауды қажет етеді.

Антоним сөздер мен фразеологизмдер арасында жалпы семантикалық және стильдік байланыс бар. Алайда лексикалық антонимдерге қарағанда фразеологиялық бірліктердің өзіндік ерекшеліктерінен туындайтын өзгешеліктер кездеседі. Антоним сөздер фразеологизм компоненттерінің

бірін құрайды. Сондай-ақ, сөз де, фразеологизм де тұрақты тіркестің құрылымы мен құрамының тұрақтылығын сақтап тұрады.

Фразеологиялық антонимдерге қарағанда лексикалық бірліктер антонимдерге бай келеді. Олардың лексика-грамматикалық сипаты қазақ тіл білімінде жақсы зерттелген. Антонимдік қатарды құрайындар алдымен сын есімдер, содан соң үстеулер, ал етістік, зат есімдер кейінгі орында.

Лексикалық антонимдерден фразеологиялық антонимдердің айырмашылықтары бар. Лексикалық антонимдер кейде сөздердің көпмағыналылығынан басқа да антоним жұп құрауы мүмкін. Қарсы мәнді фразеологизмдерде тұрақты тіркес ретінде мұндай құбылыс байқалмайды.

СҰРАҚТАР

1. Қарсы мәнді фразеологизмдердің семантикалық сипаты.
2. Фразеологизмдердегі қарама-қарсылықтар, туындау себептері.
3. Қарсы мәнді фразеологизмдердің жасалу жолдары.

ТАПСЫРМА

- Көркем мәтіннен қарсы мәнді фразеологизмдерге мысалдар жазу. Стыльдік ерекшеліктерін талдау.
- Жаттығудан фразеологизм компоненттерінің не алдынан, не соңынан жеке лексемаларды қосып жазу. Мысалы, *Мақыш алғашқы келген жолда Байсалбай қалың малдың қарғы бауын берді.*

№12

Бүкіл ояз бір Ермекбайдың қолында, оның ақ дегені – алғыс, қара дегені – қарғыс деп түсінетін бұлар (Ғ. Мұстафин). Бұл жиында еңкейген кәріден, еңбектеген жасқа дейін қалыспай ойларын айтып жатты (О. Бөкей). Ау, ағайын, неге үндемейсің? Ұзында өшті, қысқада кекті емес едік қой (Ғ. Мұстафин). Бұл заманда ауырдың үстімен, жеңілдің астымен жүретін адамдардың саны көбеймесе, азайған деп айта алмаймыз («Айқын»).

Әлде ақыр заман болатындай, әлде күн бір жола бататындай, жұрттың қабағынан қар жауып, нөсер алдындағы күндей, ішін тартып, булығып тұрған мәнісі осы еді (Ж.Айм.). Сондықтан Мамозы ендігі жерде орайын тапса, Керімбекті қырына алу жағына түрініп шыққан (Ж.Ахмади). Мақыш алғашқы келген жолда Байсалбай қарғы бауын берді. Магазиндер мен қоймалардың көздеріне қос көрініп, дембіл-дембіл аспанға мылтық атыла бастады. (Д.Ис.).

Менің балам қолының қысқалығына қарамай, анаған да, мынаған да араласып, ертеңді-кеш қарап отырмай, сауда қылатын еді ғой (М.Ә.). Абай Жиреншелермен қысқа уақытқа бас қосып айырлысады. (М.Ә.) Туған інісінің болашағын ойлап, бауырына тартып жатқан қайсысы бар сонан басқа. (Қ.Жұм.) Жұмысының нәтижесіне қарай, кейде жайдары, кейде

қабағынан қар жауып түйіліп шығады (Қ.Ж.).Әй, бір қадалған жеріңнен қан алмай, тынбайтын дауасыз екенсің (Ж.Кәрменов). Бойында жарасымды жасқаншақтық, нәзік үрейден туған діріл бар, өзінің бай қызы болып жаратылғанына қорсына ма, мынау ұлардай шулап, отты айналып шамандарша секіріп, бақсыдай билеп жүрген жастарды жатырқау бар (О.Бөкей.).

Тест сұрақтары

1. - сыз, - сіз, - ма, -ме, - ба, - бе аффикстері (сулы-сусыз, бақытты-бақытсыз) антоним тудыра алмайды деген көзқарас кімдердің еңбектерінде кездеседі?

1. І. Кеңесбаев, Ғ. Мұсабаев, Ж. Мусин
2. Ә.Болғанбаев, Ғ.Қалиұлы
3. М.Балақаев, Р.Сыздық
4. Ә.Қайдар, Н.Сауранбаев

2. Бір құрылымды антоним фразеологизмдерді көрсетіңіз:

1. Ит арқасы қиянда ↔ таяқ тастам жерде
2. Әмпей-жәмпей болу ↔ жүз жыртысу
3. Ит жеместі жесісу ↔ ауыз жаласу
4. Маңдайының бес елі бағы бар ↔ маңдайының бес елі соры бар

3. Әр құрылымды антоним фразеологизмдерді көрсетіңіз:

1. Ауылы аралас, қойы қоралас болу ↔ ит пен мысықтай болу
2. Ыстық қанды ↔ суық қанды
3. Дүниеге келу ↔ дүниеден кету
4. Қолы ұзару ↔ қолы қысқару

4. Антонимдік қатарды құрайтын сөз таптарының ішінде қай сөз табы алдыңғы орында?

1. үстеулер
2. сын есімдер
3. етістік
4. зат есімдер

5. Фразеологиялық антонимдер құрамында көбінесе қандай фразеологизмдер кездеседі?

1. есім мағыналы фразеологизмдер
2. заттық мағыналы фразеологизмдер
3. метафораланған фразеологизмдер
4. етістікті фразеологизмдер

6. Компоненттері жеке тұрған қарама-қарсы фразеологизмдерді көрсетіңіз.

1. ыстығына күйіп, суығына тоңу, аузына ақ ит кіріп, қара ит шығу.
2. бағы тайды – бақ қонды, орнын сипады – орнынан басты, ант ішті – антын бұзды.
3. өңменінен итеру – бауырына тарту, ындыны кепкен – бейілі тоқ
4. бағы жану, бас ию, сөз беру

7. Бір сөздің қайталануы арқылы жасалаған антонимдік мағыналы тіркесті табыңыз.

1. бейнетке бату – рахатқа бату, жақсатты көріну – жаманатты болу.
2. ашық мінез- тұйық мінез, кең пейіл – тар пейіл.
3. өңменінен итеру – бауырына тарту, ындыны кепкен – бейілі тоқ
4. бағы жану, бас ию, сөз беру

8. Антонимдік мағына барлық тіркестерді қамтыған фразеологизмдерді көрсетіңіз.

1. бейнетке бату – рахатқа бату, жақсатты көріну – жаманатты болу.
2. бағы тайды – бақ қонды, орнын сипады – орнынан басты, ант ішті – антын бұзды.
3. аяқ алып жүргісіз – бір уыс, аспан айналып жерге түскендей- сақылдаған сары аяз
4. бағы жану, бас ию, сөз беру

9. Үстеу мағынадағы фразеологизмдерді көрсетіңіз.

1. еті тірі, тас бауыр, екі жүзді
2. кірпік қаққанша, табан аузында, әні-міне дегенше
3. көз байланды, жіпке тізді, өкпесі өшті
4. қара таяқ, шикі өкпе, ұзын құлақ

10. Етістік мағынадағы фразеологизмдерді көрсетіңіз.

1. еті тірі, тас бауыр, екі жүзді
2. кірпік қаққанша, табан аузында, әні-міне дегенше
3. көз байланды, жіпке тізді, өкпесі өшті
4. қара таяқ, шикі өкпе, ұзын құлақ

13 тақырып

Қарсы мәнді фразеологизмдерді оппозиция әдісі негізінде жіктеу.

Қазіргі қазақ тіл білімінде антонимдерді топтастырудың бірнеше түрі кездеседі. Көбінесе қарама-қарсы сөздер тілдік қағидалар негізінде

топтастырылады. Тілдегі антонимдерді жүйелеуде, топтарға бөлуде логикалық, психолингвистикалық, семантикалық, оппозиция әдістері негізге алынып, осы ретте түрлі көзқарастар қалыптасты.

Мәселен, антонимдерді топтастыру мәселесіне қатысты М. Оразов: «сөздерді антонимдік қатарына қарай тек белгілі бір семантикалық топтың аясында бөліп, сол топпен байланыстыра қараған жөн» (143 б.) – деген тұжырым жасайды.

Тіл білімінде Н.С. Трубецкой («Основы фонологий») 84) фонологияда алғаш рет қолданған оппозиция әдісі кең өріс алып, тіл зерттеушілері аталған әдісті тілдік тармақтарға қатысты тиімді қолдана білген. Оппозициялық теория әдісі фонологияда ғана көрініс тауып қоймай, тілдің морфология, синтаксис, лексикология сияқты салаларында, сондай-ақ семасиология мен лингвостилистикада өзіндік сипат алды.

«Оппозиция» термині лингвистикаға логикадан емес, азды-көпті бейнелі сөз қолданысы негізінде енген» – деген ой тілші ғалымдар тарапынан айтылып жүр. Ф.де Соссюр өзінің зерттеу еңбегінде («Курс общей лингвистики») «оппозицияң ұғымын «айырмашылық» (различие) сөзінің синонимі ретінде қолданады. «Айырмашылық» термині автордың еңбегінде біртіндеп келе «қарама-қарсылық» ұғымына ауысады.

Ал Н.С. Трубецкойдың фонологиялық теориясында «айырмашылық» ұғымының өзі «қарсы қою» немесе «оппозиция» дегенді білдіреді. Оппозицияның бір мүшесін екіншісінен айыра тануда ортақ белгілерін негіз етіп алуды дұрыс санайды. Сөйтіп, оппозицияның үш түрін ұсынады: *градуалды, привативті, эквиолентті*. Бұл әдісті қазақ тіліндегі лексикалық антонимдерді топтастыруда А. Жұмабекова негіз етіп алады да, антонимдерді үшке бөледі:

- 1) Градуалды (басқышты, сатылы) антонимиялық оппозициялар;
- 2) Привативті (қос мүшелі) антонимиялық оппозициялар;
- 3) Эквиолентті (тепе-тең) антонимиялық оппозициялар (15 б.).

Орыс тіл білімінде ғалым Л.А. Новиков та оппозиция әдісі тұрғысынан антонимдерді үш топқа бөлген:

- 1) контрарлық қарама-қарсылық;
- 2) комплементарлық қарама-қарсылық;
- 3) векторлық қарама-қарсылық (245 б.).

Дәл осы топтастырулар тек лексикалық антонимдерге қатысты айтылған. Оппозиция әдісіне сүйене отырып фразеологиялық антонимдерді жүйелеуге бола ма, міне осы мәселеге баса назар аудару керек.

1) Л.А. Новиков өз монографиялық еңбегінде: «**Контрарлық қарама-қарсылық дегеніміз** – антонимдердің бірі екіншісіне қарама-қарсы болса да, олардың орталық деңгейін белгілейтін сөздер болады. Мысалы: *суық < жылы, салқын > ыстық*», [26, 245 б.] – деп түсіндіреді.

Ал М.И. Сидоренконың пікірінше, **контрарлы антонимдер** сапалық қарама-қарсылықты білдіреді (из рук вон (очень плохо) – на большой палец

(очень хорошо) (77б). Автор бұл жерде аралық ұғым туралы мүлдем сөз қозғамайды.

А. Жұмабекова: «антонимдердің арасында мағыналарды дәнекерлейтін тағы бір компонент (сөз) болуын *градуалды (басқышты, сатылы)* оппозиция деп атаған. Мысалы: *үлкен < орташа > кішкентай;*

ескі < көнетоз > жаңа (киім)ң (16 б.).

М.Р. Львов антонимдерді *толық антонимдер және толық емес* антонимдер деп топтастыра келе: «толық антонимдердің арасында ортаңғы (нейтралды) ұғым болады, бірақ олар үнемі бір ғана сөз арқылы беріле бермеуі мүмкін. Мысалы: *хорошо < ни то ни се > плохо; поднять < оставить не подвижным > опустить*», (72 б.) – деп ой түйеді.

Бұл тұста ғалымдардың бір құбылысқа бірдей анықтама бергенін, тек оларға берген атаулары (терминдері) әр түрлі екенін аңғарамыз.

Қазақ тіл білімінде антонимдер мәселесіне тоқтала келе Ж. Мусин, Ә. Болғанбайұлы мен Ә. Қалиұлы еңбектерінде қарама-қарсы ұғыммен қатар кейде аралық ұғымның кездесетіндігін әуел кезден-ақ атап көрсеткен болатын (5 б; 123 б.)

Осы сараланып өткен ғалымдардың пікірімен ұштаспайтын ойды зерттеуші Н.Л. Соколова тұжырымынан аңғаруға болады. Автордың пайымдауынша: «Оппозиция жасауда көптеген жұп мүшелерінің кездесуі (үш компонент) мүмкін, бірақ мұндай жағдайда қарама-қарсы қою айқын көрінбейді. Жұп мүшелері аз болған сайын, қарама-қарсылық та нақтылана түседі» (13 б).

Бұл ой сатылы (градуалды) антонимдік оппозицияға қатысты айтылған. Дегенмен де, сатылы антонимдердің үш компоненттен құралуының қарама-қарсылықтың мәніне тигізер еш кері әсері жоқ. Мәселен, *алыс < қашық > жақын* – сатылы антонимдерінде *алыс-жақын* қарама-қарсы жұптар да, олардағы тепе-теңдікті көрсетуші аралық ұғым *қашық* сөзі арқылы берілген. Олай болса, бұл жерде антонимдердің құрамында ұшырасатын үшінші компонент (аралық ұғым), тілдегі қалыптасқан антонимдердің басты белгілеріне сай көрініс тауып тұр.

Фразеологиялық антонимдерде дәнекерлеуші орталық мүшенің қолданылуы туралы Е.Н. Миллер өз еңбегінде былай дейді: «Теоретический статус промежуточного члена антонимичной оппозиций во фразеологии ничем не отличается от описываемого в лексикон (143 б.) Лексикалық антонимдер сияқты фразеологиялық антонимдерде дәнекерлеуші тағы бір компонент (фразеологизм) ұшырасады.

Алайда қазақ тіліндегі жинақталған мысалдар негізінде, фразеологиялық антонимдерде аралық ұғым кездесетін түрлерінің тақырыптық топтарының шектеулі екенін аңғарылады. Атап айтқанда, дәнекер фразеологизм тек:

қашықтық өлшемін білдіретін антоним фразеологизмдерде;
жас ерекшелігіне қатысты қарсы мәнді фразеологизмдерде;

уақытқа қатысты фразеологиялық антонимдерде ұшырасады.

Мысалы:

Фразеологиялық антонимдердің бірінші жұбы (ФА ₁)	Орталық, дәнекер фразеологизм (ОФ)	Фразеологиялық антонимдердің екінші жұбы (ФА ₂)
<i>алыс <</i> <i>ит арқасы қиянда;</i> <i>ит өлген жер;</i> <i>ит жеккен жер;</i>	<i>қашық</i> <i>оқ жетер жер;</i> <i>қозы көш жер;</i> <i>иек артым жер</i>	<i>> жақын</i> <i>бір қадам;</i> <i>қол созым жер;</i> <i>қарға адым жер;</i>


Келтірілген *алыс – жақын* мағынасындағы антоним фразеологиздер тобының аралық ұғымын – *оқ жетер жер, қозы көгеніндей жер, иек артым жер, ат шаптырым жер* фразеологизмдері білдіре алатындығы мына сөйлемдерден көрінеді:

- *Қадырғали тізерлеген қалпы жылжып, Сұлтанның сол жағына, қол созым жерге жамбастай отыра берді* (М. Мағауин).
- *Ұлжан ауылы мен Абай ауылы Байқошқарда, осыдан қозы көш жерде болатын* (М. Әуезов).
- *Ит арқасы қиянға шыққан сергелдең жүрістің, неше күнгі өнімсіз тірліктің төлеуі тегіс өтелгендей болды* (М. Мағауин).


Сөйлемде беріліп тұрғандай *қол созым жер* – өте жақын, ұсынса қол жететін жерге қатысты айтылса, *қозы көш жер* – қозы өрісіндей қашық жерді білдіреді, *ит арқасы қиян* – өте алыс, қиырдың қиыры деген мәнде келтірілген. Сонда *қол созым жер ↔ ит арқасы қиян* – антоним фразеологизмдер. Ал аралық ұғым ретінде қашық жерді білдіретін *оқ жетер жер, қозы көгеніндей жер, иек артым жер, ат шаптырым жер* фразеологизмінің кез келгені қолданылады.

Сатылы антонимдік оппозициялардың ерекшеліктеріне тоқтала келе А. Жұмабекова олардың екі түрін көрсетеді.

1) Симметриялы градуалды оппозициялар мүшелері (логикалық контрастық ұғымдар секілді) қасиет-сапаның қарқындылық шкаласының ортаңғы мүшесінен бірдей қашықтықта болады.




2) Ассиметриялы градуалды оппозициялар мүшелері аралық элементке қатысы жағынан өлшемдік шкалада әр түрлі орналасуымен сипатталады.



Симметриялы сатылы фразеологиялық антонимдердің аралық ұғымының өлшемдік шкаланың дәл ортасында келуін *жас < орта жас > кәрі* мағынасын білдіретін фразеологизмдерінің өн бойынан анық көруге болады.

Бұл тұста фразеологиялық антонимдердегі аралық ұғым болжам түрінде, шамамен айтылып қосымша қолданыста ғана байқалуы мүмкін. Өйткені, жас ерекшеліктеріне қатысты антоним фразеологизмдерді өлшемдік шкалаға орналастыруда фразеологизмдердің нақты жас мөлшерін шамалай алмайтындығын ескеруіміз керек. Нақтырақ түсіндірсек *жас* деген мағынаны білдіретін *жас уыз, жаңа (жас) өспірім, өрімдей жас* фразеологизмдері қай жас мөлшерін шамалап тұрғанын нақты айту қиын, өйткені бұл фразеологизмдер адамның жалпы *сәбилік, балалық, жігітік* кезеңіне қатысты жұмсалуды мүмкін. Сол сияқты *орта жасты* білдіретін *самай шашаы ағару, жасы жер ортасына келу, орта жасқа келу* фразеологизмдері адамның *жасының 40-50-лер шамасында* екендігін білдірсе, *кексе тарту; көне құлақ; ақ сақалды, сары тісті* фразеологизмдері *қария, ақсақал, көп жасаған* адамға қатысты қолданылады. Аталған фразеологизмдерді өлшемдік шкалада төмендегідей орналастыруға болады.




Жаңа (жас) өспірім < ел ортасы жасқа келу > кексе тарту

Өрімдей жас < жасы жер ортасына келу > көне құлақ

Жас уыз < орта жасқа келу > ақ сақалды, сары тісті


Мұндағы FA_1 – фразеологиялық антонимнің бірінші жұбы. FA_2 – фразеологиялық антонимнің екінші жұбы. OF – орталық дәнекер фразеологизм.

Кейбір жағдайда фразеологиялық антонимдерді дәнекерлеуші мүше қарама-қарсы мағынадағы тұрақты тіркес жұптарының дәл ортасындағы межені (нүктені) көрсетпеуі мүмкін. Мысалы, уақыт өлшемінің қарама-қарсы екі шегі - *таң* мен *түнді* білдіретін фразеологизмдерді:



Сурет 10 – Тәулікке қатысты аралық ұғымды анықтау

Мұндағы сағаттың 6:00 кезі – таңғы уақыт; 24:00 – түнгі мезгілді; 18:00 – кешкі, 12:00 – түс кезін білдіреді.



Құлқын сәріде < тал түс > кешкі зауал шақ > жеті қараңғы түн
 Таң сәріде < тапа-тал түс > қас қараю > көрдей қараңғы
 Ала таңда < шаңқай түс > күн ұясына кіру > ай қараңғы

Бұл тұста фразеологиялық антонимдердің мүшелері дәнекер элементке қатысы жағынан өлшемдік шкалада әр түрлі орналасқанын байқауға болады. Уақыт өлшемінің шкалада орналасу тәртібіне сүйенсек және көрсетілген уақыттарды нақты сағат арқылы шамаласақ *құлқын сәрі* ↔ *жеті қараңғы түн* антоним фразеологизмдер, аралық ұғымы – *тал түс* деп қарастыратын болсақ, *таң мен түстің* арасында шамамен 6 сағаттай уақыт бар, ал дәнекер ұғым *тал түс* пен антоним фразеологизмнің екінші жұбы – *жеті қараңғы түн* уақытының арасында 12 сағат айырмашылық бар. Сол себептен де, аралық ұғым ретінде беріліп тұрған фразеологизм өлшемдік шкаланың дәл ортасын белгілеп тұрған жоқ.

Сонымен, тілімізде фразеологиялық антонимдердің арасында оларды дәнекерлейтін аралық фразеологизм ұшырасады. Аралық ұғым ретінде жұмсалатын фразеологизм антонимдік жұп фразеологизмдердегі тепе-теңдік қасиетті сақтап тұруға негіз бола алады.

2) Келесі қарама-қарсылықтың түрін зерттеуші А. Жұмабекова былай деп түсіндіреді: «*Привативті (қос мүшелі) оппозиция* элементтері беретін түр сипаттың екі ұғымының көлемі бірдей және біріге отыра, осы тектілік ұғымның бүкіл көлемін тамамдайды; бұл қатарға әр түбірлі (*бар-жоқ, өз - өзге*) және түбірлес (*жанды-жансыз, таныс-бейтаныс*) лексемалар енеді (20 б.)

Оппозицияның бұл түрінде аралық ұғым болмайды, бірақ антонимдік жұптар бірін-бірі жоққа шығару қасиетін иеленеді. Дәл осы қос мүшелі (привативті) антонимдік оппозициялар арасындағы қатынасты Л.А. Новиков комплементарлық (лат. complementum-толықтырмалы) қарама-қарсылықпен белгілеген.

Кейбір ғалымдардың тұжырымдауынша қос мүшелі (привативті) оппозиция логикадағы қайшы ұғымдарға сай келеді. Осы ретте қарама-қарсылықтың бұл түріне аффиксті антонимдерді жатқызады. Бірақ, А. Жұмабекова түбірлес антонимдердің бәрі қос мүшелі оппозицияны білдіре бермейтіндігін, олардың арасында да аралық мүшенің болатындығын (күшті – күші аз – күшсіз (машина), сауатты – шала сауатты – сауатсыз) тілге тиек етеді (21 б.)

Жоғарыда біз болымсыздық аффикстері арқылы жасалған, компоненттері бірдей фразеологизмдерді антонимдер қатарына жатқызбаймыз. Сол себепті де, болымсыздық аффикстер арқылы берілген фразеологиялық жұптарды (*бағы жану ↔ бағы жанбау*) қос мүшелі (привативті) оппозиция ауқымында қарастырмаймыз. Оппозицияның бұл түрінің басты ерекшелігі – аралық ұғымның болмауы. Олай болса тіліміздегі дәнекер ұғымы жоқ фразеологиялық антонимдерді қос мүшелі оппозиция қатарына жатқызуға болады:

ақ жүрек ↔ қара жүрек,
ақпа құлақ ↔ құйма құлақ,
дені сау ↔ дертті болу,
ниеті (ақ) түзу ↔ ниеті (қара) жаман,
ашық мінез ↔ тұйық мінез,
жүрегінің түгі бар ↔ қоян жүрек,
аузы жеңіл ↔ аузы берік,
аты шығу ↔ аты өшу,
аялап өсіру ↔ ит қорлықта өсіру,
бұ дүние ↔ о дүние,
мінезі майдай ↔ мінезі жайпау,
оң бата ↔ теріс бата,
таққа міну ↔ тақтан таю,
нәр сызбау ↔ ықылық ату,
қолы ашық ↔ қолы қатты,

қара судан қаймақ алған ↔ қойдан қоңыр, жылқыдан торы

деген фразеологиялық антонимдердің арасында біріншіден дәнекер мүше жоқ. Екіншіден, аталған қарама-қарсы мағынадағы тұрақты тіркестердің жұптары біріге отырып (бірін-бірі толықтыра отырып) бір ұғымның, заттың немесе адамның қасиетін көрсетеді.

Мысалы:

- *Ақпа құлаққа айтсаң ағып кетеді, құйма құлаққа айтсаң құйып алады* (Мақал).
- *Қап аттеген-ай, ә! – Қамшысын жұлып алды да сарт еткізді. Жүрегінің түгі бар екен десем, нағыз су жүрек қорқақтың өзі екенсің ғой* (О. Бөкей)
- *Осы бала дертті болды, жазылары екі ұдай. Тезірек жазылып, дені сау адам қатарына қосылса менде арман жоқ еді* (А. Тоқмағамбетов).

Келтірілген бірінші сөйлемде *ақпа құлақ* – сөз ұқпайтын, айтқан сөз миына кірмейтін кісіге қатысты болса, *құйма құлақ* фразеологизмі – зерек, айтылған сөзді жадында ұстай білетін адамға айтылады. Яғни, бұл жұп фразеологизмдер арқылы бір адамның екі жақты қарама-қарсы қасиеті беріліп тұр. Мұнда аралық үшінші бір фразеологизм кездеспейді. Сол сияқты келесі сөйлемде *батыр – қорқақ* адамға қатысты *су жүрек – жүрегінің түгі бар* антоним фразеологизмі қатар қолданылған. Бұнда да аралық ұғым көрініс таппайды, өйткені, аталған антоним фразеологизмдердің бірі – жақсы қасиетті білдірсе, екіншісі – жағымсыз қасиетті көрсетіп, бірін-бірі жоққа шығарып тұр.

3) Келесі қарама-қарсылықтың түрін А. Жұмабекова *эквивалентті (тепе-тең)* антонимдік оппозициялар деп көрсеткен. «Эквивалентті оппозиция құрамына енетін сөздер тобы:

1) іс-әрекеттің, хал-жағдайдың қарама-қарсы бағытталғандығын білдіретін лексемалар: *кіру-шығу*.

2) лексикалық конверсивтер: *ұту-ұтылу*.

3) үйлесімді (келісімді-координациялы) ұғымдарды белгілеуші сөздер: *үсті-асты*.

4) жыныстық, туыстық нышандары (*әке-шеше*); тәулік уақыты (*күн-түн*); әлеуметтік қатынастар (*құл-мырза*) т.б компоненттері қарама-қарсы қойылған, бір-бірінен мағыналық жағынан ажыратылмайтын жұптар жатадың [18, 24 б.].

Оппозицияның аталған түрінің басқаларынан айырмашылығы – мұндағы оппозиция мүшелерінің арасында тіл тәжірибесі арқылы орныққан ассоциативті қарама-қарсылық бар деп түсіндіріліп жүр. Яғни, бұндай қарама-қарсылық адам ұғымында жұп болып қолданылатын сөздер негізінде туындайды. А. Жұмабекованың *тепе-тең* (эквивалентті) антонимдік

оппозицияны іштей тақырыптық жағынан топтастыруда осы сияқты мәселелер ескерілгенін аңғарамыз.

Жоғарыда айтылғандай іс-әрекеттің, қозғалыстың белгілерінің қарама-қарсы бағытталғанын білдіретін антонимдерді ғалым Л.А.Новиков орыс тіл білімінде векторлық қарама-қарсылық деп атап, қарама-қарсылықтың үшінші түріне жатқызады (245 б.)

Ю.Д. Апресян антонимдік оппозиция теориясының заңдылықтарын басшылыққа алып, өзіндік топтасыруын ұсынады: *бірінші түр*: Р – Р емес; *екінші түр*: үлкен-кіші (орташа); *үшінші түр*: басталу ↔ аяқталу; іс-әрекет ↔ іс-әрекеттің жойылуы (290б.) Мұндағы бірінші түр – Р-Р емес – қос мүшелі (привативті) антонимдік оппозициялардың, 2-түр – *үлкен-кіші (орташа)* – сатылы (градуалды) антонимдік оппозициялардың, 3-түр – *басталу ↔ аяқталу; іс-әрекет ↔ іс-әрекеттің жойылуы* – тепе-тең (эквиполентті) антонимдік оппозициялардың қасиеттерін игереді.

Бір сөзбен айтқанда, векторлық қарама-қарсылық (Л.А. Новиков көрсеткендей), іс-әрекет ↔ іс-әрекеттің жойылуы (Ю.Д. Апресян көрсеткендей) сияқты топтастырулар тепе-тең (эквиполентті) оппозиция негізінде қалыптасқан. Жоғарыда айтылған тұжырымдарды басшылыққа алсақ, қазақ тіліндегі фразеологиялық антонимдерде де іс-әрекеттің, қозғалыстың қарама-қарсы бағытталуын білдіретін түрлері ұшырасады.

Қарсы мәнді фразеологизмдердің өзін іштей бірнеше топқа жіктеледі:

- 1) іс-әрекеттің басталуы – іс-әрекеттің аяқталуы (соңы);
- 2) іс-әрекеттің нәтижесі – іс-әрекеттің нәтижесінің жойылуы;
- 3) іс-әрекеттің жойылуы
- 4) қимыл іс-әрекеттің болуы – қимыл-әрекет жоқ (қалыпты жағдай)

Бұл топтастыруды төмендегі мысалдар арқылы түсіндіруге болады:

1) іс-әрекеттің басталуы – іс-әрекеттің аяқталуы (соңы)

басына көтеру ↔ жымдай болу;

кәріне міну ↔ ашуы тарқау;

шабына шоқ түсу ↔ сабасына келу.

Мысалы:

- *Төр алдында Қажыбай үйді басына көтеріп даурығып отыр екен, бізді көрген соң жымдай болды (ҚӘ).*
- *Сол сәлемін, Байсалдың қыстауымды өзіме қалдырсын деген сәлемін Құнанбайға әкелгенде, ол ашу шақырып, кәріне мініп еді, Қаратай мен Жұмабайды сол түнде қайта жібергеннен кейін ғана сабасына түсті (М. Әуезов).*

2) іс-әрекеттің нәтижесі – іс-әрекеттің нәтижесінің жойылуы.

астан-кестен ету ↔ сабасына түсу;

бұлқан-талқан ету ↔ орнына келу;

азан-қазан болу ↔ сілтідей тыну;

Мысалы:

- *Осы топ ымырт жабыла Сәрсембайдың ауылына жетіп, ауылды бықырт тигендей етті. Екі-үш күннен кейін ғана ел есін жиып, ауыл орнына келгендей болды («Жұлдыз»).*

3) іс-әрекеттің жойылуы.

ат ізін салмау ↔ ат ізін құрғатпау;

табалдырығын тоздыру ↔ табалдырығын аттамау;

Мысалы:

- *Мықтыбай балалары бірінен соң бірі кеп ат ізін құрғатпады. Көптен бері ат ізін салмаған Әбілі ғана (Б. Майлин).*

4) адамның қимыл іс-әрекетінің бар болуы ↔ қимыл іс-әрекет жоқ (қалыпты жағдай) формасында ұшырасады:

отынмен кіріп, күлімен шығу ↔ шыбық басын сындырмау;

дедек (безек) қағу ↔ табан айдармай отыру;

жарғақ құлағы жастыққа тимеу ↔ қыбыр етпеу;

аузы-аузына тимеу (жұқпау) ↔ жақ ашпау;

екі өкпесін қолына алып жүгіру ↔ мың салса, бір баспау;

Мысалы:

- *Жарғақ құлағымыз жастыққа тимей, жалындаған еңбекпен жасаған осынау жаңа дүние жаңа ауылдың қамы, балам... Ал сендердің қыбыр етпей отырған сыңайларың мынау (Ғ. Мұстафин).*
- *Қара бұжыр әйелдің аузы-аузына жұқпады, ал қалғандары ләм деп жақ ашпады (Б. Майлин).*

Сонымен, лексикалық антонимдер сияқты фразеологиялық антонимдерді де оппозиция әдісі негізінде жіктеуге болады. Фразеологиялық антонимдердің ерекшеліктері фразеологизмдерге тән қасиеттер негізінде туындайтынын ескерсек, оларды оппозиция әдісіне сай топтастыруда да өзгешеліктер көрінеді. Кейбір фразеологиялық антонимдерде оларды дәнекерлейтін аралық фразеологизм ұшырасады, мұндай сипатына орай оларда *сатылы (градуалды)* оппозицияның қатарына жатқызамыз. Аралық ұғымы жоқ, бір жұбы қандай да бір белгілердің болуын, екінші жұбы керсінше сол белгілердің болмауын білдіретін фразеологиялық антонимдер бар. Осындай қасиетті игеретіндіктен антоним фразеологизмдердің бұл тобын *қос мүшелі (привативті)* оппозиция қатарына қосамыз. *Тепе-тең (эквиполентті)* антонимдік оппозиция

қатарына іс-әрекет, қимылдың бағытының қарама-қарсылығын білдіретін түрі енетіндіктен, оппозицияның бұл түріне де фразеологиялық антонимдерді топтастыруға болады.

Соңғы зерттеулер антонимдердің тек тілдегі ерекшеліктерін сөз етпей, қарама-қарсылық ұғымының сөйленістегі семантикалық көрінісіне қарай талданады. Орыс фолнологиясындағы Н.С.Трубецкойдың оппозиция әдісін антонимия құбылысына да зерттеу тәсілі етіп алған. Соның нәтижесінде оппозиция әдісі бойынша қазақ тіліндегі антонимдердің **басқышты** немесе **сатылы** /градуалды/ **оппозицияларының** түріне : **үлкен орташа кіші, кеше – бүгін – ертең** т.б. мысалдарды жатқызады.

Ал **қос мүшелі оппозицияларының** түрі деп /привативті/: жанды – жансыз, бар – жоқ, оң – теріс, жүйелі – жүйесіз т.б. мысалдар келтіріледі. Күшті – күшсіз, сауатты – сауатсыз сияқты мысалдарды антоним деуге болмайды. Себебі бұл ұғымдар оппозициялы болғанымен, ұғымға қатысты күші аз, шала сауаты бар деген сөздер арасына қосылады.

Анатомиялық оппозициялардың тағы түрі **эквиволентті антонимдер**. Бұлардың алдыңғы екеуінен басты айырмашылығы қоршаған ортадағы түрлі құбылыстардың, іс-әрекеттердің қарама-қарсылығына негізделген қарым-қатынастың көрінісі: кіру – шығу, қашу – қуу, кіріс – шығыс, күн – түн, әке – шеше, жығу – жығылу т.б. Мұндай антонимдер адамдардың өзгермейтін қарама-қарсылықтар жағдайында дағдылы өмір сүруінің тілдегі қалыптасқан қарсы мәнді сөздермен білдіреді.

СҰРАҚТАР

1. Қарсы мәнді фразеологизмдерді оппозиция әдісі негізінде жіктеу.
2. Градуалды (сатылы) антонимиялық оппозициялар.
3. Привативті (қос мүшелі) антонимиялық оппозициялар.
4. Эквиволентті (тепе-тең) антонимиялық оппозициялар.

ТАПСЫРМА

- Фразеологиялық антонимдерде аралық ұғым кездесетін түрлерінің тақырыптық топтарын мысалдармен талдау.
- Жаттығудан фразеологизмдерді тақырыптық топтарға жіктеу және мағыналас қатарын құрау.

№13

Осыған қарап мені бір қаны жерге тамбайтын керемет дарын иесі деп қалмаңыз (Ш.Құмар.). Сондайда қаны жерге тамбайтынның бірі - Қуантай, елпектеп, елдің алдына түсе жөнеледі (Ш.Құмар.). Бұл жолы тәркілеу тұлдыр

қалдырмай кеткен де, әкеміз жүген ұстап, қара жаяу қалған (Ш.Мұртаза.). Бұл Бұқарды жетпіс асып, сексенге таянғанша қашанғы жанған отқа сала бересіңдер? (Қ.Ж.). -Ой, тәйірі-ай! Баяғыда пәленшенің қара шаңырағы еді демесек, о бір берекесіз адам ғой. (Ж.Айм.).

Жас күнінен бір үйдің түгелімен еркелетіп, алақанына салған баласы . Ешуақытта қанаттыға қақтырып, тұмсықтыға шоқытқан емес (М.Ә.).

Сол елдердің найза ұстаған батыры ғана емес, сөз ұстаған биі де, өзі де екі иығына екі кісі мінгендей, апай төс, алып жігіт болатын. (Қ.Жұм.). Сол жайды Абдоллаға тап осы жолы да неше қайта тапсырып жіберіп, бұның жолын екі көзі төрт бола күтіп отырған өр мінез, жуан ауыл бар. (Ж.Ахмади). Барымызды табанға таптап жатқанда қол қусырып қашанға дейін шыдап отыра бермекпіз («ЕҚ») Соның ішінде, әсіресе, Мүнейдің басынан құс ұшырар емес. (Қ.Жұм.). Бірақ Базаралы бұл келісінде Құнанбайдың қабағын бағайын деп келген жоқ (М.Ә.). Бәрінен бұрын жұрт назарын аударған Хасар Ламаның сән-салтанаты. Алтынды ер-тұрманы көздің жауын алады. (Қ.Жұм.). Іңгәләп, бесікте жатқан сен талай рет сол жарылыстан қорқып, шыр етіп, қолды-аяққа тұрмай безілдеп кетуші едің (Р.Мұқанова).

Тест сұрақтары

1.Тілдегі антонимдерді жүйелеуде, және топтарға бөлуде қандай әдістер негізге алынады?

- 1.социолингвистикалық, когнитивтік
- 2.лингвомәдениеттанымдық, этнолингвистикалық
3. логикалық, психолингвистикалық, семантикалық, оппозиция
- 4.этнолингвистикалық, семантикалық

2.Фонологиядағы оппозициялық теория әдісі кімнің атымен байланысты?

- 1.М.Оразов
- 2.Н.С.Трубецкой
- 3.А.Мартине
- 4.И.Қ.Ұйықбаев

3. Н.С.Трубецкой ұсынған оппозицияның түрлерін көрсетіңіз:

1. контрарлық қарама-қарсылық
2. комплементарлық қарама-қарсылық
- 3.векторлық қарама-қарсылық
4. градуалды, привативті, эквиолентті қарама-қарсылық

4. Фразеологиялық антонимдерде аралық ұғым кездесетін түрлерінің бірін көрсетіңіз:

- 1.қашықтық өлшемін білдіретін антоним фразеологизмде

2. сезім ерекшелігіне қатысты қарсы мәнді фразеологизмдер
3. табиғатқа қатысты фразеологиялық антонимдер
4. эмоцияға қатысты фразеологиялық антонимдер

5. Фразеологиялық антонимдерде аралық ұғым кездесетін түрлерінің бірін көрсетіңіз:

1. көлемді білдіретін антоним фразеологизмде
2. жас ерекшелігіне қатысты қарсы мәнді фразеологизмдер
3. сезімге қатысты фразеологиялық антонимдер
4. эмоцияға қатысты фразеологиялық антонимдер

6. Фразеологиялық антонимдерде аралық ұғым кездесетін түрлерінің бірін көрсетіңіз:

1. көлемді білдіретін антоним фразеологизмде
2. сезім ерекшелігіне қатысты қарсы мәнді фразеологизмдер
3. уақытқа қатысты фразеологиялық антонимдер
4. эмоцияға қатысты фразеологиялық антонимдер

7. Сол сәлемін, Байсалдың қыстауымды өзіме қалдырсын деген сәлемін Құнанбайға әкелгенде, ол ашу шақырып, кәріне мініп еді, Қаратай мен Жұмабайды сол түнде қайта жібергеннен кейін гана сабасына түсті (М. Әуезов).- келтірілген мысалда іс-әрекеттің қандай қарама-қарсылықта баяндалған?

1. іс-әрекеттің басталуы – іс-әрекеттің аяқталуы (соңы);
2. іс-әрекеттің нәтижесі – іс-әрекеттің нәтижесінің жойылуы;
3. іс-әрекеттің жойылуы
4. қимыл іс-әрекеттің болуы – қимыл-әрекет жоқ (қалыпты жағдай)

8. *ат ізін салмау ↔ ат ізін құрғатпау;*

***табалдырығын тоздыру ↔ табалдырығын аттамау;*- келтірілген мысалда іс-әрекеттің қандай қарама-қарсылығы көрсетілген?**

1. іс-әрекеттің басталуы – іс-әрекеттің аяқталуы (соңы);
2. іс-әрекеттің нәтижесі – іс-әрекеттің нәтижесінің жойылуы;
3. іс-әрекеттің жойылуы
4. қимыл іс-әрекеттің болуы – қимыл-әрекет жоқ (қалыпты жағдай)

9. *Осы топ ымырт жабыла Сәрсембайдың ауылына жетіп, ауылды бықырт тигендей етті. Екі-үш күннен кейін гана ел есін жиып, ауыл орнына келгендей болды («Жұлдыз»)-келтірілген мысалда іс-әрекеттің қандай қарама-қарсылығы баяндалған?*

1. іс-әрекеттің басталуы – іс-әрекеттің аяқталуы (соңы);
2. іс-әрекеттің нәтижесі – іс-әрекеттің нәтижесінің жойылуы;

3. іс-әрекеттің жойылуы
4. қимыл іс-әрекеттің болуы – қимыл-әрекет жоқ (қалыпты жағдай)

10. *Қара бұжыр әйелдің аузы-аузына жұқпады, ал қалғандары ләм деп жақ ашнады* (Б. Майлин). - келтірілген мысалда іс-әрекеттің қандай қарама-қарсылығы баяндалған?

1. іс-әрекеттің басталуы – іс-әрекеттің аяқталуы (соңы);
2. іс-әрекеттің нәтижесі – іс-әрекеттің нәтижесінің жойылуы;
3. іс-әрекеттің жойылуы
4. қимыл іс-әрекеттің болуы – қимыл-әрекет жоқ (қалыпты жағдай)

14 тақырып

Фразеологизмдердегі энантиосемия

Фразеологизмдердегі ішкі мағына қарама-қарсылығы құбылысы (энантиосемия)

Тілдегі мағыналары қарама-қарсы фразеологизмдерді зерттеуде энантиосемия құбылысына ерекше тоқталып өткен жөн.

Энантиосемия ағылшын тілінен аударғанда *enantios* – қарама-қарсы, *sema* – белгі, таңба деген ұғымды білдіреді. Яғни, бір ғана сөздің қарама-қарсы мағынаға ие болуы энантиосемия деп аталса, кейбір ғалымдар бұл терминді «ішкі антонимияның ұғымының синонимі ретінде қолданып жүр.

Аталған термин тіл біліміне қатысты сөздіктерде қалай түсіндірілген деген мәселеге тоқталсақ: «энантиосемияның кейбір кезде «антифразис» немесе «эвфемизм» ұғымымен теңесіп қаралады. Антифразис – қарсы мәнде берілетін сөздер, троп түрі(СЛТ., 560 с).

Лингвистикалық терминдер сөздігінде берілген осындай анықтамаға қатысты зерттеуші И.Н Горелов: «Мұндай жағдайда «энантиосемияның және «антифразистің интонация арқылы ирониялық немесе сарказмдық әсердің нәтижесін жеткізу ұғымы ретінде түсіндіру керек. Олай болса, тілдік деңгейде энантиосемияны бір сөздің мағына қарама-қарсылығы деп түсінген дұрыс, (86 б.) – деп тұжырым жасайды.

Ғалымдар энантиосемияны үш түрлі көзқарас негізінде талдайды:

Бірінші көзқарас, энантиосемия – антонимдердің бір түрі.

Екінші көзқарас, энантиосемия – антонимдерден бөлек құбылыс.

Үшінші көзқарас, энантиосемия – антонимия мен омонимияның қиылысуы, бірлігі. Осыған қатысты ғылымда *омоантоним* термині қолданылады.

Не себепті энантиосемияны антонимдердің бір түрі ретінде қарастыру керек деген сауалға Л.А. Новиков, Р. Будагов, М.И. Фомина, Б. Үсібалиев, Б. Сағындықұлы сияқты ғалымдардың еңбектерінен жауап табуға болады.

Тілімізде кейде бір сөздің өзінде ішкі мағына қарама-қарсылығы болуы ұшырасады, «бұл – антоним жасаудың бір тәсілің, – деген тұжырым жоғарыда аты аталған ғалымдардың пікірімен ұштасады.

Қырғыз тіліндегі лексикалық антонимдер мәселесін зерттеген Б. Үсібалиев те аталған тақырып төңірегінде ой қозғаған болатын. Автор: «Энантисемия күрделі тілдік құбылыс, оның кейбір қасиеті антонимдерге, кейбірі омонимдерге жақын. Осындай екі жақты қасиеті бола тұра, энантисемияны антонимдердің бір түрі деп қарастырған жөн. Лексикалық антонимдер әр түрлі түбірлер арқылы (жақсы-жаман) немесе болымсыздық аффикстері арқылы (адептүү-адепсиз) берілетінін ескерсек, энантисемияның мәні тек контексте ғана нақты, анық көрінеді, (14 б.) – деп тұжырымдайды. Сөйтіп, сөздердің мағыналық қарама-қарсылығын анықтау және функционалдық ерекшеліктеріне қарай энантисемияны екі түрге жіктейді:

- 1) Номинативтік (заттық) энантисемия;
- 2) Эмоционалды-бағалаушытық энантисемия;

Түркмен тіліндегі антонимдердің ерекшеліктерін зерттеу барысында Б. Байжанов энантисемия құбылысын антонимдердің бір түрі деп қарастырады. Мысалы: «*бахасыз (бағасыз)* сөзі түркмен тілінде 1) *арзан, құнсыз*; 2) *қымбат, құнды* деген мағына қарама-қарсылығын иеленеді, сол себепті бұларды антоним түрі ретінде қарау заңдың, (28б.) – деп тұжырымдайды.

Ал М.И. Фомина бір түбірлі антонимдерді: 1) антоним-энантисемалар; 2) антоним – эфвемизмдер деп жіктейді де, ішкі мағына қарама-қарсылығын антонимдердің бір түрі ретінде талдайды (77 б.)

Бір сөздің бойынан антонимдік қасиеттің көрініс табуының өзі тілдік құбылыс болып табылары анық. Алайда, осы ішкі қарама-қарсылықтың өзін антонимнің бір түрі деп қарастыру қате қағида деген ой екінші бір көзқарастың туындауына себепші болды. Осы ретте жоғарыда талданған тұжырымдарға қарсы пікірді Н.М. Шанский айтқан болаты. Автор: «Тілдің лексикалық жүйесінде антонимдер жұп болып, әр түбірлі екі сөзден жасалады. Энантисемияны антонимдердің бір түрі ретінде осындай қасиеттерді иеленгенде ғана қарастырған дұрыс, (86 б.) – деп ой қорытады.

Негізінен энантисемияны антонимдерден бөлек қарастырудың бірінші себебі – олар жұп құру қасиетін иеленбейтіндігінде болса, екінші себебі – ішкі мағына қарама-қарсылығы тек контексте ғана ашылады. Ал лексикалық антонимдерді қолдануда олардың контексте қолданылуы шарт емес, бір ғана лексикалық бірлікті жеке алғанда оның қарсы жағы ассоциациялық ойлау арқылы оңай анықталады. Бұл – екінші көзқарасты ұстанушылардың ғылыми тұжырымдары.

Энантисемия – антонимия мен омонимияның қиылысуы, бірлігі. Сол себепті, бұл құбылысты ғалымдардың бір тобы *омоантонимдер* деп атауды жөн санайды. Бұл ой үшінші бір көзқарастың туындауына негіз болды. Осы ретте И.Н. Горелов: «Энантисемия – один из крайних случаев противоречивого

взаимодействия систем антонимии и омонимии, «точка пересечения двух явлений», отражающая «точку пересечения» трех более широких тенденций в аспекте «содержание-форма», (94 б.) – деген пікірді білдіреді.

Осы мазмұндағы пікір негізінде ой қозғай келе, В.Н. Прохорова да ғылыми мақаласында ішкі мағына қарама-қарсылығын антонимдер мен омонимдердің түйіскен тұсында қарастыруды жөн санайды. Осы аталған екі қасиетті иелене келе энантиосемияның туындауына төмендегідей себептер ықпал етеді дейді:

1) сөздің эмоциялық бояуының құбылмалығы негізінде энантиосемия пайда болады;

2) энантиосемия сөзжасаушы морфемалардың, префикстердің көп мағыналығы негізінде жасалады (159 б.)

Зерттеушінің пайымдауынша, префикстердің көп мағынаға ие болуы кеңістік, уақыттық және сандық қатынастардың қарама-қарсы мағынаға қатысы тұрғысынан айқындалады. Мысалы: - *под* префиксі қарсы екі түрлі мағынаны білдіреді: 1) қимыл-әрекеттің төменге бағытын; 2) қимыл әрекеттің жоғарыға бағытталуын. Сондай-ақ -*про* префиксі, *проглядеть* сөзінің құрамында жұмсалып екі түрлі антонимдік мағынаның туындауына себепші болады: 1) көру, бір нәрсемен танысу; 2) көрмей қалу, байқамау.

Көптеген ғалымдар энантиосемияны ирония жасауда, мысқылдау мақсатында, сөзді әдейі кері мағынада қолданған кезде пайда болатындығын айтады. Профессор Ш. Сарыбаев энантиосемияны диалект сөздер арқылы анықтайды. Қазақ тіл біліміндегі омонимдер мәселесі жайлы сөз қозғай келе, ғалым түрлі говорлардағы кейбір сөздер қарама-қарсы мәнге ие болатындығын дәлелдеп, бұларға *омоантоним* деген атау берген.

Мысалы: *ерсі* сөзі әдеби тілде «*келіссіз, жақсы емес*» деген мағынаны білдіреді. Шығыс говорларында бұл сөз «*оңды, әдепті, жақсы*» деген мәнде келіп алдыңғы мағынаға антоним болып тұр (272 б.)

Омоантонимдік құбылыс тілде сирек кездесетіндігін айта келе, Х. Нұрмұханов та бұл пікірді құптайды. Ғалым: «Тіл ғылымында бұл құбылыс алдымен лексикологияда емес, диалектология саласында байқалыпты. Оған себеп бір сөздің әрі омоним, әрі антоним болып ұшырасып қалуы, негізінде, оның, бір жағынан, диалектілік мәні болуына байланысты тәрізді», (189 б.) – деген тұжырым жасайды. Сонымен, *омоантоним* деген мәнге ие болған ішкі қарама-қарсылықтың мәнін диалект сөздердің қолданылу сипатына да орай анықтауға болады.

Жоғарыда саралап өткен ғылыми еңбектер негізінде, энантиосемия лексикалық бірліктерге қатысты кең түрде қарастырылғанына көз жеткіздік, ал бұл құбылыстың фразеологизмдерде де ұшырасатынын көруге болады.

Айтылуы бірдей бір ғана фразеологизмнің ішкі мағына қарама-қарсылыққа ие болуы тілімізде жиі кездеседі. Антонимдерге тән басты қасиет – олардың мағыналарының қарсы мәнге ие болуы десек, фразеологизмдердегі ішкі мағына қарама-қарсылығын антонимия құбылысының ауқымында қарастыруға әбден болады деп ойлаймыз.

«Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінде» берілген фразеологиялық топтардың мән-мағынасына зер сала келе, олардағы мынадай ішкі қарама-қарсылыққа негізделген фразеологизмдерді анықтадық:

1) **Алақанын [қолын] жаяу** фразеологизмі 1) *телміріп, дәме етті, тіледі* деген мағынасын білдірумен қатар 2) *қолын жайып бата, тілек айту* деген мағынаға ие. Бұл жерде бір ғана фразеологизм бір нәрсені «сұрау», не оның қарсы жағы – «беру» әрекетіне қатысты қолданылады. Бір фразеологизмнің бойынан табылатын осындай мағына қарама-қарсылығы тек контексте ғана айқын көрінеді. Мысалы: 1) *Қаланың әр жерінде бір қол жайып, қайыр тілеп отырған қарттарды көргенде Сәбиттің аяныштан өзегі өртенеді* («Жас алаш»). 2) *Оны өзіңіз де сезіп отырған шығарсыз. Маған керегі сіздің батаңыз, – дейді Қошқарұлы Жәнібек. Сол кезде би қолын жайып батасын беріпті* (Ел аузынан).

2) **Белшесінен [белуардан] бату** фразеологизмі 1) *үлкен олжаға кенелу* ↔ 2) *қарызға, шығынға бату* деген қарама-қарсы мағыналарды иеленеді. Мысалы: 1) *Қазір біреуге үміт артып отыратын заман емес. Белшемізден қарызға баттық, қол қусырып отыра берсек не болмақ?* («ҚӘҢ») 2) *Екі-үш жыл жаяу қолында болған малды шұрқыратып айдап елге әкелді. Ауылдың жалбыр шапанды, көк етікті, жалғыз есекті кедейі де олжаға белшесінен батты* (Ел аузынан).

1) **Жылқы мінезді [сияқты] адам** фразеологизмінің білдіретін қарама-қарсы мағыналары: 1) *шыдамды, төзімді адам*; 2) *жылқы тәрізді, осқырып кету, қызу қанды адам*.

Мысалы: *Олжас «жақсылықты жылқыданң үйренген «жылқы мінездің ақын» («ҚӘҢ»). Мынадай ақ боранда ығып кеткен қойды іздеп тауып, күн ашылғанша тау аңғарында үйіріп отыру жылқы мінезді Қоспанның ғана қолынан келетін еді* (Т. Ахтанов). *Шымырбайдың бойкүйез, босбелбеу, андасанда дүңк етпе жылқы мінезі де бар* (Б. Тілегенов).

Бірінші мысалда *жылқы мінезді* фразеологизмі адамның жақсы қасиетіне байланысты жұмсалып тұр. Екінші сөйлемде бұл фразеологизм қандай болса да қиындыққа төзе білетін, шыдамды шопанға қатысты қолданылса, үшінші сөйлемде аталған фразеологизм қызу қанды, өзін-өзі ұстай алмайтын, өз эмоциясын бақылай алмайтын адамға қатысты берілген. Яғни, бұл фразеологизмнің алғашқы екі сөйлемдегі мағынасына соңғы мысалда берілген мәні қарама-қарсы келіп тұр.

4) **Бетінен ет кессе де мыңқ етпеу** фразеологизмі адамның қарама-қарсы жақты мінез-құлқына қатысты мағынада жұмсалады. Бірінші мағынасында *шыдамды, мінезі салмақты* адам жайында қолданылады: *Өзі бір бетінен ет кессе де мыңқ етпейтін қиындыққа төзімді жігіт еді* (Б. Тілегенов). Бұл фразеологизмнің екінші мағынасы *безбұйрек, мінезі нашар* адамға қатысты айтылады. Мысалы: *Тарт, Әзімбай арсыз тіліңді! Әкеңнің аузы бармас арамдыққа бетіңнен ет кессе де мыңқ етпей сен барарыңа еш күмәнім жоқ* (М. Әуезов).

5) Әңгімесі іш атқан екен фразеологизмінің өзі іштей 1) сөзі көп мылжың адам; 2) көпті көрген тәжірибелі кісі деген қарама-қарсы мағыналарды білдіреді. Мысалы: *Өзіңіз білесіз ғой, әңгімесі іш атқан, мылжың, аузы жеңіл адамдарды менің суқаным сүймейді* (Ә. Шәріпов)

Көпті өзіне баурап алатын, әңгімесі іш атқан көнекөз қария Ақпанды тұнып тұрған қазына дерсің (О. Бөкей).

6) Құлағыңа алтын сырға фразеологизмі сен тыңдамай-ақ қой, бұл әңгімені естіме деген мағынасымен қатар кейбір жағдайда әзіл ретінде керсінше мағынада да қолданыла береді. Мысалы: *Қазіргі бизнес тұтқасын ұстап жүргендердің құлағына алтын сырға, сол сауда-саттықтың маңайындағылардың төрт құбыласы тең дегенге өзім сене бермеймін* («Айқын») *Ауыл басшыларының құлағына алтын сырға: қалай болғанда да осы ауылдың барлық жетістігі, тауқыметі, әрбір отбасының түтінінің түзу шығуы солардың арқасы ғой* («Хабар-жер»)

Алғашқы сөйлемде құлағына алтын сырға фразеологизмі бизнестегі кейбір азаматтар автордың ойын естімей-ақ қойсын деген түсінікке сай қолданылса, екінші сөйлемде керсінше ауыл басшылары бұл әңгімені естісін деген мәнде жұмсалып тұр.

7) Жер көкке сыйғызбау фразеологизмі де 1) барынша дәріптеді, әбден көтермеледі, асыра мақтады; 2) қудалап еш жерге тұрақтатпады, күн бермеді деген қарама-қарсы мағыналарды білдіреді. Мысалы: *Қай қылығым ұнамағанын білмеймін, жеңгем осы босағаны аттағалы бері маған күн көрсетпей, жер көкке сыйғызбады* (С. Досанов). Бұл сөйлемде жер көкке сыйғызбау фразеологизмі «күн көрсетпеу, тыныштық бермеу» деген мағынасында жұмсалып тұр. *Топ арасына енді келіп қосылған жас ақынды Бәйдібек жер көкке сыйғызбай мақтай жөнелді* («Ана тілі»). Осы сөйлемде жер көкке сыйғызбау фразеологизмі алдыңғы мағынасына қарама-қарсы «дәріптеу, құрметтеу, бағалау» мәнінде қолданылған.

8) Ішегі үзілу: 1) тоқтаусыз көп күлу; 2) тоқтаусыз көп жылау мағыналарын білдіреді. Бұл фразеологизмнің алғашқы мағынасының пайда болуына негіз болған ситуация – қуаныш болса, екіншісіне – қайғыру. Яғни, бір ғана ішегі үзілу фразеологизмнің бойында адамның екі түрлі эмоциялық күйі қарама-қарсы келіп тұр: *Қателеспепін, Аналық жан айқайы мен күйінішін жасыра алмай ішегі үзіле егіліп жылап тұр екен* (О. Бөкей). *ұлбосын Шерубайдан бір өшін алғандай ішегі үзіле қарқылдап күлгенді* (І. Есенберлин).

9) Жанын беру фразеологизмі де контексте іштей қарама-қарсы мәнді білдіреді. Мысалы:

– *Қариялар сипақтаңқырап қысқа сәлемдесті де, әңгіме бетін күрт бұрды. Орағыта сөйлеп кеп, кіші ұлдың шайқаста елі үшін, жері үшін жанын бергенін естіртті* (Б. Тілегенов). Бұл сөйлемде «жанын беру» тұрақты тіркесі «өлді, дүние салды, қайтыс болды» деген мағынасында жұмсалған, дәл осы мағынасында бұл фразеологизм сөздік қолданыста жиі ұшырасады. «Жанын

беруң фразеологизмінің беретін екінші қарама-қарсы мағынасы «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінде көне қолданыста: *діни ұғым бойынша өлген адамды қайта тірілту, жандандыру* (181б.) деп түсіндірілген. Олай болса, «*жанын беруң* фразеологизмі: 1) өлді, қайтыс болды ↔ 2) тірілді, жанданды деген қарама-қарсы мағынаны білдіреді.

Сонымен, келтірілген мысалдардан ішкі қарама-қарсылық фразеологиялық бірліктерде де кеңінен көрініс табатынын аңғардық. Көбінесе бір фразеологизмдегі ішкі мағынаның қарама-қарсылығы адамның жағымды немесе жағымсыз мінез-құлқына, оның дұрыс және бұрыс әрекетіне қатысты көрінеді. Сондай-ақ бір фразеологизмнің бойында екі қарама-қарсы мәннің көрінуін тек контексте ғана анықтай аламыз.

Қарсы мәнді фразеологизмдердің контекстегі ерекшеліктері. Контекст - фразеологизмдердегі қарама-қарсылықтарды анықтаудың бірі. Фразеологизмдердің контекстегі ерекшеліктерінің көрінуі тоғыз түрі бар. Солардың кейбір мыналар: -Фразеологиялық антонимдер бір сөйлемнің ішінде қатар беріледі. -Контексте лексикалық бірлікке фразеологизм қарсы мәнде қолданылады. -Лексикалық антонимдер мен фразеологиялық антонимдер контексте қатар жұмсалады. -Контексте фразеологизмге фразеологиялық синонимдер антоним болып кездеседі. -Контексте антонимдер жеке, дара қолданылады.

Контекстегі фразеологизмдердің стильдік фигуралары.

Контекстегі антоним фразеологизмдердің стильдік фигуралары: антитеза, акротеза, амфитеза, альтернатеза, бірлесу, диатеза.

Антитеза – құбылыс немесе дерексіз ұғымдарды қарама-қарсы қою, шендестіру арқылы жасалған және құрылымы жағынан әртүрлі болып келетін антонимдер. Мысалы: *таң ағарып атқаннан ымырт байланғанға дейін;*

Акротеза – қарама-қарсы құбылыстардың өзін теріске шығара отырып, басқа құбылыстарды қатарластырып мақұлдау. Оның жасалу жолдары *емес* көмекші етістігі, болымсыздықты білдіретін жұрнақтар, және *жоқ* сөзі арқылы. *О дүниелік емес, бұ дүниелік;*

Альтернатеза – айтушы не жазушы антоним түзетін қарама-қарсы сөздердің бірін таңдау арқылы ойын жеткізеді. Мысалы: *жайраң қағып қуану, ағыл тегел жылау;*

Диатеза – мәтінде антоним түзген сөздер арқылы айтушы немесе жазушының құбылысқа нақтылы көз жетпеуі, өз ойын екі жақты мақұлдауы. Мысалы: *көз жететін жер де емес, жердің түбі де емес.*

Фразеологизм құрамындағы кейбір компоненттер өзара қарсы мәнде айтылмай, бірақ мәнмәтінде /контексте/ антонимдік мағына жасайды: *Қысқа күнде қырық рет шабу, Мұңын мұңдау, жырын жырлау;* Бұлар прагматикалық антонимдер деп аталады.

1. Фразеологизмдердегі энантиосемия.
2. Қарсы мәнді фразеологизмдердің контекстегі ерекшеліктері.
3. Контекстегі антоним фразеологизмдердің стильдік фигуралары.
4. Акротеза, Амфитеза.
5. Альтернатеза, бірлесу, диатеза.

ТАПСЫРМА

- Жаттығудан фразеологизмдерді тауып, мағыналас тіркестермен алмастырыңыз.

№14

Еркіндіктен қол ұзу қанша ауыр болғанмен, адам баласы бірте-бірте бәріне де көндігеді екен (Қ.Жұм.). Бірін-бірі қағытып қалжындасып, мысқылдап күлісіп, кейде қызыл кеңірдек болып, болымсызға дауласып кетеді (М.Ә.). Қарымсақтың жолдастыққа жарарлық жігіт болып келе жатқанын жасынан танып қол ұшын бере жүретін (Ж.Ахмади). Кәне, кім қанша қол шығарады? Әуелі шама-шарқымызды бір мөлшерлеп алайықшы. Сонан соң көрпемізге қарай көсілеміз. (Қ.Жұм.). Солар қолтығына дым бүріккен соң барды, әйтпесе Жақсылыққа бұл Қайрат қайдан келді? - дескен (М.Ә.). Әскерлеріңіз оқ атым жерде айнала қоршап тұрсын (Ертегілер). Жанардың үйде жалғыз екенін білгенде, қуанышым қойныма сыймады (Б.Соқп.). Сенің ұлың мен қызың атанып, бауырыңа бауыр басып, өсіп едік қой. (Р.Мұқанова). Басым айналып, сұлқ түсіп отыра кеттім. Айнала құлаққа ұрған танадай тым-тырыс (Д.Исаб.). Асқардың қабағына да қақ тұрып қалды (Ғ.Мүсір.). Әбілмәмбет хан осы жолы жиналған жұртты таңқалдыратын бір қызық ой тастады: -Ойрат әулеті өлкемізге өрт салып, халқымызды қан қақсатқан ата жауымыз екені рас (Қ.Жұм.). Енді міне тағы ұры қылмақсың... Қай әкеңнің көз құны бар еді менде, еңбекші баласында, -дей жүріп, күле келе басқа да бір-екі теуіп кеткен болатын (М.Ә.). Ол жылдары қамшысынан қан сорғалаған дер кезі болса, қазір алпысқа таяп қалды (Ғ.Мүсір.).

Тест сұрақтары

1. «*enantios* – қарама-қарсы, *sema* – белгі, таңба» деген ұғымды білдіретін терминді көрсетіңіз:

- 1.полисемия
- 2.омонимия
- 3.энантиосемия
- 4.синонимия

2.бір сөздің мағына қарама-қарсылығы дегеніміз -

- 1.энантиосемия
- 2.синонимдер
- 3.омонимдер
- 4.көпмағыналы сөздер

3. Энантиосемияны антонимдерден бөлек қарастырудың себебі не?

1. сөздер немесе тіркестер омонимдерге ұқсас болғандықтан
2. сөздер немесе тіркестер антонимдік жұп құрай алатындықтан
3. сөздер немесе тіркестер полисемиялы болғандықтан
4. сөздер немесе тіркестердің ішкі мағына қарама-қарсылығы тек контексте ғана ашылатындықтан

4.Энантиосемияны антонимдерден бөлек қарастырудың себебі не?

1. сөздер немесе тіркестер полисемиялы болғандықтан
2. сөздер немесе тіркестер омонимдерге ұқсас болғандықтан
3. сөздер немесе тіркестер антонимдік жұп құрай алмайтындықтан
4. сөздер немесе тіркестер синонимдерге ұқсас болғандықтан

5.Құбылыс немесе дерексіз ұғымдарды қарама-қарсы қою, шендестіру арқылы жасалған және құрылымы жағынан әртүрлі болып келетін антонимдер қалай атайды?

- 1.акротеза
- 2.антитеза
- 3.альтернатеза
- 4.диатеза

6. «жайраң қағып қуану ↔ ағыл тегіл жылау; жүрегінің түгі бар ↔ қоян жүрек, аузы жеңіл ↔ аузы берік, қандай стильдік фигуралар арқылы жасалған?

- 1.акротеза
- 2.антитеза
- 3.альтернатеза
- 4.диатеза

7. «көз жететін жер де емес, жердің түбі де емес» қандай стильдік фигуралар арқылы жасалған?

- 1.акротеза
- 2.антитеза
- 3.альтернатеза
- 4.диатеза

8.«О дүниелік емес, бұ дүниелік»; қандай стильдік фигуралар арқылы жасалған?

- 1.акротеза

2. антитеза
3. альтернатеза
4. диатеза

9. Контексте 1) *Сұлу, әдемі, мүсінді; 2) еті тірі, пысық, жылпос* - мағыналарын беретін фразеологизмді көрсетіңіз:

1. аузымен құс тістеген
2. үріп ауызға салғандай
3. жүзіктің көзінен өткендей
4. зәрі қайтты

10. *Қолы ашық - қара қазан; мойны босады - қолы тимеді; шөлі қанды - қаны кепті* фразеологизмдері қандай фразеологизмдер:

1. антонимді
2. мағыналас
3. вариант
4. көп мағыналы

15 Тақырып

Фразеологизмдердегі көпмағыналылық пен омонимия

Тіл – өз халқының өркениетін, мәдениетін, әлеуметтік құрылысын, дүниетанымын бейнелеумен қатар, келер ұрпақтың ұлттық сана-сезімін қалыптастыруда маңызды және шешуші рөл атқарады. Осы тұрғыдан алғанда қазақ тіл білімінде соңғы жылдары басты назарда болып отырған антропоцентристік бағыттағы зерттеулердің нәтижелері арқылы этностың өткендегі өмір сүру тәжірибесі мен қазіргі болмысының және табиғи, рухани, мәдени құндылықтарының тілдегі көріністері түрлі салаларда, әсіресе, лексикалық және фразеологиялық құбылыстарда кездесетіні дәлелденіп отыр. Сонымен қатар тіл біліміндегі антропоцентристік фактор тілді талдау жүйесінің аспектілерін, тілдік және сөйлеу категорияларының арақатынасын, қызметін жаңаша қарастыруға мүмкіндік береді. Бұл ретте ұлттық болмыстың, ұлттық дүниетанымның тілдегі нақты көрінісі болып табылатын фразеологизмдердегі көпмағыналылық құбылысы да ескерілуі тиіс.

Қазіргі кезеңде тіл біліміндегі көптеген зерттеу жұмыстары тілдегі ұлттық сипатты, ұлттық танымды, ұлттық рухты тануға, танытуға негізделген. Ұлттық мәдениеттің дерегі ретінде тілдегі фразеологизмдер түрлі қырынан қарастырылуда. Фразеологизмдерге де лексикалық бірліктер сияқты көпмағыналылық құбылысы тән. Тілдегі бір сөздің көпмағыналы болуы сол сөздің жан-жақты мағыналық тарамдалып көбеюіне, баюына ұйытқы болады. Көпмағыналылық – тіл дамуының негізгі көрсеткіштерінің бірі. Кез келген тілдің түсіндірме сөздіктері жеке лексеманың көпмағыналылығын арнайы мысалдармен дәйектеп отырады. Содан барып,

тіл байлығы жеке сөздердің өптігімен ғана емес, оның мағыналық қырларының молдығымен де өлшенеді.

Көпмағыналы фразеологизмдердің туындауына о баста пайда болған еркін тіркестің тұрақтануымен қатар қоғамдық даму заңдылықтарындағы факторлар әсер етеді. Өйткені тіл түрлі даму жағдайларынан тыс қалса, этнос тілінің жұтаңдығын тудырып, тілдік қор аясын тарылтады.

Жеке сөздерге қарағанда полисемия құбылысы – көпмағыналылық тұрақты тіркестерде сирек кездеседі. Қазақ фразеологиясындағы көпмағыналылық туралы І.Кеңесбаев, Ә.Болғанбаев т.б. пікірлері болмаса, бұл мәселе жүйелі зерттелмеген. (2010ж. Б.Нағасбекованың «Қазақ тіліндегі фразеологизмдердің көпмағыналылығы» деген зерттеу еңбегі жазылған).

Фразеологизмдердің семантикалық категориялары ретінде полисемантизмнің саны көлемді болмаса да ажырата білудің теориялық және практикалық маңызы бар.

- ◆ Көпмағыналы фразеологизмдердің мағыналық құрылымын анықтау алдымен лексикографиялық еңбектерді түзуге керек.
- ◆ Қазақ тіліндегі көп мағыналы фразеологизмдердің санын есепке алу қажеттігі де бар.
- ◆ Фразеологизмдер бірден көпмағыналылыққа ауыспайды. Полисемияның себебін анықтау үшін тілдегі ішкі фактор, мәселен, стильдік және экстралингвистикалық фактор, қоғамдағы әлеуметтік әр түрлі жағдайлардың әсері талданады. Қоғамдағы болып жатқан өзгерістер ұқсас ассоциацияны тудыратындықтан, кейбір фразеологизмдердің мағынасы бірте-бірте полисемияға ұшырайды. Бірақ бұл өте ұзақ процесс.
- ◆ Көпмағыналылық фразеологизмдердің барлық түрінде кездеспейді. Оның себебі мағынасы неғұрлым тұрақтанған идиом тіркестерден гөрі, ауыспалы мағынадан, метафоралық тәсілдерден жасалған фразеологиялық бірліктер көпмағыналылыққа бейім келеді.

Осы аталғандардың ішінде тұрақты тіркестерде көпмағыналылықтың пайда болуына тілдің ішкі, сыртқы себептері басты фактор екендігін естен шығармау керек.

Фразеологизмдердің өзі көбінесе метафораланудың нәтижесінде еркін сөз тіркесінің ауыспалы мағынада қолдануынан жасалатыны белгілі. Олай болса, фразеологизмнің жаңа мағынасы сол бұрын жасалған еркін сөз тіркесінің параллель дамуы арқылы пайда болады. Демек бір фразеологизмнің әр түрлі мағынасы оның алғашқы және соңғы ауыс мағынасының ара қатысына тәуелі емес. Оның әрқайсысы сол өзі пайда болған бұрынғы тура тіркес мағынасына ұмтылады.

Сондай-ақ, көпмағыналы фразеологизмдердің мағыналары бір-бірімен үнемі тура, ауыспалы, негізі және туынды қатыста болады деген пікірлер үстем. /Н.Шанский/

Егер көп мағыналы сөздердің даму процесі мәнмәтінге /контексте/ тәуелділігі аз болып келсе, ал бір мағыналы фразеологизмнің өзі мәнмәтінде шектеулі боп келетінін ескерсек, онда көп мағыналы

фразеологизмнің мағынасын контексте аналитикалық тәсілмен жұмсалуды бақылауға болады. Мұның өзі көп мағыналы фразеологизмнің контексте оның дамуына кәдімгідей әсер етеді., яғни шектейді. Көп мағыналы фразеологизмдердің мағыналық дамуына олардың семантикалық құрылысы көп әсер етеді. Егер фразеологизм сманьткалық жағынан бөлінбейтін, компонент құрамына мағына тәуелді болмағандықтан, олардың арасында көп мағыналық пайда бола бермейді. Мәселен, идиом тұрығысындағы фразеологизмдерде мүлдем кездеспейді. Компоненттер арасындағы семантикалық байланыстың сақталуы полисемияның дамуына әсер етеді. Бұл, әсіресе, фразеологиялық бірліктер арасында көп байқалады.

Фразеологизмдердегі көпмағыналық туралы пікірлерді жинақтай келе, бір фразеологизмнің көп мағыналығын айқындау үшін мына белгілер ұсынылады:

- ◆ Фразеологиялық бірліктер құрамындағы компоненттердің семантикалық еркіндік дәрежесі сақталады.
- ◆ Әр мағынаның түрлі мазмұнда жұмсалуды үшін бір ойдың түрлі зат, құбылыспен ортақ байланысы болуы керек.
- ◆ Егер компоненттер арасындағы байланыс әлсіреп, мағыналары мүлдем алыс, мағыналық байланыс болмаса, онда көпмағыналылық емес, омоним фразеологизмдер пайда болады.
- ◆ Полисемиялы фразеологизмдер әр түрлі сөз табынан болады және әр түрлі синтаксистік қызметте жұмсалады.
- ◆ Мағынаның жұмсалудағы фразеологизмдер біркелкі грамматикалық байланыста болмайды.
- ◆ Фразеологизмдердің түрлі мағынада жұмсалудына интонацияның да әсері бар.

Соған байланысты, І.Кеңесбаев көпмағыналылықтың екі түрлі жасалу жолы бар деп көрсетеді: жалғаса және жарыса туатын мағына.

Фразеологиялық полисемияның мағыналық құрылымы екі сатыдан тұрады. Бірі – фразеологизмнің **ең алғашқы, негізгі мағынасы**, екіншісі – кейін пайда болған **туынды мағынасы**. Соңғы мағынаның тууына фразеологизмнің алғашқы мағынасы себеп болса, соңғы мағына алғашқы мағынаның жасалуына негіз бола алмайды.

Көпмағыналық құбылысының жекелеген сөздерде, атауларда екі мағынадан жоғары, тіпті кейде он мағынаға дейін таралым аясы байқалса, фразеологиялық тіркестер арасындағы көпмағыналылықты контекстегі мағыналық бірлігінен ғана анықтап, мағыналық айырымдарын ажыратуға болатындығы белгілі болды. Мысалы, Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінде

БЕЛІН СЫНДЫРДЫ

1. Мерт қылды. Бұл – жеке тіркес күйінде тұрғанда-ақ бірден түсінілетін, алғашқы атауыштық мағынасы.
2. Беделін түсірді, сүйенішінен айырды, қолын қысқартты. Мұнда контекстік мысал келтірілмей, тіркестің мағынасы айқындалмайды.

Тарту қылып мен тұрмын, Құралай атты қызымды, қырық жігітімді өлтіріп, сындырма менің белімді (М.З).

ДӘМІН АЛДЫ (ТАТТЫ).

1. Татып көрді. *Ептеп бағып есерге ем таба алмай, тәтті тамақ жей алман дәмін татып (Абай).*

2. Мәнісін біліп қалды, тіршілік тетігін түсінді. *Махаббат, қызық кім көрер, оның да дәмін татпаса?*

Сөздікте келтірілген мысалдағылардай фразеологиялық тіркестердің көпшілігі негізгі мағынаға ие болғандығы байқалды. Сонымен қатар үш-төрт мағынада көрініс тапқан тіркестер де бар. Бірақ аса көп емес. Мысалы:

БАС КӨТЕРДІ.

1. Орнынан тұрды, ұйқыдан оянды. *Төсектен бас көтерісімен Зейнеп төбеге сәл-ақ жетпей тұрған шарайнаның алдына келді (Ө.Қ).*

2. Жазылды, аурудан айықты. *Ауру басын көтеріп, тамаққа қарапты (А.Т.).*

3. Қарсы тұрды, қарсыласты. *Халық бұқарасы патша үкіметіне қарсы бас көтеріп ереуіл жасауда еді (С.К.)*

БЕРЕКЕСІ КЕТТІ (ҰШТЫ, ҚАШТЫ).

1. Әбігер болды, абдырады, асып-састы, құты қашты. *Емханаға жатқан әйелінің сырқаты бәсеңдеу орнына күшейе берді. Одан кейін қызметімде береке қалмады (С.М.).*

2. Ауыз бірлігі болмады. *Бертін келе ұрпақтары жайыла түскен сайын араларын алауыздық кернеді де, берекелері ұшты (Б.С.).*

3. Сәні кетеді, тәртібі бұзылады. *Расында февраль туды-ақ, Алматының көшесінен береке қашады. Бірде көктайғақтанса, бірде қар ағыл-тегіл еріп... көктем буы аспанға көтеріледі (М.И.) [4, 152 б.].*

Көп мағыналықтың жалғаса туындауы.

Көп мағыналық етістік және есім мәнді фразеологизмдерде кездеседі. Әсіресе етістік фразеологизмдерде мағына байланысы айқын ажырытылып тұрады.

Қазақ тілінде **тұсау кесер** деген фразеологизм бар. Фразеологиялық сөздікте екі мағынаса тіркелген:

1. Жас баланың тұсауын кесерде жасалатын жиын-той. 2. Жастарға өнер жолында сәт сапар тілеу мағынасында айтылады деп көрсеткен./5266/.

Бұл фразеологизмнің жасалуына этнографиялық **тұсау кесу** ұғымы негіз болған. Фразеологизмдегі көпмағыналықтың бірте-бірте даму нәтижесі өмірдегі әлеуметтік өзгерістерге қатысты. Жиын-тойдағы айтылатын жақсы тілек мағынасы тереңдей келе, қоғамдық ортадағы болып жатқан ұқсас жағдайға байланысты **сәт сапар** тілеу мағынасына ұласты. Ал қазіргі кезде осы тіркестің үшінші мағынасы пайда болды. Қоғам дамуында кейін көрініс беріп жүрген бір жаңа ғимаратты немесе жаңа құрылған ресми ұйымдарды ашу салтанатты түрде жұртқа таныстырылатын болды.

Міне, осы рәсім тұсау кесер деп аталды және тілдік қолданыста жиі айтылатындықтан қалыптасып кетті. Аталған соңғы мағына жалғаса туатын көпмағыналықтың бір мысалы. О бастағы ситуациядағы ұқсастық пен мағынадағы ішкі байланыс көп мағыналықтың тууына себепкер болады.

Мысалы: **Көзі ашылу** → 1.Санасы, сезімі ояну
2.Бір нәрсеге қолы жету
3.Қиындықтан құтылу
4.Білім алу

Келтірілген мысалда ауыспалы метафоралық негізгі мағына **көзі ашылу** тіркесінің осы 4 мағынасы сөздікте тіркелеген. Бұлардың бәрі жалғаса туған мағыналар. Сол сияқты:

Дәмін тату → 1.Тағамның дәмін көру.
2.Әр түрлі жағдайда күн кешу

Тілі шығу → 1. Жас сәбидің алғаш рет сөйлеуі
2.Әдеттегіден тыс сөйлеу, күтпеген ойды айта бастау

Көзін шел басу → 1.Соқыр болу
2.Еш нәрсені байқағысы келмеу
3.Тоқмейілсу, надандық.

Бұл мысалдардың фразеологиялық көпмағыналық – негізгі мысалдағы ой, мағына ортақтығының бір ұғымды білдіруіне байланысты тізбектеле, жалғаса туып отыр. Сонымен көп мағыналықтың жалғаса тууына ықпал ететіндер:

- ◇ Барлық мағынаға тән ұқсас ситуация
- ◇ Ортақ метафоралық ауыспалы қолданыс
- ◇ Ішкі мағына байланысы

Көп мағыналықтың жарыса туындауы.

Жарыса туатын көп мағыналық жалғаса туатын көпмағыналыққа қарағанда **жарыса туындау** деген атынан да белгілі өзара көпмағыналы фразеологизмдердің әрқайсысының мағынасы жеке-жеке параллель дамып, тең дәрежеде көрінеді. Бірақ негіз фразеологизмдегі жарыса туындаған көп мағыналыққа мағына ортақтығымен қатар, әр түрлі ситуация әсер етеді.

Көп мағыналы фразеологизмдердегі әр түрлі ситауцияны мына мысалдан көруге болады:

Көңілге алу ↓

1.Ниет ету, мақсат ету

2.Ренжу

Мысалы: *Жүзіктің көзінен өткендей* ↓

- 1.қу, жылпос
- 2.пысық
- 3.сүйкімді, сұлу

Көңілге алу, жүзіктің көзінен өткендей тіркестердің басқа мағыналарында өзара ассоциациялық байланыс болғанымен, олардың семантикасында жалғаса туған мағына сияқты мағына жақындығы жоқ, өйткені жарыса туған көп мағыналықтың әрқайсы тең дәрежеде. Фразеологизмдердің арасында көп мағыналық жалғаса туындауға қарағанда жарыса туындау нәтижесінде көбірек дамиды.

Ассоциациялық байланыс бірнеше ситуацияға негіз болатын мысалдар:

Аузына түсу ↓

- 1.Біреуге жем болу
- 2.Ойға сап ету.

Өліп кете жаздау ↓

- 1.сұғанақтық көрсету
- 2.кез-келген іске жан-тәнін салу
- 3.қатты ұялу
- 4.жақсы көру, өбектеу.
- 5.ашкөздік

Мағына ортақтығы бір фразеологиялық тұлғадан көрінеді. Бейнелеу, сипаттау кезінде айтушы ауыспалы метафоралық мағына арқылы бірнеше көріністің суретін бір-ақ ауыз сөзбен жеткізе алады. Мұндай тіркес мағынасының сан түрлі мағыналық қырлары жалғаса туатын көп мағыналықтан жарыса туатын көп мағыналықтың ерекшеліктері бар. Олар:

- ◇ Жарыса туындаған көп мағыналықта алғашқы мағына соңғы мағынаға негіз бола алмайды.
- ◇ Жарыса туатын көп мағыналық үшін әр түрлі ситуация қажет.
- ◇ Тіркестер арасында ассоциациялық байланыс болғанымен, олардың семантикасында жалғаса туған мағына сияқты мағына жақындығы болмайды.
- ◇ Жарыса туған көп мағыналықтың әрқайсысы тең дәрежеде дамиды.
- ◇ Негізгі мағынадан алшақтап, мағыналық байланыс үзілсе омоним тіркестерге айналады.

Омоним фразеологизмдер

Фразеологизмдердің семантикалық парадигмаларының ішінде сирек те болса омоним тіркестер де кездеседі. Көп мағыналы фразеологизмдердің кейбір қатарларында омоним тіркестердің ұшырасып отыруы тілдік факт ретінде сөздіктерге енген. Және жеке-жеке реестрге алынған.

Жалпы омонимдердің пайда болуының бір жағы көп мағыналыққа қатысты. Полисемиялы тіркестер арасында мағыналық байланыстың үзілуінен омоним фразеологизмдер бөлінеді. Бұлар бір кезде өзара байланыста болған, бірақ көп мағыналықтың әрі қарай ыдырау процесі мен семантикалық тұтастықтың әлсіреуінен ұқсас категориялар болып қалыптасқан. Омоним тіркестерді І.Кеңесбаев жарыса туған екі мағынаның ең алшақ типі деген. Алайда ең алшақ типтерді тауып, мынау көп мағыналы, мынау омоним тіркес деп тану бұлардың арасында бір кезде аралық мағынаның болуы себепті екеуін ажыратудың қиындығы лексикалық омонимдер мен полисемияны ажыратудың қиындығынан да күрделі.

Омоним фразеологизм болу үшін тіркестер арасында мағыналық байланыс болмауы керек.

Мысалы:

Есі кету ≠

1.Қуаныштан

2.Қорыққаннан

Мысалда оппозициялық екі түрлі ситуация бар. Алайда *қорыққан мен қуанған бірдей* деген мақалды еске алсақ, шынында адамның ішкі эмоциясы бет әлпетінде бірыңғай ұқсас қимылдарды туғызады. Содан барып сыртқы көріністегі ұқсас ассоциация сақталып, бірақ ішкі мазмұн, мағына мүлде басқа жағдайды қорыққанын немесе қуанғанынын суреттейді. Демек екі тіркестің арасында ешбір мағыналық байланыс жоқ. Көп мағыналықтың жарыса туған түрлерінің арасынан омонимдерді іздеу, ажырату оңайға түспейді.

Ал мына мысалда да ұқсас ситуация, бірақ мағыналық байланыс байқалмайды.

Ауыз ашу ≠

1.Бір нәрсеге таңқалу

2.Ораза кезінде ауыз ашу

3.Сөйлей бастау

Бірінші тіркестің бейнелі мағынасы адамның таң қалған жағдайдағы аузы ашылып қарауы, тыңдауы т.б. физиологиялық сәтін суреттейді. Екінші тіркесте рамазан айында мұсылман жұртының ауыз бекіту ұғымына қарсы мәндегі ауыз ашу, тамақ ішу мағынасы берілген. Ал үшінші мағынасы бойынша адресанттың айтуы, сөйлей бастауы деген ұғым қалыптасқан.

Кейде көп мағыналыққа қатыссыз дыбысталу мен жазылуында кездейсоқ ұқсастығы бар омоним фразеологизмдер кездесіп қалады.

Мысалы:

Бас жару ≠

1. Ожарлық әрекет жасау
2. Өсімдіктің гүлдеуі

Ат қою ≠

1. Қаралы үйге атпен ой бауырымдап келу
2. Нәрестеге ат, есім беру

Ала көңіл ≠

1. Арам ниет, күдік
2. Көңілі бөліну, алаңдау

Тіркестер омоним фразеологизмдер деп танылу үшін мынадай белгілер болуы керек:

◇ Омоним фразеологизмдер көп мағыналы тіркеске ұқсайды, бірақ тіркестер арасында өзара мағыналық байланыс болмайды.

◇ Айтылуы мен жазылуы бірдей омоним тіркестер кейде кездейсоқ жасалуы да мүмкін.

СҰРАҚТАР

1. Көп мағыналықтың жалғаса туындауы
2. Көп мағыналықтың жарыса туындауы
3. Омоним фразеологизмдердің жасалу жолдары
4. Көпмағыналық пен омонимияның контекстік ерекшеліктері

ТАПСЫРМА

Жаттығудан фразеологизмдерді тауып, көпмағыналы тіркестер жасау.

Омоним тіркестер

№15

-Әй, Құнанбай! Мен сені оқтан аяп ем жаңа, сен мені отқа салдың ба? (М.Ә.). Айшуақтың отымен кіріп, күлімен шығып, ертеден қара кешке дейін бір дамыл көрмеді (С.Омаров). Қалалық кітапхана оқушыларына арнап жаңа кітаптың тұсау кесер рәсімәін өткізді. («Айқын»). Шаршағандықтан ат үстінде құр сүлдері. Қарабайдың сөзі оның жүргегіне шаншудай қадалды (І. Есенб.) Арадағы келісім бойынша, ел орынға отырып, қас қарайған мезгілде, ауылға ақырын аяндап Ерасыл да жақындады (Қ.Жұм.). Үш ұйықтаса түсіне кірмеген дүние. Аузын ашып отырып қалған Мәдиге көзін алартып бір қарады да, шыға жөнелді. («ЕҚ») Бұның санасы көз алдындағы сұмдықты қабылдағысы келмеген-ау, шамасы, қабылдаса да мойындағысы келмеген-ау, шамасы, әлде, ә дегендегі бір секунд, қас қағым сәт өгізаяң сағатқа айналды ма, әйтеуір бұл

сары кілем үстіне тамған қара күрең қанның соншалықты мардымсыз екенін байқап үлгерген (Әкім Тарази.). Қандай қысылшаң жағдайға, қияметтің қыл көпіріне тап келсе де, Кенесары ақыл-айламен жол тауып, аман құтылып отырды (Хан Кене). Ақымақ, екінші рет біреудің қалтасына түсуші болма! – деді де... тамақ ішуге жүріп кетті (Д.Исаб.). Дүние қырық пышақ қырсыққа түскен шақты Қазақтан президентінің ұлтына, тіліне, дініне қарап өз азаматтарын бөлшектемеген бағытына қолдау білдіреді («ЕҚ»). ...Сергелдеңге түсіп, суға батып бара жатқан адамның күйін кешкен басқа басылым басшыларының құлағына алтын сырға! («ҚӘ»).

Тест сұрақтары

1. Көп мағыналықтың жалғаса тууына ықпал ететін не?

1. Барлық мағынадағы ассоциация
2. Ортақ метафоралық ауыспалы қолданыс
3. сыртқы мағына байланысы
4. тілдік фактор

2. Көп мағыналықтың жалғаса тууына ықпал ететін не?

1. барлық мағынадағы ассоциация
2. эпитеттік қолданыс
3. ішкі мағына байланысы
4. тілдік фактор

3. Көп мағыналықтың жалғаса тууына ықпал ететін не?

1. барлық мағынаға тән ұқсас ситуация
2. эпитеттік қолданыс
3. сыртқы мағына байланысы
4. тілдік фактор

4. 1) *Діңкеледі, шаршады*; 2) *лажы қалмады*; 3) *не істерін білмеді* - мағыналарына сәйкес келетін полисемиялы фразеологизмді көрсетіңіз.

1. ат үсті
2. бой бермеу
3. жайын ауыз
4. дымы құрыды

5. Омонимді фразеологиздерді көрсетіңіз:

1. мұрнына су жетпеу, аяғы көктен келу, көңілі тоймау
2. қас пен көздің арасында, күн арқан бойы көтерілу
3. ат қою, көзі ашылу, аузын ашу, қол көтеру
4. көңілі қалу, қаны қайнау, ойы бұзылу

6. *Көзі ашылу* → 1. Санасы, сезімі ояну

2. Бір нәрсеге қолы жету

3. Қиындықтан құтылу

4. Білім алу -

көпмағыналылық қалай пайда болған?

1. ұқсас ситуация мен ішкі мағына байланысы
2. эпитеттік қолданыс
3. тілдік фактор
4. сыртқы мағына байланысы

7. *Өліп кете жаздау* ↓

1. сұғанақтық көрсету

2. кез-келген іске жан-тәнін салу

3. қатты ұялу

4. жақсы көру, өбектеу.

5. ашкөздік -

Фразеологизмі көпмағыналылықтың қай түрі?

1. синонимдері
2. көпмағыналылықтың жалғаса туындаған түрі
3. көпмағыналылықтың жарыса туындаған түрі
4. антонимдері

8. *Есі кету* ≠

1. Қуаныштан

2. Қорыққаннан

фразеологизмі:

1. синоним
2. омоним
3. антоним
4. көпмағыналы

9. Омоним фразеологизмдер деп танылу үшін қандай белгілер болуы керек?

1. омоним фразеологизмдер көп мағыналы тіркеске ұқсайды, бірақ тіркестер арасында өзара мағыналық байланыс болмайды.
2. айтылуы мен жазылуы бірдей омоним тіркестер болмайды
3. омоним болу үшін көпмағыналылық болу керек
4. тіркестер арасында өзара мағыналық байланыс болады

10. Омонимді фразеологиздерді көрсетіңіз:

1. екі иығынан дем алу, қабағынан қар жауу,
2. шегіркеден қорыққан егін екпес, ұзын арқау кең тұсау
3. мұрнына су жетпеу, аяғы көктен келу, көңілі тоймау
4. ала көңіл, бас жару, ауыз ашу, есі кету

Мысалдар алынған әдебиет:

Айтмауытов Ж. Шығармалар. -Алматы. Жазушы. 1989 ж.

Айтматов Ш.. Шығармалар. -Алматы. 1985.

Айтматов Ш. Ғасырдан да ұзақ күн. –Алматы, 2005

Ахмади Ж. Дүрбелең. -Алматы. 1990.

Ахмади Ж. Жүрек қартайса ажал аңду салады. – Алматы, Қайнар, 2000.

Әуезов М. Шығармалар. I-6т. Алматы. 1979-1980.

Бөкей О. Таңдамалы, 1т. –Алматы. 1994.

Жұмаділов Қ. Дарабоз. –Алматы. 1994.

Есенберлин І. Көлеңкемен қорғай жүр. –Алматы. 1970.

Есенберлин І. Қаһар. – Алматы. 1976.

Ертегілер жинағы. 2- 3 т. –Алматы. 1988.

Иманғазина Б. Тауқымет. –Алматы. 1990.

- Исабеков Д. Шығармалар. 1- 2т. –Алматы. 1993.
Кәрменов Ж. Ғашықтық тіл. –Алматы. 1988.
Кекілбаев Ә. Үркер. –Алматы
Кекілбаев Ә. Махаббат мұнарасы. –Алматы. 2005.
Қабанбаев М. Айшылық алыс жол. – Алматы. 1987.
Құмарова Ш. Жердің тұзы. –Алматы. 1991.
Мағауин М. Кертолғау. –Алматы. 2006.
Мағауин М. Жармақ. –Прага. 2007.
Мұқағали.М. Шығармалары. 4 том. –Алматы. 2002
Мұқанов С. Сұлушаш: Роман мен повесть. – Алматы, 2002.
Мұқанова Р.Мәңгілік бала бейне. – Алматы.
Мұқаев Б. Дүние кезек. –Алматы. 1997.
Мұртаза Ш. Ай мен Айша. – Алматы. 1997.
Мүсірепов Ғ. Таңдамалы. 1-3 т. – Алматы. 1980.
Найманбаев Қ. От пен ойын. –Алматы. 1989.
Нұржекеев Б. Жау жағадан алғанда. –Алматы. 1990.
Нұрмағамбетов Т. Таңдамалы .1-2 т. –Алматы. 2006.
Нұрпейісов Ә. Қан мен тер. –Алматы. 1976.
Омаров С. А. Жаз. -Алматы. 1990. 2 т.
Сабыржанұлы Ж. Өкпелесең өзің біл. --Алматы. 2001
Сәмитұлы Ж. Сергелдең. –Алматы. 1996.
Соқпақбаев Б. Менің атым Қожа. –Алматы. 1976.
Тарази Ә. Жаза . - Алматы, 2001.
Тұрлыбаев Ж. Райымбек батыр. 2-кітап. –Алматы. 1992.
Ізтілеуұлы Т. Шығармалары. 3 том. –Алматы. 2007.
Хан Кене. –Алматы. 1993.

Газеттер

- «Алматы Ақшамы»
«Ана тілі»
«Қазақ әдебиеті»
«Егемен Қазақстан»

Пайдаланылған әдебиет

- Авакова Р. Фразеологиялық семантика. – Алматы 2002.135б.
Айғабылұлы А. Қазақ тілі морфонологиясы мен лексикологиясы. – Алматы, 2006. – 270 б
Апресян Ю.Д. Лингвистическая семантика. Синонимические средства языка. – Москва, 1974. – 366 с.

- Аханов К. Жалпы тіл білімі. – Алматы, 1989.
- Ахманова О.С. Словарь лингвистических терминов. – Москва, 2004. – 560 с.
- Әміров Р.С., Әмірова Ж. Жай сөйлем синтаксисі: Оқу құралы. – Алматы: Санат, 1998. – 192 б.
- Байжанов Б. Антонимы в туркменском языке: Автореф. дис. канд. филол. наук. – Ашхабад, 1985. – 26 с.
- Балақаев М., Томанов М., Жанпейісов Е., Манасбаев Б. Қазақ тілінің стилистикасы. – Алматы, 1966. – 205 б.
- Барсикьян С.А. К вопросу об антонимах слов и фразеологических единиц в современном русском языке // Вопросы фразеологии. – Самарканд, 1976. – Вып. 10. – С. 89-91.
- Бизақов С. Вариант сөздер сөздігі. Алматы, 1995.
- Бизақов С. Варианттылық және әдеби норма. Алматы, 2001.
- Бизақов С. Сөз нұсқалары және балама атулар- Алматы, 2008.- 505 б.
- Болғанбаев Ә. Қазақ тілінің синонимдер сөздігі. – Алматы, 1975. – 307 б.
- Болғанбайұлы Ә., Қалиұлы Ғ. Қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы, 1999, 2003.
- Будагов Р. Введение в науку о языке: Учебное пособие. – М., 1958. – 431 с.
- Верацагина Е.М., Костоморов В.Т. Язык и культура. – М., 1990.
- Виноградов В.В. Избранные труды. Лексикология и лексикография. – М., 1977.
- Гобачевич К.С. Вариантность слова и языковая норма. – Л, Наука, 1978.
- Горелов И.Н. Энантисемия как столкновение противоречивых тенденций языкового развития // Вопросы языкознания. – 1986. – № 4. – С. 86-95.
- Жуков В.П., Жуков А.В. Русская фразеология. – М., 2006. 401 с.
- Жұмабекова А. Қазақ тілінің антонимдер сөздігі. – Алматы, 2000.
- Жүсіпов А. Қазіргі қазақ тіліндегі қарама-қарсылықтың коннекторлары: Филол. ғыл. канд. дис. – Астана, 2004. – 154 б.
- Иванин М. О военном искусстве при Чингисхане и Тамерлане. 2-е. Изд. Алматы: "Санат", 1998.-240 б.
- Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы, 1977.
- Қазақ әдеби тілінің сөздігі. 1-7... томдары – Алматы, 2006-2009.
- Қазақ тілі. Энциклопедия. – Алматы, 1998. – 50
- Қазақ тіліндегі синонимдер. – Алматы, 1970.
- Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 1-10 том. – Алматы, 1974-1986.
- Қожахметова Х. Фразеологизмдердің көркем әдебиетте қолданылуы. Алматы, 1974.
- Қожахметова Х.Қ., Жайсақова Р.Е., Қожахметова Ш.О. Қазақша-орысша фразеологиялық сөздік. – Алматы, 1988. – 219 б.
- Львов М.Р. К вопросу о типах лексических антонимов //Русский язык в школе. – 1970. – № 3. – С. 71-75.
- Маслова В.А. Введение в когнитивную лингвистику. – М., 2007. 295 с.

- Миллер Е.Н. Природа лексической и фразеологической антонимии. – Самарканд, 1990. – 216 с.
- Молотков А.И. Основы русской фразеологии. Л, Наука, 1977.
- Мусин Ж. Қазақ тілінің антонимдер сөздігі. – Алматы, 1984. – 176 б.
- Новиков Л.А. Антонимия в русском языке. – Москва, 1978. – 245 с.
- Нұрмұханов Х. Сөз және шеберлік. – Алматы, 1987. – 288 б.
- Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы. – Алматы, 1991. – 216 б.
- Попова З.Д., Стернин И.А. Когнитивная лингвистика. – М., 2007. 304 с.
- Прохорова В.Н. Энантисемия в современном русском языке // Вопросы русского языкознания. Изд. Московского университета. – 1976. Вып. 1. С. 157- 164.
- Сарбасова Қ.Б. Қазақ тіліндегі етістікті фразеологизмдердің лексика - семантикалық сипаты: Филол. ғыл. канд. дәрежесін алу үшін жазылған диссертация. – Алматы, 1999. – 114 б.
- Сарыбаев Ш. Қазақ тіл білімі мәселелері. – Алматы: Арыс, 2000. – 624 б.
- Сатенова С.К. Қазақ тіліндегі қос тағанды фразеологизмдердің тілдік және поэтикалық табиғаты. – Алматы, 1997. – 183 б.
- Сәрекенова Қ.Қ. Қазақ фразеологизмдерінің стильдік саралануы: Филол. ғыл. канд. дис. – Алматы, 2001. – 129 б.
- Сидоренко М.И. О фразеологических антонимах русского языка // Русский язык в школе. – 1969. – № 3. – С. 94 - 97.
- Сидоренко М.И. Парадигматические отношения фразеологических единиц в современном русском языке: Автореф. дис. канд. филол. наук. – Ленинград, 1986. – 32 с.
- Синонимдер сөздігі. – Алматы, 2001.
- Смағұлова Г. Мағыналас фразеологизмдер сөздігі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2010.
- Смағұлова Г. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері. – Алматы, 2010.-249 б.
- Смағұлова Г. Фразеологизмдердің варианттылығы. – Алматы, 1996.
- Смағұлова Г.Н. Фразеология. (Арнаулы курстар бойынша әдістемелік құрал). – Алматы, 2003.
- Смағұлова Г.Н. Қазақ фразеологиясы лингвистикалық парадигмаларда. – Алматы, 2010.-277 б.
- Соколова Н.Л. Антонимия с точки зрения теории оппозиции // Структурно-семантические и коммуникативно-функциональные характеристики языковых единиц: Сборник научных трудов. – Москва, 1989. – 123 с.
- Сыздық Р. Сөздер сөйлейді. Алматы, 2004.
- Сырлыбаева Г.Т. Қазақ тіліндегі қарсы мәнді фразеологизмдердің парадигмалары. Канд. дисс. Автореф. – Алматы, 2006.
- Телия В.Н. Русская фразеология: Семантический, прагматический и лингвокультурологический аспект. Москва, 1996.

- Тіл білімі сөздігі //Жалпы редакциясын басқарған Э.Д. Сүлейменова. – Алматы, 1998. – 544 б.
- Ураксин З.Г. Фразеология башкирского языка. – Москва, 1975. – 192 с.
- Ұйықбаев И.Қ. Қазіргі қазақ тіліндегі варианттылық проблемасы. – Алматы, 1976.
- Үсібалиев Б. Антонимы в киргизском языке: Автореф. дис. канд. филол. наук. – Фрунзе, 1982. – 23 с.
- Фомина М.И. Современный русский язык. Лексикология. – Москва: Высшая школа, 1990. – С. 415.
- Фразеологический словарь русского языка //Под ред. А.И. Молоткова. – Москва, 1968. – 543 с.
- Черепанова И.Ю. Дом колдуньи. Язык творческого Бессознательного. М., 1996.
- Шалабаев Б. Көркем проза тілі. – Алматы, 1994 . – 121 б
- Шанский Н.М. Русская антонимия и ее типология. //Русский язык в национальной школе. – 1974. – № 4. – С. 85-87.
- Шаховский В.И. Лингвистическая теория эмоций. – М., 2008. 412 с.
- Шәкенов Ж. Қазақ тіліндегі күрделі сөздер мен күрделі тұтастықтар. – Алматы, 1991.
- Эмирова А.М. Русская фразеология в коммуникативном аспекте. – Ташкент, 1988. – 89 с.
- Языки мира. Проблемы языковой вариативности. М., Наука, 1990.

ТЕСТ СҰРАҚТАРЫНЫҢ ДҰРЫС ЖАУАПТАРЫ

1 -тақырып	1-4	2-1	3-2	4-3	5-4	6-1	7-2	8-2	9-3	10-2
------------	-----	-----	-----	-----	-----	-----	-----	-----	-----	------

2 -тақырып	1-2	2-4	3-2	4-1	5-1	6-3	7-4	8-2	9-2	10-3
3 -тақырып	1-1	2-3	3-2	4-4	5-2	6-2	7-3	8-4	9-3	10-2
4 -тақырып	1-1	2-3	3-1	4-2	5-4	6-2	7-3	8-4	9-1	10-4
5 -тақырып	1-2	2-2	3-1	4-3	5-1	6-4	7-1	8-1	9-3	10-1
6 -тақырып	1-4	2-1	3-2	4-2	5-1	6-4	7-3	8-2	9-3	10-1
7 -тақырып	1-4	2-3	3-2	4-2	5-3	6-4	7-2	8-4	9-3	10-4
8 -тақырып	1-2	2-4	3-1	4-1	5-4	6-2	7-1	8-4	9-3	10-1
9- тақырып	1-3	2-1	3-4	4-2	5-3	6-3	7-1	8-4	9-2	10-1
10- тақырып	1-3	2-2	3-2	4-3	5-4	6-1	7-4	8-3	9-1	10-4
11- тақырып	1-4	2-1	3-3	4-2	5-4	6-2	7-1	8-3	9-4	10-2
12- тақырып	1-1	2-4	3-1	4-2	5-4	6-1	7-2	8-3	9-2	10-3
13- тақырып	1-3	2-2	3-4	4-1	5-2	6-3	7-1	8-3	9-2	10-4
14- тақырып	1-3	2-1	3-4	4-3	5-2	6-3	7-1	8-4	9-3	10-1
15 -тақырып	1-2	2-3	3-1	4-4	5-3	6-1	7-3	8-2	9-1	10-4

М А З М Ұ Н Ы

АЛҒЫСӨЗ.....

1 Модуль

Қазіргі қазақ тіліндегі фразеологизмдердің варианттылығы.....

1 тақырып

Фразеология пәні мен зерттеу объектісі.....

2 тақырып

Фразеологизмдердің түрлері.....

3 Тақырып

Фразеологизмдердің варианттылығы, пайда болу себептері мен жасалу жолдары.....

4 тақырып

Фразеологизмдердің лексикалық варианттары.....

II МОДУЛЬ

Қазіргі қазақ тіліндегі мағыналас фразеологизмдер.....

5 тақырып

Лексикалық синонимдерден мағыналас фразеологизмдердің айырмашылықтары.....

6 тақырып

Қазақ тіліндегі мағыналас фразеологизмдердің тақырыптық, мағыналық және құрамдық топтары.....

7 тақырып

Жоғары эмоцияны білдіретін фразеологизмдер, фразеологиялық ұлғайту түрлері.....

8 тақырып

Мағыналас фразеологизмдердің стильдік қолданыс ерекшеліктері.....54-55

9 тақырып

Тіл мен ұлттық мәдениеттің арақатынасы.....

10 тақырып

Мағыналас фразеологизмдердегі ұлттық-мәдени ерекшеліктер.....

11 тақырып

Фразеологиялық мағыналардың қалыптасуындағы ұлт менталитетінің рөлі.....

III МОДУЛЬ

Қазіргі қазақ тіліндегі қарсы мәнді фразеологизмдер.....

12 тақырып

Қарсы мәнді фразеологизмдердің семантикалық сипаты.....

13 тақырып

Қарсы мәнді фразеологизмдерді оппозиция әдісі негізінде жіктеу.....

14 тақырып

Фразеологизмдердегі энантиосемия.....

15 Тақырып

Фразеологизмдердегі көпмағыналылық пен омонимия.....

Пайдаланған әдебиет.....

Тест

сұрақтарының

дұрыс

жауаптары.....

Оқу басылымы

Смағұлова Гүлдархан Нұрғазықызы

ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ СЕМАНТИКАЛЫҚ КАТЕГОРИЯЛАРЫ

Оқу құралы

Өңделіп толықтырылған екінші басылым

Компьютерде беттеген және
мұқабасын безендірген *Н.Базарбаева*

ИБ №

Басуға 18.04.2017 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84 1/16
Көлемі 11,12 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылыс. Тапсырыс № 1087
Таралымы 100 дана. Бағасы келісімді.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспасы.
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.
«Қазақ университеті» баспаханасында басылды.